

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИТ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-
МУЗЕЙІ» РМҚК**

**«ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ТАРИХЫ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОНЛАЙН
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

22 қазан, 2021 жыл



ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

**«ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ТАРИХЫ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОНЛАЙН
КОНФЕРЕНЦИЯ**

**УДК 94 (574)
ББК 63,3 (5 Қаз)
А46**

**Баспаға «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің
Ғылыми кеңесі ұсынған (Хаттама №7, 29.09.2021 ж.)**

Бас редактор:

Е.Тажимаев – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі»
РМҚК директорының у.м.а.

Редакция алқа мүшелері:

М.Тастанбеков – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі»
РМҚК директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары
Б.Байболов – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы
М.Тұяқбаев – т.ғ.к., археолог
С.Шәметов – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
Ғылыми зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері

«Тәуелсіздік және Түркістан тарихы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік
онлайн конференция материалдары. Түркістан. 22 қазан, 2021 ж. 150 б.

Бұл ғылыми жинақта отандық ғалымдар мен музей қызметкерлерінің жаңа
көзқарастағы тың зерттеулері топтастырылған. Сонымен қатар, музей ісі және
ескерткіштерді қорғау, туризмді дамытуға байланысты теориялық мәселелер
қарастырылған.

Жинақ жоғарғы оқу орнында білім алушыларға, магистранттарға,
тарихшыларға, философтарға, әдебиетшілерге және дінтанушыларға арналған.

ISBN-----

МАЗМҰНЫ

Қ.Р. Мәдениет және спорт министрі А.Р.Райымқұлованың ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ	4
М.Тастанбеков, С.Шаметов, Б.Байболов, М.Исаев. «ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДІНИ ОРЫНДАР»	6
М.Тұяқбаев, Н.Таджибаев. ШӘЙБӘНИ ӘУЛЕТІНІҢ ТҮРКІСТАНДЫҚ БҰТАҒЫ	13
Н.Ахметжанов, М.Тастанбеков. ТҮРКІСТАНДА ЖЕРЛЕНГЕН АБЫЛАЙ ХАН ӘУЛИЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ	25
Зікірия Жандарбек МОЛДА СЕЙІЛ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР	35
Д.Мұстапаева ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАР	39
Ә.Егеубаева МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ БЕЛДІК ТОҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ	45
Әуезов Қабдол «БАҒАНАЛЫНЫҢ ТӨРТ БОСАҒАСЫ» БИЛІК ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БАБЫР БИ	50
Құралай Дәрмен ОБАЛЫ ҚОРЫМ ҚАЗБАЛАРЫ	56
Искаков Айдар Шарханұлы ҰЛЫТАУ –ЖЕЗҚАЗҒАН Өңірінің Алтын Орда кезеңінің Ескерткіштері Туризм дамуының маңызды бағыты	58
Уркинбаева Айгүл ӘЙЕЛ ӘШЕКЕЙЛЕРІНІҢ КӨРКЕМ ҮЛГІСІ - СЫРҒА	66
Ералиева Салтанат XVI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АСТАНАСЫ – ТҮРКІСТАН	76
Орынбекова Әсем ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ ҚАЙТА ОРЛУЫ	80
Ахметжанов Нұрболат, Тастанбеков Мұрат. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТІ» ҚОРЫҚ– МУЗЕЙДІҢ ҚОРЫНДА	84
Арынова Динара Суиндиқовна ДАСТАРҚАН ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ЭТИМОЛОГИЯСЫ	93
Абдурахитов Ерқожа ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ РУХ» МӘСЕЛЕСІ	100

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
Райымқұлова Ақтоты Рахметоллақызының

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында және Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған «Тәуелсіздік және Түркістан тарихы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның ашылу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын!

«Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі»,-қасиетті шаһар Түркістанда Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған республикалық онлайн конференция жұмысының өтуінде өзіндік орны бар. Себебі, қазақ халқы мен бүкіл түркі жұрты, күллі мұсылман қауымы үшін киелі қала мен әулиелердің сұлтаны, рухани ілімнің көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауидің қадір-қасиеті ерекше.

Ұлы тұлғаға деген тағзымға үлгі ретінде ортағасырлардан бері зәулім кесенесімен әйгілі Түркістан қаласы Қазақ хандығының сан ғасырлар бойы рухани да, ресми де астанасы болып келді. Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған қастерлі хандарымыз бен әйгілі би-батырларымызға да осы киелі Түркістаннан топырақ бұйырып, тәу етер мәңгілік мекенге айналды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Түркістан мен оның ұлы ғимаратын бүгінгі ұрпақ қазақ мемлекеттілігі тағдырымен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі ретінде ардақ тұтады»,-деп киелі қалаға өз бағасын берген болатын.

Олай болса, рухани әрі тарихи-мәдени мұраларды көздің қарашығындай сақтау, қорғау, зерделеу, зерттеу, насихаттау жолында қалтықсыз қызмет етіп отырған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің орны ерекше.

Осы музей қабырғасында ұлтымыздың бүгінгі мен болашағы үшін аянбай еңбек етіп отырған Сіздерге ыстық ілтипатымды білдіре отырып, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған республикалық дәрежедегі игі бастамаларыңызға зор алғысымды білдіремін.

Ғылыми шара ел Тәуелсіздігінің ашылмаған беттерін зерттеп-зерделеу мен тарихи шаһарды одан әрі зерттеуде тың серпін беруіне және түркі

жұртының рухани қазынасының толыға түсуіне өз үлесін қосады деп сенемін.

Конференцияның алдағы жұмысына сәттілік тілей отырып, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға береке, ұжымдарыңызға бірлік тілеймін.

Болашақта да еліміздің тарихи-мәдени және рухани дамуына шын ықыласпен риясыз еңбек ете беретіндеріңізге сенім білдіремін.

Ізгі тілекпен,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі

Райымқұлова Ақтоты Рахметоллақызы

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДІНИ ОРЫНДАР

Адамзат өмір сүрген әр дәуір, әрбір кезең адам баласын өз қарым-қабілетіне қарай ұлы істерге итермелеп отырған. Кешегінің қапысы мен қатесінен сабақ алып, халық бойындағы қабілет пен ақылды, білім мен жігерді жасампаз істерге жұмылдырып, әлемдік маңызы бар ұлы істерді бастауы адамзат баласын алға сүйрер локомотив міндетін атқарды. Әлемдік өркениеттің дамуына үлес қосқан тұлғалар қазақ даласында да жетерлік еді.

Соның бірі, Түркістан қаласындағы жалпы түркілік мәдениет кеңістігінде өзіндік ілім қалыптастырып, «Түркістан пірі», «Әулиелердің сұлтаны» деген аттармен белгілі болған Қожа Ахмет Ясауиді атап өтуге болады. Ұлы тұлғаға арнап салынған теңдесіз ортағасырлық Қ.А.Ясауи кесенесі де әлемдік сәулет өнерінде өзіндік орны мен сипаты бар. Кесене Орта Азиядағы теңдесі жоқ үлкен күмбезімен ерекшеленеді.

Жалпы ортағасырлық Қазақстан қалаларындағы үлкенді-кішілі әртүрлі мешіттер туралы жазба деректер Х-ХІІІ ғасырларда өмір сүрген саяхатшы, тарихшы ибн Хордадбек («Китаб әл-масалик уа-л мамалик» - «Жолдар мен мемлекеттер туралы»), «әл-Мақдиси («Ахсан ат-тақасим уа мағрифат әл-ақалим» - «Аймақтар жөнінде мағлұмат беретін таңдаулы тарау»), әл-Идриси («Китаб нузһат әл-муштақ фи ихтирак әл-афак» - «Шаршағанның көңіл көтеруі мен (әлем) өлкелеріне саяхат») еңбектерінде және Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» қолжазба шежіресінде[1, 29 б.] кездеседі.

Қазақстандағы діни орындарға Орта Азиялық зерттеушілермен қатар Ресейлік ғалымдар да қызығушылық танытты. Діни құрылыстар мен жер асты мешіттері туралы П.Рычков, А.Алексеев, А.Дюгамель, Э.Эверсман, П. Пашино, В.Бартольд, А.Бернштам, В.А.Гордлевский еңбектерінде мәліметтер мен талдаулар көптеп кездеседі.

Діни құрылыстарға жүргізілген археологиялық зерттеу кеңестік кезеңде басталып, тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасын тапты. М.Массон, Б.Засыпкин, К.Шахурин, В.Левина, Н.Немцева, Г.Пацевич, Т.Сенигова, К.Байпаков, Е.Смағұлов, М.Тұяқбаев және т.б. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның маңындағы Үлкен Қылует, Кіші Қылует, Әулие Құмшық ата жерасты мешіттері мен Шілдехана аталатын діни әдет-ғұрып орындарына

археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, олардың құрылысы мен қалыптасу тарихына, қызметіне байланысты пікірлерін білдірді.

Қ.А.Ясауи кесенесіне археологиялық зерттеу Қазан революциясынан кейін 1928 жылы М.Е.Массонның зерттеуінен басталды. [2, 92 б.].

М.Е.Массонның алғашқы археологиялық зерттеуінен кейін де 1939 жылы архитектор Б.Н.Засыпкин жөндеу жұмыстарын жүргізсе, 1952-1957 жылдар аралығында археологтар В.А.Левина мен К.Шахуриналар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізгендігін көреміз. [3, 93 б.].

Зерттеу барысында кесене маңында бірнеше діни орталықтар анықталды. Олардың қатарына «Үлкен қылуат», «Кіші қылуат», «Шілдехана» және «Әулие Құмшық ата» жерасты мешіттері кіреді.

1958 жылы қазан-қараша айларында археолог Н.Б.Немцева Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің солтүстік-батыс қабырғасына жүргізген археологиялық қазба жұмысы кезінде кесененің солтүстік фасадынан 22 м қашықтықта орналасқан жартылай жерасты құрылысын табады. Жер астына орналасуы мен архитектуралық ерекшелігіне қарап бұл құрылыс «Шілдехана» болған деген тұжырым жасалады. Бұндай жерасты құрылысы Ташкент қаласындағы Зайнутдин баба кесенесінде, Самарқандтағы Құсам – ибн-Аббас кесенесінде, Бұқара қаласы маңындағы Баһауддин кесенесінде кездеседі. Сондай-ақ Түркістандағы «Қылуат» жерасты мешіті мен «Құмшық ата» жерасты мешітінде де «Шілдеханалар» болғандығын білеміз. Бұл туралы т.ғ.к. М.Тұяқбаевтың «Түркістан сырлары» атты еңбегінде «Халуат» мешіттері негізінен «Ғар» және «Шілдехана» бөлмелерінен тұрғандығын «Әулие Құмшық Ата», «Кіші Халуат» мешіттерінің құрылысынан байқаймыз және «Шілдеханасы» жартылай жер астында болса «Ғар» бөлмесі міндетті түрде оның еденінің астына орналасады[4, 42 б.].

1958 жылы «Шілдехана» діни құрылысына археологиялық қазба жұмысы жүргізіледі. Зерттеу нәтижесінде «XV ғасырға дейін діни ғұрыптарды өткізу орны болған», -деген тұжырым жасалады. Шілдехана деп қырық күн бойы ғимарат ішінен шықпай тазару үшін құлшылық жасайтын орынды атаған. Кейіннен бұл құрылысқа Т.Н.Сенигова 1972-1973 жылдары археологиялық зерттеу жасады. Сақталып қалған бөлігі жер бетінен 2 м тереңдікте орналасқан. 1980 жылдары ішінара жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Жер асты мешіттерін салу рәсімі қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территорияларын мекендеген халықтар арасында ислам дінімен бірге кең таралған құбылыс. Ясы шаһарында жер асты мешіттері Ахмет Ясауидің заманында нағыз кемелденген шағына жетті. Жерасты мешіттері «Қылуат» деген шартты атауға ие болды. «Ислам. Энциклопедический словарь» атты

кітапта «Қылует» ұғымы XI ғасырдан бастап түркі халықтары арасында пайда болып, XIV ғасырға дейін Таяу шығыс пен бүкіл мұсылман әлеміне тарағаны туралы «Халаватия (түрік. Халаветия) - XIV ғасырдың соңында Иранның солтүстік-батысында пайда болған сопылық бауырластық. Бауырластық алғашқыда түрік халықтарының арасында пайда болып, ортаазиялық түркілік мистикалық мектебінің кейбір идеяларын (Ахмад ал-Ясави) қабылдаған және маламатийа және календарийа дәстүрлерінің ықпалына қатты ұшыраған»- деген анықтама береді[5, 5б.].

Жер асты мешіті Сайрам мешіт құрылысында, Маңғыстау өңіріндегі Шопан ата мешіті, Бекет ата мешіті, Шақпақ ата мешіті, Сұлтан үпі жерасты мешіті, Қараман ата жерасты мешіті, Жоласқан жерасты мешіті, Ишан қожа ата жерасты мешіті, Бұхарадағы Бахаутдин құрылыс кешенінде, Пскент ауданындағы «Янтақ» селосында, Самарқандағы Шахи-Зинда құрылысында, Ташкенттегі Зайнутдин – баба мавзолейінде, және Құсам инб-Аббас мавзолейінде кездеседі. Сондай-ақ, Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнамасында» мұндай мешіттер Отырарда және Сырдың батыс бетіндегі Зернұқ (Уәсидыс) қаласында да болғандығы жазылады.

«Үлкен қылует» жерасты мешітіне археологиялық зерттеу жұмыстары 1940 жылы архитектор А.Л.Шмидт жасаған макеттен басталған деуге негіз бар. «Қылует» жерасты мешітіне жүргізілген археологиялық зерттеулер осы макетті негізге алады. Е.Смағұлов, Ф.Григорьев, А.Итеновтердің «Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана» атты еңбегінде «1940 жылы Үлкен қылует жойылғанға дейін сәулетші А.Л.Шмидт ағаштан және папье-машеден Қылуеттің интерьерінің макетін жасады. Оны XX ғасырдың I-жартысындағы Қылуеттің келбетін анықтау үшін қолдануға болады», - деген пікір білдіреді [6, 138 б.].

«Қылует» жерасты мешітінің 1940 жылдарға дейін жұмыс істеп тұрғаны туралы көнекөз қариялардың ауызша деректері дәлел болса, екіншіден, белгілі орыс ориенталисі В.А.Гордлевский өзінің «Концепции истории Туркестанского святилища» атты еңбегінде «Үлкен Қылует» жерасты мешіті туралы: «XX ғасырдың бірінші жартысына дейін Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанушылар оның құлшылық еткен орнына мыңдап (жиырма мыңға дейін) жиналатын болған», - деген мәлімет береді [7, 136 б.]. Макет бойынша «Қылует» жерасты мешітінің ауданы 20,5x11,5 м¹⁰ және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында түскен [8, 47 б.].

1996 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қаржысымен археологтар т.ғ.к. Е.Смағұлов пен т.ғ.к. М.Тұяқбаевтың жетекшілігімен «Ғар» қабырғасының сыртқы жағынан қазба жұмыстарын жүргізіледі. Қазба кезінде қабырға сыртынан топырақ арасынан

керамикалық бұйымдардың сынықтары табылған. Табылған заттардың бөліктеріне жасалған сараптама олардың X-XII ғасырларға тән екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ғар» қабырғалары қаланған шамамен 24x27 см. көлемдегі қыштар XI-XII ғасырларда кеңінен қолданылғаны белгілі. Бұл туралы М.Тұяқбаевтың «Археологические исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Көлемі 24X27; 25X26; 26x26 см болатын осындай кірпіштер Орта Азияның XI-XII ғғ.көптеген ғұрыптық-мемориалдық құрылыстарынан белгілі, дәл осындай кірпіштер Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің I-кезеңінің қабырғаларын салу кезінде пайдаланылған, олар XIV-XV ғасырлар аралығында кесенеге арнайы жасалған II-кезеңнің кірпіштерінен көлемінің кішілігімен ерекшеленеді. Құрылыстың бірінші кезеңінде олар болашақ кесененің аумағына кіретін ескі ғимараттарды бұзып қабырғалардың төменгі бөліктерін салу үшін пайдаланды, Қылует құрылысының I кезеңдегі кірпіштердің 24 см-ден 27 см-ге дейінгі ауытқуларының себебі осында», -деп жазды. [9, 42-48 бб.].

Т.Н.Сенигова мен Е.Смағұловтардың әр жылдары жүргізген археологиялық зерттеулерінде «Қылует» жерасты мешітінің соғылу мерзімі XV-XVIII ғасыр деп көрсетуі XIII-XIV ғасырларда қам кесектен соғылған көне мешіттің үстіне қайта соғылған мешіт екені анықталды. Алғашқы «Қылует» жерасты мешіті тек екі бөлмеден тұратын ғимарат болған. Олар: «Ғар» үстіне «зікір» салуға арналған дөңгелек бөлме және шаршы формалы михрабы бар мешіт. Уақыт өте келе «Үлкен Қылует» жерасты мешіті қазіргі көлеміне дейін біртіндеп жалғанып кеңейтілген.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырларда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салынуына байланысты бұрынғы қам кесектен салынған қылует бұзылып, орнына күйдірілген қыштан қайта тұрғызылған. Ал, «Ғар» мен шаруашылыққа арналған Солтүтік-батыс бөлігіне тиіспеген. Қам кірпіштен соғылған осы бөлікке бінеше мәрте жөндеу жұмыстары жүргізілгендіктен еден деңгейі едәуір өзгеріске ұшыраған.

XVI ғасырдың екінші жартысында Бұқар ханы Абдулла II Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің порталы мен шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізгені және монша мен медресе салдырғаны белгілі. Осы сапарында «Қылует» жерасты мешітінің қам кесектен соғылған солтүстік-батыс қабырғасының жүдей хәлін (құлап жатуы да мүмкін) көре тұрып жөндеу жұмыстарын жүргізбеуі және жергілікті ірі дін өкілдерінің пікірімен санаспауы мүмкін емес. Сондықтан «Қылует» жерасты мешітінің солтүстік шаруашылық бөлігі күйдірілген қышпен XVI ғасырдың соңғы ширегінде қаланған.

Келесі бір құрылыс «Әулие Құмшық ата» жерасты мешіті. Құмшық ата мешітіне Қазақ ССР тарих, археология, және этнография институты және

Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен бірлескен археологиялық экспедиция зерттеу жүргізген.

Құмшық ата XII ғ. салынған жер асты мешіті. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай бір шақырым жуық жерде, ашық аспан астында орналасқан. Биіктігі 3,4 метр, ұзындығы 15,7 метр, күмбезді бөлмесінің ені 3,5 метр. Бұл ғұрыптық құрылыстың басында тіктөртбұрышты ойық орналасқан. Ойық қылуатке кіретін есік қызметін атқарып, иректелген тар дәлізбен жалғасады. Дәліз шеңбер пішінді бөлмеге алып барады және ол қылуаттің негізгі бөлмесі болып табылады. Осы негізгі шеңбер пішінді бөлме төрт бұрышты соңғы бөлмемен аяқталады. Шеңбер пішінді бөлменің төбесі күмбезделіп, ал төрт бұрышты бөлме шатыр тәрізді жабылған. Бөлмелердің қабырғаларында майшамдар үшін кішкентай қуыстар жасалған. Дәлізі иілген түрде негізгі бөлмелер сияқты, күйдірілген кірпіштен қаланған. Дәліздің орта тұсында жарық түсірілуге арналған құдық пішінді ойық орналасқан.

Ел аузындағы аңызға сүйенсек — Қожа Ахмет Ясауи Қылуаттен жер асты жолы арқылы «Әулие Құмшық ата» мешітіне барып мінәжәт етіп отырғандығы айтылады. Бұл пікірді О.Дастанов «Әулиеелі жерлер туралы шындық» атты кітабында да келтіреді [10, 36-37 бб.].

XII ғ. Құмшық ата да «Ғарда» өмір сүріп, шәкірттері Шілдехана бөлмесінде жиылып құлшылық ғибадаттарын жүргізген деуге толық негіз бар.

Құмшық ата мешітіне 1973-1974 жж. археолог Т.Н.Сенигова алғаш болып қазба жұмысын жүргізіп зерттеді. Нысанға 1985 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2013 жылы мешіт қайта қалпына келтіріліп, ішкі жағы консервацияланып үсті топырақ үйіндісімен жабылды.

1972-73 жылдары «Үлкен Қылуат» жерасты мешітіне археологиялық қазба жүргізген Т.Н.Сенигова Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен солтүстік батысқа қарай 50 метрдей жерден тағы бір жерасты мешітінің құрылысын анықтайды. Өзінің «Культовое сооружение около мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви» атты мақаласында «Ол туралы қаланың көнекөз қарияларынан және Г.И.Пацевичтің сақталған есебінен білдік» [11, 42 б.] деп атап көрсетеді. 2019 жылы дөңгелек формалы, диаметрі 12 м. төртбұрышты күйдірілген кесектен қаланған, қалың қабырғалары 1 метрге дейін жерге отырған. Шатыр белағаштарының бір ұшы қабырғаға үстіне бекітілсе, екінші ұшы қабырғадан 2-2,5 м. дөңгелене қойылған тіреулерге бекітілген. Конус формалы шатыры темірмен жабылып, аймен ұшталған кішігірім күмбезі болған. Ғимараттың ішінде қабырға бойында 30-40 см суфалар болған. Солтүстік қабырғасында

суфа баспалдаққа бекітілген. Ол 3 метр тереңдіктегі жерасты бөлмесіне алып барады. Ол бөлменің аумағы 3x3 м. төртбұрыш формасында» [12, 43 б.].

Ғимарат салыну ерекшелігі мен құрылыс материалына қарағанда X-XII ғасырларға тән.

«Кіші Қылуат» жерасты мешітін 1997 жылы және 2001 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қаржыландыруымен т.ғ.к. М.Тұяқбаевтың жетекшілігімен археологиялық зерттеу қайта жүргізілген.

«Зерттеу нәтижесі бойынша келесідей қорытынды жасалады.

1. 2001 жылғы VII қазба орнында XIX ғасырдың соңына дейін жергілікті жерде құйылып, күйдірілген қыштан салынған үлкен ғимарат болған;

2. Ғимараттың жабдықтары бедерлі өрнектермен безендірілген;

3. Қабырғаларды көміп қалған қалдықтар «Кіші Қылуат» ғимаратының құрылыс қалдықтары болуы мүмкін;

4. Ғимараттың бұзылуы Т.Н.Сенигованың мақаласында көрсетілген (1943) кезеңмен сәйкес келмейді» [13].

Қорыта айтқанда, мәселенің қандайда бір мақсатта зерттелуіне қарамастан жерасты діни ғимараттарға жүргізілген зерттеулер отандық тарих ғылымының дамуы үшін маңызды қадамдар деп баға беруге болады. Жерасты діни құрылыстар өз кезеңі мен одан ерте кезеңдегі барлық сипаттарға ие. Мұнда түркі-ислам ата дәстүрі мен иран сәулет өнерінің синтезі бар.

Түркістандағы жерасты мешіттері түркі халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына жағдай жасаған негізгі орталықтар болса, сопылық ілімнің осылайша кеңінен таралуында да өзіндік ықпалы болды дей аламыз. Бұл туралы ғалымдар тарапынан ұсынылған жаңалықтарды жүйелеу тарихи танымды толықтырады және жаңалайды.

Жерасты діни құрылыстары түркі халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына жағдай жасаған негізгі орталық ретінде, оның кеңінен таралуына өзіндік ықпалы бар бірегей діни құрылыс болып табылады.

Бұл мақалада Қожә Ахмет Ясауи кесенесі маңында орналасқан жерасты діни орындар туралы зерттеулерге талдау жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сафи ад-дин Орын Қойлақы. «Насабнама», Түркістан: Тұран, -1992, - 29 б.
2. Немцева.Н.Б.Известия АНКазССР. «Археологические раскопки у комплекса Ходжа Ахмеда Ясави (158)» стр.92
3. Немцева.Н.Б. Известия АНКазССР. «Археологические раскопки у комплекса Ходжа Ахмеда Ясави (158)» стр.93
4. М.Тұяқбаев. «Түркістан сырлары» Аламты. «Атамұра». 2000 ж. 42 б.
5. Тұяқбаев М. Қылуғет. – Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, - 2009, - 5 б.
6. Е.Смагулов, Ф.Григорьев, А.Итенов. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. Алматы. «Ғылым» 1999 г. Стр. 138
7. Е.Смагулов, Ф.Григорьев, А.Итенов. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. Алматы. «Ғылым» 1999 г. Стр.136
8. Т.Н.Сенигова. Культовое сооружение около Мавзолея Ходжи Ахмеда Ясеви. «Вопросы археологии южного и западного Казахстана». Наука. Алматы. 1977 г. Стр.47
9. М.Тұяқбаев. «Археологические исследование в Большом Хильвете» «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен мен келешегі». Халықаралық ғылым конференция материалдары, Алматы, 2011, III том. 42-48 бб.
10. О.Дастанов «Әулиелі жерлер туралы шындық» Алматы. «Қазақстан». 1967 ж. 36-37 бб.
- 11.Сенигова Т. Н. Культовые сооружения около мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви. Археологические исследования в Отраре. - А.-А., 1977, с. 42;
- 12.Сенигова Т. Н. Культовые сооружения около мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви. Археологические исследования в Отраре. - А.-А., 1977, с. 43;
13. 2001 жылы жүргізілген қазба жұмысының есебі. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры.

М.Тұяқбаев, т.ғ.к., археолог
Н.Гаджибаев, реставратор
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі»

ШӘЙБӘНИ ӘУЛЕТІНІҢ ТҮРКІСТАНДЫҚ БҰТАҒЫ

1996 ж.осы тақырыпқа байланысты «Түркістанда жерленген Әмір Темір ұрпақтары кім еді?» атты мақаланы жергілікті «Түркістан» газетінде жариялап едік [1]. Ол тұста Әмір Темірдің кесенені салдырғаны жайлы (1393-1405 жж.) көптеген мақала баспасөзде жарияланып жатқандықтан бізде өз тарапымыздан Әмір Темірдің шөбере жиен қызы мен шөпшек жиеншарлары жайлы мәліметтерді жариялауды жөн көрген едік. Шын мәнінде, Әмір Темірдің шөбере, шөпшек, немене, жүрежат жиендері болып келетін бұл адамдар атақты Шәйбәнид Әбілхайыр ханның тікелей ұрпақтары болғандықтан тарихи шындықты ашып көрсетуді міндетіміз деп санап осы еңбекті жазуға тура келді.

Орталық Азияның әртүрлі аймақтарында екі ғасырдан астам уақыт бойы негізін Жошы ханның бесінші ұлы Шибан (Сыбан) хан салған Шәйбәнилер әулеті билік жүргізді [2]. Шәйбәнилер әулеттері ішінен саяси жағынан да, әскери күш-қуат жағынан да ең мықтысы Әбілхайыр мен оның Шах Будах деген тұңғыш ұлынан туған Мұхаммед Шәйбәни хан және оның інісі Махмудтан туған Ұбейдолла хандар әулет даңқын асырды. Шибан (Сыбан) ханнан Бахадүр хан, одан Жошы-бұға, одан Байдақұл, одан Мөңке-Темір, одан Болат, одан Ибрагим оглан, одан Дәулетшайых оғлан, одан Әбілхайыр хан туады.

Әбілхайырдың онбір ұлы болды, үлкен ұлы Шах-Будах сұлтаннан Мұхаммед (лақаб аты Шах-бахт) туды, ол жан-жақты білімді, ақылды да батыр қолбасы және тамаша ақын болатын. Өзі жазған жыр-дастандарының соңына атасының (Шибан) атын қосып Мұхаммед Шибани (Шайбани) деп қол қоятын.

Шах-Будах сұлтанның екінші ұлы Махмуд сұлтан еді, одан атақты Ұбейдолла (Абдуллах) хан туады.

Әбілхайырдың екінші ұлы Қожа Мұхаммед еді, одан Жәнібек хан, одан Искандер хан туды, бұл екеуі де ақылы кемдеу адамдар болды, алайда Искандердің ұлы тарихта Абдулла –II, «құрылысшы» деген атпен қалған даңқты қолбасы болды [3]. Міне, осы мемлекет қайраткерлері Шәйбәнилер әулетінің атын әлемге танытты.

Бұл әулет жайлы айтқанда Әмір Темір мемлекеті мен оның әулеті тарихына соқпай кету мүмкін емес. Темірдің үшінші ұлы Мираншах пен

оның інісі Шахрух ұрпақтарының Әбілхайыр әулетімен тығыз байланысы болды.

Әбілхайыр хан, шын мәнінде, өз иеліктерінің көлемін оңтүстікке қарай – Тимуридтер мемлекетінің (1370-1506 жж.) есебінен ұлғайтуға онша ықыласы болмады, алайда, Темір әулетінің өзара қырқысына араласпай тұра да алмады. Соның бір айғағы Әмір Темірдің үшінші ұлы Мираншахтың Мұхаммед деген ұлынан туған, тарихта Әбу-Саид Сұлтан (1451-1469 жж.) деген атпен белгілі жауынгер де батыр, батыл да ақылды, айлакер шөбересі Әбілхайырдан қолдау алып Самарқанды басып алады [4]. Тарихтан Әбу Саидтың Самарқанды 1449 ж. Ұлықбектің қызметінде жүріп (мулозим) те басып алуға әрекет жасағаны белгілі. Ұлықбек пен оның ұлы Әбд әл-Ләтиф Әмударияның жағасында бір-біріне қарама-қарсы әскерлерімен тұрғанда, есебін тауып Ұлықбектен сытылып шыққан Әбу Саид арғын тайпасының көмегіне сүйеніп, Самарқанға жорық ұйымдастырып, қаланы қоршауға алады. Ұлықбек қалаға жақындағанда өз жақтастарымен арғындарға өтіп кетеді, алайда, кейінірек Әбд әл Ләтиф оны ұстап алып Самарқан аркісіндегі түрмеге қамайды. Әбд әл Ләтифке қарсы әмірлер жәрдемімен бұл түрмеден қашып шыққан Әбу Саид Бұхараға өтіп кетеді. Әбд әл-Ләтифті өлтіруді ұйымдастырған Әбу Сайд Самарқанды басып алу үшін 1450-ші жылы тағы бір әрекет жасайды, алайда, Ұлықбектің інісі Сұлтан Ибрагимнің ұлы Мырза Абдулладан жеңіліп қалып Мәуараннахр мен Түркістан аймағында «қазақлық» қылып жүреді. Соңырақ, Ұлықбектің тағы бір інісі Байсұңқардың ұлы Ала ад-Доуленің Мырза Абдулламен Хисар үшін қырқысын пайдаланып Ясы-Түркістанды басып алады да Әбу Саидтың жақтастары Мәуараннахр мен көшпелі өзбектердің арасында көбейе түседі. Бұл жағдай Әбу Саидқа Әбілхайыр ханмен жақындасуға септігін тигізеді, ол алдымен Нақшбандилер орденінің атақты шайхы Қожа Ахрарға барып батасын алған соң ғана Әбілхайыр ханға барып жәрдем сұрайды. Масуд ибн Усман Кухистанидің «Тарих-и Әбу-л-Хайр-хани» атты еңбегінде Әбілхайырдың арнайы адамдары Әбу Саидты бірнеше күн тыңғылықты бақылап, сынап, әңгімелесіп, пікір алысып барып ханға сұлтанның аса бай, өте ақылды, жүректі және мемлекетті басқаруға қабілетті екенін хабарлаған соң ғана оны қабылдағаны жазылған[5]. Хан оғландармен, сұлтандармен, нойондармен және мемлекеттік шенеунік-термен ақылдасып болған соң Әбу Саидпен Самарқанға жарық жасауға келісім береді.

1451 жылдың жазында Әбу Саидтың өзбектермен Самарқанға жорығы өтті, өзбек әскерін Әбілхайыр ханның өзі басқарды. Әбу Саид пен Мырза Абдулла әскерлері 1451 ж. 10 маусымда Бұлыңғыр өзені бойындағы Құтуан деген жерде кездесіп, қырғын соғыстың нәтижесінде Мырза Абдулла толық

жеңіліп, Әбу Саидтың бұйрығымен өлтіріледі. Осылайша Самарқанға ие болған Әбу Саид өзбектерді қалаға кіргізбеу үшін күн сайын Әбілхайырға аса қымбат бағалы сыйлықтар жіберіп тұрады. Ақыры Әбілхайыр Дешті Қыпшаққа қайтуға жиналған кезде оған Ұлықбектің қызы Рабия Сұлтан бегімді Әбу Саид ұзатады (жасауымен, қызметшілерімен, күндерімен т.б . қоса).

Тарихтан Ұлықбектің бес әйелі мен он үш кәнізәгі болғандығы белгілі, сонымен бірге, 10 ұлы және 10 қызы осы әйелдері мен кәнізәктарынан туған [6].

Әбд әл-Ләтиф тізімде Ұлықбектің оныншы ұлы, ол және оның қарындастары Сұлтан Бахт, Ақ Баш және Рабия Сұлтан-бегімнің анасы Рукайя-хатун (Сұлтан). Рукайя-хатун арлат тайпасының көсемінің қызы, ол Ұлықбектің әйелі емес ең бірінші үйленген кәнізәгі, сондықтан да оның ұлдары мен қыздарын Ұлықбектің әкесі Шахрухтың бәйбішесі Гауһар-шад-аға кішкентайынан қолына алып, тәрбиелеп өсіреді. Рабия ең кенже қыз болғандықтан Шахрух өз қызындай көрген болуы керек, оның есімінің Ұлықбектің қыздарының тізімінде де, Темір әулеті шежіресінде де жоқ болуы осы себептен деп қабылдаймыз [7].

« Түркістан қаласына жерленген Әмір Темір ұрпақтары » атты мақаламызда біз Рабианы Ұлықбектің тұңғыш қызы болуы керек деп қате болжам жасағанбыз. Ұлықбек (шын есімі- амирзада Муғис ад-дин Мұхаммед Тарағай бахадүр, 1394 ж. 22 наурызда туылған) өмірге келісімен Әмір Темірдің бесінші әйелі Сарай Мулк Ханымның тәрбиесінде болады. Ұлықбек 10 жасқа толғанда (1404 ж.) Әмір Темір өзінің үшінші ұлы Мираншахтан туған немересі Мұхаммед сұлтанның қызы Ика (Ука-бигим(Угай бегім) үйлендіреді, ал, 16 жасында әкесі Шахрух оны бүкіл Мәуераннахр әкімі етіп бекітеді. Рабия Сұлтан бегім Ұлықбектің әйелдерімен тең дәрежедегі кәнізәгі Рукайядан 1420-1430 жж. аралығында туған болуы керек деп жобалаймыз және ол Ұлықбек қыздарының ең кенжесі-10-шы қызы.

Әбілхайыр хан мен Рабия Сұлтан-бегім үйленген 1451 ж. хан 39 жаста, Рабия 26 мен 30 жастың аралығында болған сияқты. Әбілхайыр 1469 ж. 57 жасында, ал Рабия тағы 17 жыл өмір сүріп 60 жастың ол жақ, бұл жағында өмірден озған болуы (1485 ж.) керек. Бұл екеуінен туған Көшкінші мен Сүйініш хандардың Шәйбәнилер әулетіне жататындығы түсінікті, алайда, әкерлері Әбілхайыр 1469 ж. қайтыс болып, ол құрған Көшпелі өзбек-қазақ мемлекеті бір жылға жетпей сұлтандардың өз ара билікке таласып, қырқысуынан ыдырап кетуіне байланысты, сол тұста 14-15 жас шамасындағы бұл сұлтандар ешбір билікке қол жеткізе алмағандығы

түсінікті. Бұл тұста олардың бас амандығын сақтаудың өзі негізгі мәселе болғандығы, бұл істе Рабияның ел ішінде абыройы мен атағы сеп болғандығы анық.

Әбілхайыр ұрпақтары (10 ұлы болған) өз ара және көршілерімен соғысып жатқанда бұлардың ішінен стратегиялық және әскери істе үздік болған Мұхаммед Шәйбәни (екінші есімі Шах Бахт Шайбани) көзге түсті, ол Шах Будах Сұлтанның (Әбілхайырдың тұңғыш ұлы) ұлы болатын. Айналдырған 7-8 жылда (1500-1507 жж.) Мұхаммед Шәйбәни оңтүстікте-Балх пен Гератты, солтүстікте-Түркістан аймағын, батыста-Хорезм өлкесін, шығыста-Қашғарды өзіне қаратып үлгерді. Темір мемлекеті бұл жерлерге иелігінен толық айрылып, Орталық Мәуераннахр мен оның солтүстігіндегі аймақтарды қамтыған жаңа мемлекет Шәйбәнилер хандығы қалыптасты [8].

Бұл мемлекеттік құрылым құрамына ежелгі заманнан отырықшылық жазиралары ретінде белгілі Ясы-Түркістан, Сауран, Ташкент, Ферғана жазығы, Самарқан, Бұхара, Қашқардария және Балх енді, Шәйбәнилер қолында бұл аймақтар ХҮІ ғ. аяғына дейін болды. Мұхаммед Шәйбәни хан (толық есімі –Әбу-л-Фатх Мұхаммед аш-Шайбани) 1510 ж. 29 қарашасында қаза тапты. 1509 ж. 6 сәуірінде Шәйбәни хан өз астанасы Сығанақтан Түркістанға зиарат етіп келген болатын. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде оның ертеректе қайтыс болған әйелі Махдәлиә жерленгендігі белгілі, ол ханның үлкен ұлы Мұхаммед Тимур Сұлтанның анасы еді [9].

Одан бұрын, 1508 ж. 9 желтоқсанында Бұхараға келген Шәйбәни хан қол астындағы жерлерді жақындарына бөліп берді: немере ағасы Көшкінші сұлтанға Түркістан қаласы мен аймағын, Сүйініш-қожа-ханға-Ташкент қаласын, Бахтияр Сұлтанның ұлы Хамза сұлтанға Хисар мен Чаганиан уәләтың, немере інісі Убейдоллаға Бұхараны, өз ұлы Мұхаммед Тимур-Сұлтанға Самарқанды, оның ұлы Пулад-сұлтанға Хорезмді билік ету үшін тапсырады [10].

Жоғарыда аты аталған Мұхаммед Шәйбәни ханның атасы Әбілхайыр мен Рабиадан туылған Көшкінші (кітапта Кучум) мен Сүйініш-қожа-хандар өз тұстарында үлкен билікке ие болғандар, мысалы 1509 ж. 23 ақпанда Арқұқ қаласы (қазіргі Артық ата) тұсынан Сырдың оң жағасына өткен Шәйбәни хан барлық әскерлерін көру үшін жиналуға бұйрық береді. Мұнда Түркістан, Ташкент, Әндижан, Ходжент, Шахрухия және басқа уәләяттардан әскерлер жиналады, осы жиынға Түркістаннан Көшкінші хан отыз мың әскерімен келеді, оның 10 мыңы атты әскер болды, ал, Сүйініш-қожа-хан болса іріктеліп алынған, тек өзбектерден тұратын, бірлігі, ұйымшылдығы мықты және жоғары әскери дайындығы бар 10 мың атты әскерімен келді [11].

Мұхаммед Шәйбани хан Мерв түбінде парсылық Сефевидтер әулетінің шахы Исмаил I мен 1510 ж. қараша айында соғыста қоршауға түсіп қалады. Сүйініш-қожа-хан өз әскерімен көмекке ұмтылады, бұл кезде ол Ташкент пен Түркістан уәләяттарын билейтін. Самарқанға жақындағанда Шәйбәни ханның қаза тапқанын есітіп, шұғұл түрде, Шәйбәни мемлекетінің астанасы Самарқанға әскерімен кіреді. Осында ол « өзбектердің жаңа хаканы » деп жарияланып оның құрметіне хұтба оқылады. Исмаил шахтан қауіп күткен қалған Шәйбәниді бұл істі қолдайды. Осылайша Сүйініш Қожа хан 1510 жылдың желтоқсанынан 1512 жылдың қазанына дейін Шәйбәниді жоғарғы хаканы (ханы, билеушісі) міндетін атқарады. Бабыр Мырза (тимурид) Мәуараннахрды жаулап алып (1512 ж.), сол жылы Шәйбәни ханның немере інісі Ұбейдолла хан оны қайта қайтарып алған соң өзін « жоғарғы хакан » деп жариялайды, алайда, басқа Шәйбәниді қысымы мен « қасиетті Жаса заңдарының талабына » сәйкес, әулеттің жасы үлкені Көшкінші ханға жоғарғы билеуші тағын беруіне тура келді. Мұның нәтижесінде Көшкінші хан мен Ұбейдолла сұлтан 1512-1530 жж. аралығында Бұхара хандығын бірігіп биледі, дегенмен, мемлекет астанасы Самарқан деп есептелді [12]. Сонымен бірге, Сүйініш Қожа ханға Ташкент пен Түркістан қалдырылып « жоғарғы билеушінің орынбасары » деген лауазым берілді.

Шәйбәни ханның қайғылы қазасынан кейін (1510) оның тағына немере ағалары, жастары келген: Сүйініш Қожа хан (аз уақытқа) мен Көшкінші хан 20 жыл бойына (1510-1530) отырды. Олардың екеуі де аналары Рабияның қасында, отырықшылық жағдайда тәрбиеленіп, білім алған болуы керек. Көшкінші ханның тарихи әдебиетке қызыққаны белгілі. Ол тәжік тілін жақсы меңгерген Мұхаммед Әли-бен Дәруіш-Әли-йи Бұхариға Рашид-ад-Диннің белгілі тарихи еңбегі « Тарих-и Ғазаниді » тәжік тілінен өзбек (шағатай) тіліне аударуды тапсырады, мұнымен қоса Шараф ад- Дин Иездидің Әмір Темір тарихы жайлы еңбегін де аудартады [13]. Бұл жайлы тұңғыш рет ғалым В.В.Бартольд өзінің «Отчет о командировке в Туркестан». деген еңбегінде : « Любопытно и, кажется, ново-известие, что при Кучкунджи-хане были переведены с персидского языка на турецкий «Тарх-и Газани» Рашид ад-Дина и «Зафер-наме» Шерреф ад-Дина Иезди» деп жазады [14].

Көшкінші хан өмір бойы намазын үзбеген, тақуа жан болды. Үнемі оқып –жазумен айналысып, поэзияға да аса құштар еді. Мемлекет басшысы болғанымен сыртқы істерді, түрлі соғыстарды негізінен інісі Сүйініш Қожа хан жүргізді. Көшкінші хан Бұхарада, Сүйініш Қожа хан Ташкент пен Түркістанда қоныстанды.

Сүйініш Қожа хан жас шағында-ақ әкесі Әбілхайыр ханмен түрлі жорықтарға қатысып тәжірибелі қолбасшыға айналды. Оның Моғолстан ханы шағатайлық Сұлтан Саидпен Ташкент, Бисканд үшін соғыстары, Көшкінші және Мұхаммед Шәйбанимен бірігіп Ташкент үшін, Ұбейдолламен бірігіп Қаршы үшін Бабырмен соғыстары тарихтан белгілі. Бұларға қоса Ферғананы Сұлтан Сайдтан Қазақ ханы Қасымнан Ташкентті қоғауы Мұхаммед Хайдар Дулатидің « Тари-и Рашиди » еңбегінде баяндалады [15].

Көшкінші мен Сүйініштен тараған ұрпақтар Шәйбәнилер әулетінің Түркістандық бұтағына жатады десек қателеспейміз. Олардық аналары Рабия Түркістанда, әкелері Әбілхайыр Сығанақта жатқанымен Көшкінші мен Сүйініштің өз ұрпақтары Самарқанда, Ташкентте, Бұхарада орналасқан алты мазаратта жайғасқан.

Самарқандағы алғашқы мазарат-дахма (биік сыпа) Шәйбәнилерге арналып Әли медресесінің ауласында (Мадраса-йи Алийа) орналасты. 1504 ж. мұнда алғашқы жерленген адам Мұхаммед Шәйбәни ханның туған ағасы Махмуд Сұлтан болды, 1509 ж. мұнда олардың анасының сүйегі Бұхарадан көшіріліп әкелінді. 1510 ж. мұнда Шәйбәни ханның өзі, 1514 ж. ұлы Тимур Сұлтан да осында жерленеді Бірнеше жыл өткен соң бұл дахма оңтүстік-шығысқа қарай 70-80 м көшірілді. Самарқандағы 1960-62 жж. ескі қаланы қайта құру кезінде дахма тағы да көшіріліп Регистан алаңына орнатылды.

Екінші қабірханада Көшкінші хан мен оның ұрпақтары жайғасқан, ол Регистан алаңының оңтүстік бөлігіне орналасқан. Бұл қабірхананы қала тұрғындары «Чихил Духтаран» (Қырық қыз) деп атап кеткен. 1920-30 жж. аралығында қабірхананың күмбезі құлап түседі де ондағы құлпытастар сүйегімен Шир-Дор медресесінің жанындағы Дәріс ханаға көшіріледі.

Самарқанан оңтүстік - шығысқа қарай 4-5 км жерде Барақ хан дахмасы орналасқан (Қожа Ахрар мазараты территориясында).

Тағы бір Шәйбәнилер мазары Түркістанда, Рабия Сұлтан бегім кесенесінде жайғасқан.

Ташкентте Шайх Хаван Таур (Шайхантаур) мазарында Мұхаммед Шәйбәнидің қызы Джамал Ханым, Бұхарадағы Баха ад-Дин Нақшбанд мазарында Убейдолла хан мен Абдолла-II ханға арналған дахма орналасқан.

Әбілхайыр ханды Сығанақта жерленген деп Рузбехан да, Қадырғали Жалайыр да жазады.

I. Регистан алаңындағы алғашқы Шәйбәнилер дахмасы **Әбілхайыр хан ұлы Көшкінші хан ұрпақтары**

1. Қибақ Мұхаммед сұлтан (1525 ж.қ.б.), Әбу Саид Сұлтан ұлы, Көшкінші хан немересі
2. Мұхаммед Шағатай Сұлтан (1552 ж.қ.б.) Әбд әл-Ләтиф ұлы, Көшкінші хан немересі
3. Нұр Әзиз Ханым (1550 ж.қ.б.), Сүйініш Мұхаммед Сұлтан қызы, Қибақ Сұлтан немересі, Әбу Саид хан шөбересі, Көшкінші хан шөпшегі
4. Сүйініш Мұхаммед Сұлтан (1586 ж.қ.б.), Қибақ Сұлтан ұлы, Әбу Саид хан немересі, Көшкінші хан шөбересі

II.Регистан алаңының оңтүстік бөлігінде орналасқан Чихил Духтархан мазары

1. Шахрух Сұлтан (1522 ж.қ.б.), Әбу Саид Сұлтан ұлы, Көшкінші хан немересі
2. Мұхаммед Жуки Сұлтан (1522 ж.қ.б.), Әбу Саид Сұлтан ұлы, Көшкінші хан немересі
3. Бәди әл-Жамал Ханым (1512 ж.қ.б.), Әбу Саид Сұлтан қызы, Көшкінші хан немересі
4. Салиха Сұлтан (1522 ж.қ.б.), Көшкінші хан қызы
5. **Әбу-л-Мансүр Көшкінші хан (1531 ж.қ.б.), Әбілхайыр хан ұлы**
6. Барақ Сұлтан (1531 ж.қ.б.), Әбу Саид Сұлтан ұлы, Көшкінші хан немересі
7. **Әбу-л-Ғазы Әбу Саид хан (1533 ж.қ.б.), Көшкінші хан ұлы**
8. Шахр Бану Ханым (1542 ж.қ.б.), Әбу Саид хан қызы Көшкінші хан немересі
- 9..... Сұлтан Ханым (1535 ж.қ.б.), Әбу Саид хан қызы, Көшкінші хан немересі
- 10.Бахтияр Сұлтан (1538 ж.қ.б.), Абдаллах хан ұлы, Көшкінші хан немересі
11. **Абдаллах хан (1540 ж.қ.б.), Көшкінші хан ұлы, Әбілхайыр хан немересі**
12. Қариағди Ханым (1549 ж.қ.б.), Әбд әл-Ләтиф хан қызы, Көшкінші хан немересі
13. **Әбу-л-Ғазы Әбд әл-Ләтиф (1552 ж.қ.б), Көшкінші хан ұлы, Әбілхайыр хан немересі**
14. Әбу-л-Фатх Құдай Берді Сұлтан (1568 ж.қ.б.), Әбу Саид хан ұлы Көшкінші хан немересі
15. Абдаллах Сұлтан (1576 ж.қ.б.), Әбу-л-Фатх Музаффар Сұлтан ұлы, Жауан Мард Сұлтан немересі, Әбу Саид хан шөбересі, Көшкінші хан шөпшегі

16. Жауан Мард Әли Сұлтан (1583 ж.қ.б.), Әбу Саид хан ұлы, Көшкінші хан немересі

17. Аппақ бегім (1592 ж.қ.б.), Жауан Мард Сұлтан қызы, Әбу Саид хан немересі, Көшкінші хан шөбересі

18. Ләтифа Ханым (1621 ж.қ.б.), Әбу-л Хайыр Сұлтан қызы, Әбу Саид хан шөбересі, Көшкінші хан шөпшегі.

19. Рәбия Сұлтан Ханым (1632 ж.қ.б.), Жауан Мард Сұлтан қызы, Әбу Саид хан немересі, Көшкінші хан шөбересі

20. Қариағди Ханым (1646 ж.қ.б.), Әбу-л Хайыр Сұлтан қызы, Жауан Мард Сұлтан немересі, Көшкінші хан шөпшегі

21. Бахадүр Сұлтан (1568 ж.қ.б.), Құдайберді Сұлтан ұлы, Әбу Саид хан немересі, Көшкінші хан шөбересі

22. Әджәм бегім (—) , Жауан Мард Әли хан қызы, Әбу Саид хан немересі, Көшкінші хан шөбересі

23. Иззат Ханым (1573 ж.қ.б.), Жауан Мард Сұлтан қызы, Әбу Саид хан немересі, Көшкінші хан шөбересі

24. Шах Суар Сұлтан (1573 ж.қ.б.), Әбу Саид хан ұлы, Көшкінші хан немересі

III. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Рабиа Сұлтан бегім кесенесіне қойылған Әбілхайыр хан ұрпақтары

1. Рабиа Сұлтан бегім (1585 ж.қ.б.), Ұлықбек әмір қызы, Шахрух әмір немересі, Әмір Темір шөбересі

2. **Сүйініш хан (1525 ж.қ.б.), Әбілхайыр хан ұлы**

3. Құл Мұхаммед Сұлтан (1523 ж.қ.б.), Келді Мұхаммед Сұлтан ұлы, Сүйініш хан немересі, Әбілхайыр хан шөбересі

4. Мүбәрәк Шах Сұлтан (1519 ж.қ.б.), Келді Мұхаммед Сұлтан ұлы, Сүйініш хан немересі, Әбілхайыр хан шөбересі

5. Мәстура Ханым (1519 ж.қ.б.), Келді Мұхаммед Сұлтан қызы, Сүйініш хан немересі, Әбілхайыр хан шөбересі.

Осы жерде айта кететін бір нәрсе, ол Келді Мұхаммед Сұлтанның да Түркістанда жерленгені жайлы дерек, мұны 1485-1556 жж. өмір сүрген тәжік тарихшысы әрі жылнамасышысы Заин ад-Дин Васифидің «Таңқаларлық оқиғалар» атты естелік кітабынан көре аламыз. Онда, Васифи, Келді Мұхаммед Сұлтан қайтыс болған соң Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңына жерленгендігін, ал оның өзіне (Васифиге) құлпытасқа арнап қаралы жыр-«марсийа» жазуға тапсырыс берілгендігін және Самарқаннан келген тасқа жазу жазатын каллиграф-бәдізшілердің бұл жырды көптен күтіп

жатқандығын айтады [16]. Яғни, келесі алтыншы сүйек Келді Мұхаммед Сұлтандікі, ол 1529-1533 жж. аралығында қайтыс болған, алайда, оның құлпытасы бізге дейін жетпеген, сірә кесенедегі көптеген жөндеу жұмыстары кезінде жоғалса керек.

Тағы бір түзететін жағдай Б.М.Бабажанов қазақ ханы Жәнібектің қызы Аман бике Ханымды Сүйініш Қожа ханның ұлы Барақ ұрпағы деп шатастырады. Құлпы таста былай жазылған «... Аман бике Ханум, дочери Джанибек Хана, сына Барак хана...».

Сүйініш ханның ұлы (тарихта Наурыз Ахмет деген атпен белгілі) Барақ хан деген болған, бірақ оның Жәнібек деген ұлы жоқ, Жәнібек деген інісі бар, алайда оның Аман бике деген қызы жоқ. Сонымен бірге, Наурыз Ахмет (Барақ хан) 1501-1503 жж. аралығында туған, ал құлпытастағы Аман бике 1519-1520 жж. қайтыс болған, бұл кезде Наурыз Ахмет (Барақ хан) бар жоғы 17-18 жастағы бозбала, қалайша Аман бике оның немересі болмақ? Ал, қазақ ханы Барақ Қойыршық ханның ұлы, Ұрыс (Орыс) ханның немересі болып келеді және ол 1428 ж. қайтыс болған. Барақтың ұлы Жәнібек Керей сұлтанмен бірген Қазақ хандығын құрушы, шамамен 1480 ж. дейін билік еткен, өлген жылы белгісіз. Оның ұлы Жәдік сұлтан 1519ж. қаза тапқан, ал бізде жерленген Аман бике Ханым оның әпкесі немесе қарындасы болуы керек, ол да 1519-1520 жж. қайтыс болған, яғни, құлпытас тап осы кісінікі [17].

IV. Қожа Кәфшір елді мекендегі Қожа Ахрар мазары (Самарқаннан оңтүстік-шығысқа қарай 4 км жерде)

- 1. Барақ (Наурыз Ахмет) хан (1556 ж.қ.б.), Сүйініш хан ұлы**
2. Хақима Сұлтан Ханым (1544 ж.қ.б.), Дәруіш хан қызы, Барақ хан немересі, Сүйініш хан шөбересі
3. Майва Жан Ханым (1555 ж.қ.б.), Қожа Мұхаммед (Бұрындық) Сұлтан қызы, Әбу-л-Хайыр Сұлтан немересі, Хамза Сұлтан шөбересі, Жәнібек сұлтан шөпшегі, Сүйініш хан неменесі
4. Хадиша Сұлтан Ханым (1590 ж.қ.б.), Тахир Мұхаммед Сұлтан қызы, Барақ хан немересі, Сүйініш хан шөбересі
5. Айша Сұлтан (Хан Бибі) (1595 ж.қ.б.), Наурыз Ахмет (Барақ) хан қызы, Сүйініш хан немересі
6. Фатима (1596 ж.қ.б.), Қасым Сұлтан қызы, Наурыз Ахмет (Барақ) хан немересі, Сүйініш хан шөбересі

7. Сахыбжамал Ханым (1672 ж.қ.б.),) Қалид би Мұхаммед хан қызы, Әбдас-Саттар Сұлтан немересі, Баба хан шөбересі, Барақ (Наурыз Ахмет) хан шөпшегі, Сүйініш хан неменесі

Ү.Регистан алаңындағы алғашқы Шәйбәнилер дахмасындағы Сүйініш хан ұрпақтары

1. Әбу-л-хайыр (1512 ж.қ.б.), Хамза Сұлтан ұлы, Жәнібек хан немересі, Сүйініш хан шөбересі

2. Әбу-н-Насыр Хамза Сұлтан (1511 ж.қ.б.), Жәнібек хан ұлы, Сүйініш хан немересі

3. Әбу-н-Насыр Махди Сұлтан (1511 ж.қ.б.), Жәнібек хан ұлы, Сүйініш хан немересі

4. Мұхаммед Фағфур (1522 ж.қ.б.), Қожа Мұхаммед (Бұрындық) Сұлтан ұлы, Әбу-л-Хайыр немересі, Хамза Сұлтан шөбересі, Жәнібек Сұлтан шөпшегі, Сүйініш хан неменесі

5. Қасым Сұлтан (1531 ж.қ.б.), Қожа Мұхаммед Бұрындық) Сұлтан ұлы, Әбу-л-хайыр немересі, Хамза Сұлтан шөбересі, Жәнібек Сұлтан шөпшегі, Сүйініш хан неменесі

6. Шүкір Сұлтан (1534 ж.қ.б.), Қожа Мұхаммед (Бұрындық) Сұлтан ұлы, Әбу-л-Хайыр немересі, Хамза Сұлтан шөбересі, Жәнібек хан шөпшегі, Сүйініш хан неменесі

7. Фарика Ханым (1556 ж.қ.б.), Жәнібек хан қызы, Сүйініш хан немересі

8. Зейнеб Сұлтан (1571 ж.қ.б.), Тұрсын Мұхаммед қызы, Махди Сұлтан немересі, Жәнібек хан шөбересі, Сүйініш хан шөпшегі

9. Мұхаммед Рахым Сұлтан (1571 ж.қ.б.), (әкесі белгісіз), Тұрсын Мұхаммед немересі, Махди Сұлтан шөбересі, Жәнібек сұлтан шөпшегі, Сүйініш хан неменесі

Сонымен, қорыта айтсақ, Регистан алаңындағы алғашқы Шәйбәнилер дахмасында Көшкінші ханның **төрт ұрпағы**, Сүйініш ханның **тоғыз ұрпағы** жерленген ;

— Регистан алаңындағы Чихил Духтархан мазарында **Көшкінші** хан және оның өзінің **23 ұрпағы** жерленген;

—Қожа Кәфшір елді мекеніндегі Қожа Ахрар мазарында **Сүйініш хан ұлы Наурыз Ахмет (Барақ)** ханның **өзі** және оның **алты** ұрпағы жерленген;

—Түркістандағы мазар, кесенелерде Рабиа Сұлтан бегім мен оның **бес** ұрпағы жерленген;

Байқағанымыздай, Самарқан мен оның маңында және Түркістан қаласында Әбілхайыр мен Рабиадан тараған 49 адам жатыр, бұлар тек құлпытасы барлары ғана, аты-жөні де, моласы да белгісіздерінің саны тек бір Аллаға аян.

Әдебиеттер

1. Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген Әмір Темір ұрпақтары кім еді ? « Түркістан» газеті, 1996 ж. 28 желтоқсандағы нөмірі; « Түркістан сырлары» мақалалар жинағы.96 бет. Алматы, 2000 ж. 65-70 бб.
2. Бобожонов Б., Муминов А., Пауль Ю. Шайбонийлар қабртошларидаги битиклар. Висбаден, 1997.-С.119. (На трех языках – на узбекском, немецком и русском).190 стр.
3. Абул-Гази-Багадур-хан.Родословное древо тюрков. / Иоакимф. История первых четырех ханов дома Чингисова./ Стенли Лен-Пуль. Мусульманские династии. Сборник исследования. Москва-Ташкент-Бишкек, 1996.-С.105-108. 541 стр.
4. Ахмедов Б.А. Государство КочевыхУзбеков .М., 1965 г."Наука",194 стр.
5. Там же, -С.131. – С.128-133.194 стр.
6. История Казахстана в персидских источниках. III- том, -С. 161-162.А., 2006. Изд. "Дайк пресс", 354 стр.
7. «Муизз ал-ансаб» (Прославляющее генеалогии) // История Казахстана в персидских источниках. III- том.-С. 161-175.;Файзиев Т. Темурийлар шажараси. Таш., 1995.
8. Бобожонов Б.,... Шайбонийлар қабртошларидаги битиклар ... 119-120 бб.
9. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михманнаме-ий Бухара.М., 1976.- С.142-143.
10. Там же; -С.56-57.
11. Там же; -С.87-90.
12. Мухсумадьен Хуснут. Узбеки. И вокруг них. Новый взгляд. (Штрихи к портрету . Краткая история. Исторические хроники. Алматы, 2006. – С. 211-216.;
- Семенов А.А. Первые Шейбаниды в борьбе за Мавераннахр // Бабаджанов Б. Мир-и Араб // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. Выпуск II. Сталинабад, 1954.–С.114,134; Культура кочевников на рубеже веков XIX-XX,XX-XXI:проблемы генезиса и трансформации. Алматы, 1995.-С.93-94.

13. Семенов АА. Культурный уровень первых Шейбанидов // « Советское Востоковедение », 1956. № 3.-С.51-59.М., 1956.

14. Бартольд В.В Отчет о командировке в Туркестан // Записки Восточного отделения Русского археологического общества. СПб. XV.-С.173-280.

15. Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди: Перевод с перс. языка, 2-е изд. дополненное Алматы: «Санат», 1999-650 с. (159,189,298,-299-300,302-303,318,324,334 стр.)

16. Болдырев А.Н. Заин ад-дин Васифи Таджикский писатель XVI в. (опыт творческой биографии). Душанбе, 1989.-С. 201-212.

17. Бобожонов Б., ... Шайбонийлар қабртошларидаги битиклар.-167 бет; Оловицов А.Г., Табулдин Г.Ж.Чингизиды: Династии и эпохи. Астана, 209.-С.131-132.

Ахметжанов Нұрболат
ШҚО Мәдениет басқармасының
басшысы
Тастанбеков Мұрат
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі
директорының ғылыми жұмыстар
жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., ХҚТУ
доценті

Түркістанда жерленген Абылай хан әулиетінің өкілдері

«Тәуелсіздік және Түркістан тарихына» арналған конференцияда биыл туылғанына 310 жыл толған Абылай хан туралы айтпай кету мүмкін емес. Түркістан Абылай ханның билік құрған, ақ киізге көтеріліп хан көтерілген, мәңгілік тыныс тапқан мекені.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қасиетті Түркістан жеріне келген сайын ерекше тебіренемін. Мұнда исі қазақтың елдігі мен ертеңін ойлап, тебінгісінен тер төгіп жүріп өмір кешкен хан да, би де, батыр мен бағлан да мәңгіге тыныстап жатыр. Олардың өшпес рухы, халық үшін атқарған қайрат-жігерге толы қызметінің қасиеті әрбірімізді желеп-жебегей» [1], - деген болатын. Түркістанның терең тарихы бұл қаланың діни тұлғалар мен қазақтың игі-жақсыларының мәңгілік мекеніне айналғанын көрсетіп отыр. Бүгінде Ясауи кесенесінде жерленген төл тарихымызға тікелей қатысты тұлғалар: 21 қазақ ханы, 23 би, 63 батыр анықталған.

Абылай хан (Әбілмансұр) – Арғытегі Ақ Орданың негізін қалаған Орда Ежен ханнан бастау алатын Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулиетке жатады. Абылайдың әкесі сұлтан Уәли (Көркем Уәли), атасы – сұлтан Қанішер Абылай, арғы бабасы – атақты Салқам Жәңгір хан.

Біз баяндама тақырыбын «Түркістанда жерленген Абылай хан әулиетінің өкілдері» деп алып отырмыз. Әрине, ғылыми орта болмаса көпшіліктің Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Абылай ханның бәйбішесі Қарашаштың, Абылай ханның ұлы Қасым сұлтанның, Абылай ханның немересі Бопай Қасымқызының жерленгендігі туралы біле бермейді. Тарихи кезеңдерде Ясауи кесенесіне тұлғаларымызды жерлеудің тізімдемесі жүрді ме?, - деген сұраққа қазіргі уақытта жауап ала алмасымыз анық.

Дегенменен, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің жұмыс бағытының бір саласы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және кесене маңында жерленгендер тізімін анықтау болып табылады. Баяндама мазмұны Түркістанда жерленген Абылай хан әулиетінің өкілдері Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленгендер тізіміне қалай алынды, қандай маңызды деректерге сүйенгендігі туралы болмақ.

Тақырыбымыз «Түркістанда жерленген Абылай хан әулиеті» болғандықтан, әулиет басында тұрған Абылай ханның Ясауи кесенесіне жерленуі мен кейінгі антропологиялық зерттеулер жүргізілу мәселесіне қысқаша тоқталып өтейік. Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, 1780 жылдың көктемінде (қайтыс болған жылы) Ташкент қаласынан алты күндік жерде, Талас өзені бойында тұрғаны тарихи деректе көрсетіледі. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген [2; 65]. Абылай денесін «Арыс бойынан үш үйдің баласы кезек-кезек йаяу көтерип алып барып Түркістанға» қояды. [3; 116].

Туыстығы жағынан Абылай ханға немене болып келетін, Ташкент пен Бұхара медреселерінде білім алған Шәді төре Жәңгірұлы «Абылай хан» дастанында бұл оқиғаны «Әзіреттің босағасынан орын қазды. Осылай болмақтығын қабыл көріп, Сол уақытта табытты алып келіп, Өлікті қазған жерге салып көмді. Кешегі халық егесі Абылай ханға, Қара жер қойнауынан орын берді» [4; 19], деп жырлайды. Абылай ханға деген құрметті ол қайтыс болған соң Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ең құрметті орынға – Әзірет Сұлтан жатқан қабырхананының босағасына қойылуынан байқауға болады.

«Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген тұлғалар» сериясымен басылған «Абылай хан» кітапшасында «1882-1993 жылдар (50 жыл) аралығында Ахмет Ясауи кесенесінде болған 8 зиялы Абылай хан бейітінің орнын көрсетіп кеткен. Сегіз деректің алтауы (жартысынан көбі) тікелей немесе жанамалап хан моласы үстінде Сүйінішқожа ханның құлпытасы тұрғанын жазған [4; 7] Жүсіпбек Аймауытовтың 1926 жылғы Абылай хан құлпытасының сипаттамасы Сүйінішқожа ханның құлпытасына сай келеді. «Жағаласақ, камерада Абылайдың көк тасы жатыр. Ұзындығы кісі бойындай. Биіктігі орындықтай. Мінсіз төрт қырлы кек ала мәрүәр мұздай жылтыр, айнадай тегіс, шимайша ойып келтірген олпы-солпысыз, үшкір сұлу жазулары жалап қойғандай мүлтіксіз. Ағы мен кегі қара ала батсайыдай аралас таңдайланған, айқасқан. Алан шындала құлпырған кек мәрүар айта қалғандай сұлу екен. Айналақтап кете алмадық. Әлде Абылайдың шын аты со ма, әлде жұрт адасып жүр ме, әйтеуір тастағы жазу «Абулқайыр» болса керек» [5; 76], -деп жазған.

Шоқан Уәлиханов: "Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған",-деп жазады [6; 14]. Осындай алып тұлғаның бүкіл қазақ үшін қасиетті де киелі жер - Ясауи кесенесінде жерленгендігін құжаттандыру бойынша үлкен ғылыми жұмыс жүргізілді. Бұл жерде Абылай хан сүйегінің зерттелуі кесенені сақтап қалу жұмыстары жүріп жатқан тұста, тарихи тұлғамызды ғылыми анықтау мақсатында атқарылғандығын да айта кетуіміз керек. Абылай ханның басына қойылған деген құлпытастағы жазулар төңірегіндегі пікірлер, сенімге қарағанда күдікті көбірек ұялататын еді. Сондықтан да, сұрағы көп мәселеде дұрыс шешім көрсету үшін, антропологиялық тұрғыдан талдау жасалуы қажет болды. Бұл жөнінде аталған жұмысты атқарған Оразақ Смағұлұлы, Мұхтар Бақадырұлы, Айнагүл Оразаққызының [7] еңбектерінде аз жазылмады. Толықтырылған бірнеше басылымдардан бұл жұмысқа үлкен дайындықпен келгендігі, хан қабірінің анықталғандығы, кешенді зерттеулер мен антропологиялық ізденіс қорытындылары жарияланғандығы, Абылай ханның дене құрылысы мен сүйек өлшемдеріне ғылыми анықтамалықтар берілгендігі, Абылай ханның бас сүйегі бойынша оның дәлме-дәл бет-әлпетінің көрінісі қайта қалпына келтіріліп, жасалғандығы ғылыми дәйектеліп жазылды.

Нәтижесінде, қазақ халқының басын қосып, бүкіл ғұмырын ұлт тұтастығына арнаған ақылгөй де айбынды Абылай хан туған елі мен жұртына қайта таныстырылды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қайта жерленіп, Елбасы тапсырмасымен белгі тас қойылды. Қалың қазақтың тәу етер киелі орны, тұтас тарихымыздың белгісіне айналды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Абылай хан ханның бәйбішесі Қарашаш ханым тарихында да көңіл аударарлық бірқатар мәселелер бар. Яғни, Қарашаш ананың Абылай ханның бәйбішесі болған-болмағандығы, оның ұрпақтары және шығу тегі жайлы сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Ал, Қарашаш ананың Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленуі туралы мәселеге соңынан тоқталамыз.

Осы күнге дейін әртүрлі әдебиеттер мен ғылыми еңбектерде Абылай ханның 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы болғаны айтылып келеді. Шота Ыдырысұлының жазуынша: Абылайдың Сағындық - Шуақбай атты қарақалпақ бегінің қызы Сайман ханымнан туған ұлдары: Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім. Қошқар бегі Кенже сарттың қызы Бабақ ханымнан - Шеген, Рүстем, Оспан, Сыздық, Әбітай, Әбділда. Қалмақ ханы Қалдан Сереннің туысы Хошу мерген ноянның қызы Топыш ханымнан - Қамбар, Қасым.

Сарғалдақ қожаның қарындасынан - Тоқ, Қосым, Арық. Атығай-Қарауылдың қызы Тоқта ханымнан - Сығай, Тағай, Сүйік, Әли, Құлан, Тоғым. Қалмақтан ауысқан тұтқын қыз Өріс ханымнан - Шама, Байыр. Басқа әйелдерінен - Ғұмыр, Жәңгір, Сыпатай. Сонымен Абылайдың аталған әйелдерінен туған 26 ұл белгілі болып отыр [8]. Байқап отырғанымыздай Шота Ыдырысұлының мәліметіне сүйенген Қайролла Мұқанов «Абылай ханның ата тегі мен үрім-бұтағы» мақаласында Абылай ханның бәйбішесі Қарашаш ана туралы айтпайды, тек «Кейбір әдебиетте Абылайдың бірінші әйелі Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың қызы делінеді. Бірақ ол туралы толық мәлімет кездеспейді» деп жазады.

Осы мәселеде **Жамбыл Омарұлының** «Абылай хан: аңыз бен ақиқат» атты мақаласынан үзінді келтірейік: «Бірінші әйелі - Қарашаш ханым – Шоқан жазбасында төре тұқымынан, ал Мәшһүр жазбасында *«Абылай ханның - Қарауыл қызы - алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды, ол қыз Жамантай ханның шешесі»* делінеді» [9]. Аталған мақала жоғарыдағы сұрақтарымызға толық жауап болмаса да, қосымша деректер қарау арқылы жауап табарымызды көрсетіп отыр. Дерек ретінде Абылай ханның ұрпағы Шоқан Уалихановтың еңбегіне сүйенер болсақ: «Хан этот имел 12 жен, от которых имел 40 дочерей и 30 сыновей . От первой жены Карачач-ханым, дочери Абулхаира, или Каипа хив[инского], Аблай не имел сыновей, кроме двух дочерей, из которых одна была замужем за Даир-ханом, сына Бараковым, а другая – за султанов Худаймендой» [10; 153] , - деп жазады. Сондай-ақ, Тулак ханым, Саин-Кобен, Чаган ханым, Мунтум атты қалмақтан алған әйелдерінің балалары болмағандығын. Тулактың Сайман ханымға, Саин Кобеннің Қарашаш ханымның жандарында көмекші ретінде болғандығы, туралы да мәлімет береді.

Біз сілтеме жасаған еңбектер Қарашаш ханымның Абылай ханның бәйбішесі болғандығын, ұлдан ұрпақ сүймегендігін көрсетіп отыр. Дегенмен, Қарашаш ханым туралы «Әбілқайыр ханның қызы», «Қарауыл қызы», т.б. пікірлер оның шығу тегі туралы сұрағымыздың жауабын күрделендіре түседі. 2013 жылы жарық көрген «Абылай хан» энциклопедиясында «Қарашаш ханум, (гг. р. и см. неиз.) первая жена Абылая, сестра Абулхаир хана» [11; 211], - деп жазылған жалғыз ауыз сөз көп мәлімет бере қоймайды. Қазақ шежірені ұлдан тарқататын болғандықтан Қарашаш ханымның шыққан тегі туралы сұрақ үнемі тығырыққа тіреледі. Мұхтар Бахадырұлының «Түркістанға қойылған атақты ханымдар» мақаласында: «Қарашаш ханым Кіші жүз ханы Әбілқайырдың туған жиені болып келетін» [12; 74], деп жазуы Қарашаш ханымды Төре тұқымы мен Атығай-Қарауылға қатыстылығы туралы ой салады. Ел аузында Абылайды алғаш Атығай-Қарауыл хан

көтеріп, алты отау тігіп берген деген сөз бар. Оның қырық жыл бойы Көкшетаудан табан аудармай, екі тайпаның арасында тұруы тегін емес», - дейді [13; 6].

Абылай ханның бәйбішесі Қарашаш ханымның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленуі туралы мәселеге келер болсақ, ақпарат қытай деректерінде кездеседі. Қытай деректеріндегі мәліметтерге назар аударған профессор Мұхтар Бақадырұлы былай деп жазады: «Қытай елшілері Абылай ханмен кездесуінде мынадай естелік қалдырады: «8 айдың 25 күні Абылайдың бастауымен Атбасардағы Есіл өзені бойынан аттандық. 9-айдың 7-күні Көксеңгірге жеткенде, Абылайдың үйінен екі мәрте хабар келіп бәйбішесінің хәлі нашарлап жатқанын жеткізді. Хан «Отбасымның жағдайы сонша маңызды емес қой. Үйімде болғанда да өлейін деп жатқан адамды тірілте алмаспын. Оған қарағанда Боғда Ежен ханмен арадағы іс маңыздылау. Сендерді ел шетіне шығарып салған соң қайтармын» деді де, бізді бастап сапарды әрі жалғады. Сонан соң тағы бір хабаршы келіп, Абылайдың үйіне қайтуын жөн көрді. Хан бұрынғысынша назар салмады. Біз ол кісіні тоқтатып «сіз істің бәрін орны-орнына қойып болдыңыз ғой. Қайта беріңіз» дедік. Хан: «Ендеше «жол ортада тастап кетті» демендер. Мұндай қиын жағдайда шарасыз болып тұрмын. Бәйбішемнің бойында әлі жаны бар болса дәрігерге көрсетермін. Мен жеткенше қайтыс болса, міндетті түрде үлкендеріміз жатқан Түркістан жеріне апарып жерлеймін» деп қоштасқан. Осындай деректерге қарап Абылайдың бәйбішесінің Түркістанға жерленгенін білуге болады. Тарихта Абылай ханның 12 әйелі болғаны белгілі. Бәйбішесінің есімі Қарашаш. Оны міндетті түрде Түркістанға апарамын дегеніне қарағанда ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жатқанына күмән болмаса керек» [12; 74].

Сондай-ақ, Мұхтар Бақадырұлы «Ханның бекер айтпайтындығын айта келе, бұл жерден қазақ мәдениетіне тән екі феноменді көретіндігін, біріншіден 12 әйелі бола тұра бәйбішенің статусын жоймау, оның мәртебесінің өзгелерден артық екенін Түркістанға жерлеу арқылы көрсетіп тұрғандығын, екіншіден, ортағасырдың өзінде әйел мәртебесінің біршама жоғары екенін көрсетеді», - дейді.

Ясауи кесенесінде жерленген Абылай әулиетінің өкілі, Абылай ханның Қалмақ ханы Қалдан Сереннің туысы Хошу мерген ноянның қызы Топыш ханымнан туған - Қасым сұлтан. Қасым сұлтанның туылған жылы белгісіз, 1836 жылы Ташкентте қайтыс болған. Абылай ханның ұлы, Кенесары ханның әкесі. Қасым сұлтан бүкіл өмірін Ресей империясына қарсы күресте өткізді. Қасым сұлтан Абылайұлы және оның балалары жиырма жылдан астам уақыт бойы патшалық тәртіпке қарсы табанды

күресінің мақсаты – Абылай ұрпақтары сұлтандар билік жүргізетін Қазақ хандығын қайта орнату болатын.

«Абылай ханның отыз ұлының ішіндегі кенжесі Қасым сұлтан, оның екі әйелі болған. Бәйбішесінен (Айкүмістен) алты ұл: Саржан, Есенкелді, Ағатай, Бопы, Кішік және Кенесары, ал тоқалдан жалғыз Наурызбай туған» [14; 8]. Қасым сұлтанды қоқандықтар кездесуге алдап шақырып, тұтқын етіп Түркістанда ұстайды. Осы жерде сырқатанып 1840 жылы қыркүйекте дүние салады. Ақыры туысқандарының айтуымен Әзірет Сұлтан кесенесінің ішіне Абылай хан қабірінің жанына жерленеді. Бұл туралы О.Дастановтың «Қазақстан» баспасынан 1967 жылы басылған «Әулиеелі жерлер туралы шындық» атты кітабында «Кейбір жорамалдар мен халық аузындағы айтылып жүрген аңыздарға сүйенсек, «Үлкен Ақсарайға» жерленгендер мұнан да көп болса керек. Бірақ күтімсіздіктің салдарынан көпшілігіне қойылған құлпытастар құрып кеткен. «...Кенесарының әкесі де осында жерленсе керек» [15; 26] – деп жазады.

Қасым сұлтанның қайтыс болуы мен Түркістанда жерленуі туралы деректердің бірін Кенесарының ұлы Ахмет сұлтанның жазбасынан көреміз, онда Қарнақ қыстағы маңын қоныстанған Кенесары Ташкентпен байланыс орнату үшін екі ағасы Саржан мен Есенкелдіні Ташкент беклербегіне жібергендігін, беклербек бұлар Абылай хан ұрпағы болғандықтан қол астындағы қазақтардың оларға қосыла кететінін ойлап, екі сұлтанды Әулиеата қаласында жауыздықпен өлтіргенін жазады. Осы жазбада «Тап сол кезде Әзірет Сұлтанды тауап етуге келген Қасым сұлтанды да Қоқан әкімдері ұстап алып өлтіреді, ол Әзірет Сұлтан мешітінің жанындағы Абылай қабірінің жанына жерленді» [14; 10], - дейді. Ахмет сұлтан Кенесарин бұл кітабының алдыңғы жағын өз білгенінше, кейінгі жағын Сыздық сұлтанның айтуы бойынша жазған. Яғни, оқиғаның куәгері болмағандықтан, кейбір мәліметтердің толық болмауының өзіндік объективті себептері бар.

Қасым сұлтанның қайтыс болуы мен жерленуі туралы толығырақ деректің бірін тұтқыннан қашқан урядник Гаврил 1840 жылдың желтоқсанында берген жауап-түсініктерінен көреміз. Гаврил Першин өзінің тұтқынға түскеннен кейін Бопай ханымның, кейін Қасым сұлтанның қызметінде болып, сұлтанмен жақсы қарым-қатынаста болғандығын жазады. Ол: «Қасым күшбегінің шақырумен, баласы мен қызының айтуы бойынша кездесу орны ретінде белгіленген шекаралық Созақ қорғанына аттанған. Бірнеше күн күтіп, күшбегі кешіккеннен соң, Созақтан Әзіреттің қаласына аттанған». Күшбегі мен беклербектің іс-әрекетінен күдіктене бастаған Қасымға Хиуа билеушісі тарапынан «қорғауына алып, жер де

беремін» деген ұсынысын алады. Дегенменен, «Созақ қорғаны маңында соңынан жіберілген ташкендіктер тарапынан тұтқынға алынып, Ташкентке жөнелтіледі. Түсінік беруші қасындағы жолдастарымен бірге аяусыз соққыға ұшырайды», - дейді. Ауыр жағдайда бірнеше ай тұтқында өткізген түсінік беруші: «Қасымның жиі сырқаттанып қалғанында өзінің сұлтанның көңілін сұрап, хабар алып отырғандығын айтады. Қарауылдың қатандығына байланысты бөгде ешкімнің кіруіне рұқсат етілмеген. Бір айдан кейін ол қатты ауырып, қайтыс болады. Беклербектің сол уақытта болмай қалуына байланысты оның денесі бір ай бойы көмусіз қалып, беклербек келгеннен кейін ғана Әзіретке жерленген», - деген мәлімет береді. [16; 161, 163].

Орынбор әскери губернаторы, генерал-адъютант Перевскийге – сұлтан Кенесары Қасымов атынан жазылған «... император ағзамнан 35 жылға бізге тыныштық беруін» сұраған өтінішінде «... қоқандықтар маған бағынышты руларды өздеріне қаратып алды. Менің ағаларым - Саржан сұлтанды, Есенгелді сұлтанды, Алжан сұлтанды, кейіннен әкем Қасым сұлтанды да өлімге жықты. 1841 жылы осы жағдайларды ескеріп, біз Қоқанға қарсы қарулы күш жібердік» деп жазады [17; 99]. Ахмет сұлтанның жазбасынан, Кенесары сұлтанның Ташкент зынданында бір жыл отырып, босап шыққанын білеміз. Әкесі мен ағасын өлтірген Ташкеннің Созақтағы құшбегін Шу өзені маңында жүз жігітімен бірге өлтіріп, кек алады. Торғай өзеніне жеткен соң ол әкесі Қасым сұлтан мен ағалары Саржан мен Есенкелдіге ас берген.

Құлжадағы орыс консулы, одан бұрын қазақ даласында біраз саяхаттаған, Түркістан қаласында болған қазақ жөнінде бірнеше зерттеулер жазған Н.Балкашин 1887 жылғы еңбегінде қазақтың бір топ атақты тұлғаларының қабірі туралы мәліметтер келтіре келе Кенесарының әпкесі Бопай ханым да Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде, әкесі Қасымның қасында жерленгенін жазады. Бұл туралы дерек «О киргизах и вообще о подвластных России мусульманах. – Санкт-Петербург, 1887 жылғы еңбектің 21 бетінде көрсетілген. Ал Ұлттық энциклопедияда және көптеген басқа да кітаптарда оны Ақтөбе облысында жерленген деп жазып жүргеніне қарамастан, біз осы дерекке сүйеніп Бопай ханым да әкесі Қасым сұлтанмен бірге Кесенеде жерленген деп анық айта аламыз.

Бопай ханым Абылай ханның немересі, Қасым сұлтанның қызы. Қазақтың соңғы ханы аталып жүрген Кенесарының әпкесі болып табылады. М.Қожа «Оны кейбір қазіргі зерттеушілер қарындасы деп шатасып жүр» [12; 74] , - дейді. «Бопайдың Прғын руына зекет жинауға келгені туралы жансыз Самрат Мамаев былай деп хабарлайды: «Кенесары төлеңгіттерімен

бірге Кенесары ісіне қатысуымен қырға кең танылған, оның әпкесі Бопай да келді» [18; 92].

Бопай жастайынан сұлулығымен, өжеттігімен көзге түскен. Інілері Кенесары, Наурызбай, басқа да қазақтың сұлтан-батырларымен бірге Ресей отаршылдарына және Қоқан хандығына қарсы күрес-соғыстардың басшысы ретінде және көзсіз ерлігімен елге кеңінен танылған. Бопай ханым алғашқы күндері-ақ ұлт-азаттық күреске қосылып, 600 адамнан тұратын ерекше топты басқарды. Бұл топ негізгі әскерді ішкертін-тыл жағынан қару-жарақ, азық-түлікпен қамтамасыз ету және көштерді басқару, ауылдарды қорғау істерімен айналысты. Елден зекет жинау, күреске қарсы адамдарды бағындыру, қажет болса шабуды да қолданумен қатар, қиын-қыстау кездерде алғы шептерден де көрініп жүрді. Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың дерегінде, Бопай ханша туралы: «Өзінің әскери ерліктерімен Кенесарының қарындасы Бопайдың да даңқы шықты. Ол көтерілістің алғашқы күндерінен-ақ оның белсенді қатысушысына айналды. Ол өзінің күйеуі Сәмеке Әбілқайырұлы мен оның туыстары сұлтан Сартеке және Досан Әбілқайыровтарды да көтеріліске қатысуға шақырған, олар қарсы болған»...екендігі айтылады.

Кесенеге жерленген әйел адамдар аз болмаған. Кесенеге жерленген аналарымыздың соңғысы Бопай ханым болуы мүмкін [19]. Бопай ханымның қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Бопай ханым Қасым сұлтан қызы 2012 жылы 9 ақпанда жазылған өтініш бойынша Ғылыми Кеңесте қаралып Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленгендер тізіміне қосылған.

Қырық жылдық тарихы бар «Әзірет Сұлтан» қорық музейінде қазақтың айбынды ханы – Абылай хан есімін ұлықтау мен насихаттау жұмыстары әрдайым жалғасып келеді. 2011 жылы Абылай ханның 300 жылдығына арналып қазақ жәре орыс тілдерінде «Абылай хан» атты кітапша жарық көрді. Тарихи деректерге негізделе отырып, екі жыл қатарынан «Хан көтеру» атты үш жүзден аса адам қатысуымен театрландырылған көрініс қойылды. 2020, 2021 жылдары жарық көрген «Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар», «Түркістанда жерленген билер» атты ғылыми-танымдық еңбектер, «Әзірет Сұлтан» атты энциклопедия қазақ тарихына қосқан өзіндік үлес деп білеміз. Қорық–музей қорындағы Абылай ханның замандасы, қол бастаған Қабанбай батырдың ұстаған қанжары (сапы), Абылайханның Жауғашты батырға сыйға берді деп айтылатын киізүй босағасы, Хан ордасынан табылған археологиялық жәдігерлер қазақ хандығы тарихынан сыр шертеді. Ясауи кесенесінің ішіндегі «Үлкен Ақсарай бөлмесі» музейлендіріліп, «Қазақ хандығы» экспозициясы келушілер назарына ұсынылғандығын да айта кеткіміз келеді.

Сөз соңында, Түркі Әлемі таныған, мойындаған Мағжанның «Түркістан» атты шығармасында: «Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял, Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!» деген отансүйгіш рухқа толы өлең жолдарымен аяқтағымыз келеді:

«...Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жапанда жабығудың мәні қалай?!».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Біз – Ұлы дала мұрагерлеріміз! // Қазақ үні, N37 (691), 15 қыркүйек, 2015 жыл.
2. Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар. – Алматы: «Золотая книга» ЖШС, 2019. – 168 б.
3. Қазақ хандары. Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. - Алматы: «Қазығұрт», 2015. – 224 б.
- 4 Абылай хан. – Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі», 2011. – 20 б.
5. Аймауытов Ж. Әзірет сұлтан // Жаңа әдебиет. – 1929. - №1 – 70-81
6. Абылай. – Алматы: «Дария-пресс», 1993. – 144 б.
7. Смағұлұлы О., Бақадырұлы М., Оразаққызы А. Абылай хан (Тарихи-антропологиялық зерттеу). – Алматы: Атамұра, 1999. – 174 б.
8. Мұқанов Қ. Абылай ханның ата тегі мен үрім-бұтағы /https://vk.com/wall-73330358_222840
9. Артықбаев Ж. Абылай хан: аңыз бен ақиқат / Алматы Ақшамы. 2013 жыл, 18 шілде
10. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа ХУІІІ-ХІХ вв. (история, историография, источники). – Алматы: ТОО «Print-S», 2003, - 173
11. Абылай хан. Энциклопедия. - Көкшетау: “Әрекет”, 2013. – 461б.
12. Қожа М. Түркістанға қойылған атақты ханымдар //Ясауи әлемі. № 1-2 (11), 2013. 72-74б.
13. **Абылай хан. – Алматы: «Айқап», 1992. – 32 б.**
14. Кенесары А. Кенесары және Сыздық сұлтандар / Қазақша аудармасы, Ғ.Ахмедов. – Алматы: Жалын, 1992. – 48б.
15. Дастанов О. «Әулиелі жерлер туралы шындық». – Алматы: Қазақстан. 1967. – 176 б.
16. Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың ұлт–азаттық қозғалысы (құжаттар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1996.
17. Қасымбаев Ж. Кенесары хан.– Алматы: Қазақстан, 1993.- 112 б.

18. Негимов С. Ұлт тағдыры мен руханиятындағы Бопай ханым // Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар»: Л.Н.Гумелев атындағы ЕҚУ өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. – 304 б.

19. Жүзбаева Г. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген аналар // «Қ.А.Ясауи мұралары мен ілімін зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары.

МОЛДА СЕЙІЛ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Қазақ халқының тарихи жадына қатысты жазба дереккөздері оншалықты көп емес. Алайда, сол аз дерек көздерінің өзі толық жинақталып, бірізге түсірілді деп айтуға әлі ерте. Өйткені көптеген дереккөздері халықтың қолында немесе қолжазба қорларында өз зерттеушісін күтіп, шаң басып жатыр. Міне, сондай қолжазбаның бірі – Молда Сейіл Бәйменовтың соңында қалдырған жазбалары десек, артық айтқандық емес.

Молда Сейіл XIX ғасыр соңында Түркістан өңірінде, Қаратаудың «Егізқара» атты мекенінде дүниеге келіп, 1987 жылы Түркістан жанындағы Шорнақ аулында дүниеден өткен. Ол кісінің білімді кімнен алғаны белгісіз. Кейбір ел арасындағы әңгімелерде ол кісінің Айтжан дамылаға шәкірт болғандығы, Айтжан дамыланың ұлы Әбубәкір қарымен замандас болғандығы айтылады. Бірақ бұл нақты дерек емес. Қалай болғанда да ол кісінің жазбаларына қарап, аса білімді болғандығына көз жеткізуге болады. Мысалы, Құранның «Бақара» сүресіндегі ораза тұтуға қатысты аяттарға жасаған тәпсірі, бұл кісінің араб тіліне жетік болғандығын көрсетеді. Одан басқа Сүлеймен Бақырғани, Ақ Ишан шығармаларын көшіргенде де, ол кісінің араб пен парсы тілдеріне жетік болғандығын, жалпы діни, сопылық терминдермен жақсы таныс болғандығын байқаймыз.

Қолжазбада бір тақырыппен шектелмей, түрлі мәселелерді қамтитын деректерді жинақтаған. Кейбір жазбалар бұрыннан белгілі шығармалар көшірмесі болса, кейбір жазбалар бұрын белгісіз болып келген тақырыпты қозғайды. Мысалы, Сүлеймен Бақырғани мен Шәді төре шығармалары бұрыннан белгілі дерек болса, Ақ Ишан жолжазбалары, қазақ халқының қалыптасуына, Алашқа қатысты деректер бұрын жарияланған дереккөздерінің ешқайсысында кездеспейді. Сол себепті Молда Сейіл жазбалары құнды, қазақ халқының дәстүрлі діни дүниетанымы мен тарихына қатысты тың деректер бере алатын дереккөзі ретінде бағалауға болады. Келесі кезекте осы қолжазба жинақталған деректерге қысқаша шолу жасап көрелік.

Бірінші кезек – Ақ Ишанның қажыға бару сапарынан жазған жолжазбасы. Жолжазба алдында көшірушінің қысқаша Ақ Ишан туралы дерегі бар. Онда ол кісінің қайдан шыққаны, Түркістанға, қазақ жеріне қашан келгені баяндалып, Меккеге кімдермен бірге кеткені айтылған. Одан ары Ақ

Ишанның қажыға барар жолда тоқтаған қалалары мен олардың сипаттамасы, Исламның киелі жерлері мен ол жерлердің діни кітаптардағы баяндалуына қатысты деректер берілген. Мысалы, зияратқа бара жатқан жолаушылардың алғаш тоқтап, аялдаған қаласы – Стамбұл. Осы деректе Стамбұл қаласының неліктен осы атауды алуына қатысты дерек бар. Бұл қаланың көне аты Константинополь екендігі тарихтан белгілі. Ал Стамбұл былай қараған адамға мағынасы жоқ сияқты көрінеді. Бұл жазба деректе Стамбұлдың алғашқы түрік тіліндегі атауы «Ислам бол» болғандығын көрсетеді және қолжазбаның бір жерінде ғана Стамбұл деп, қалған жерінің бәрінде Исламбол деп жазады. Исламбол қаласында зияратшылар бұл жердегі Ислам діні мен тарихына қатысты барлық тарихи орындарға зиярат жасап, олардың қысқаша сипаттамасын береді. Ол кісінің Исламболда көңілін аударып, таңғалдырған ғимарат – «Айя София» мешіті. Бұл мешітті сипаттау арқылы ол Исламболдағы өзге мешіттердің қай дәрежеде екендігін «Айя Софиямен» салыстыру арқылы көрсетіп отырады. Исламболдағы өзі барып, көрген жерлерін сипаттай отырып, оларды тарихпен байланыстыруға әрекет жасайды.

Исламболдан кемемен шығып, қанша күнде Искандерия (Александрия) қаласына келгендігі, ол жерде қандай киелі орындарды зиярат қылғаны тиянақты жазылған. Одан шығып, кемеге отырып, Порт-Сайд қаласына келуі, ол жерден көлік жалдап, Ал-Құддұс қаласына барғандығы, барар жолда қандай киелі орындарға зиярат қылғандығы, ол жерлерде қандай пайғамбарлар мен әулиелер жатқандығы және оларға зиярат жасау тәртібі көрсетілген. Ал-Құддыс қаласының өзіндегі киелі орындар Ал-Ақса мешіті мен Құран мен өзге киелі кітаптарда айтылатын кейіпкерлерге қатысты баяндаулар, ақырет күнінде Жаратушының адамзат баласынан есеп алатын жері, Қылкөпір мен Мизан таразысы орнатылатын жерлер туралы баяндаулары Ақ Ишанның аса білімдар тұлға болғандығын көрсетеді.

Ақ Ишан жазбаларының негізгі бөлігі Меккеге қажылыққа бару сапары мен ол қажылықты қалай өткізгендігі туралы жазылған баяндаулары көп мәселенің бетін ашуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, ол кездегі зиярат жасау тәртібі мен қазіргі кезеңдегі зиярат жасау тәртібі арасында үлкен алшақтық бар екенін көреміз. Мысалы, қазіргі күні жойылған сахабалардың қабірі мен Пайғамбар өміріне қатысты киелі орындардан бөлек, «Масжид ал-Харам» ішіндегі Қағбаның төртбұрышы төрт мазһабқа қатысты болғандығы, ол төртбұрышта осы мазһабтарға қатысты белгі, тарихи жәдігерлер болғандығы баяндалады. Сонымен бірге Мекке қаласындағы мешіттердің тарихы мен ол мешіттердің Мұхаммед Пайғамбар өміріне қатыстылығы туралы деректер реті-ретімен беріліп отырады.

Бұл жолжазбада Медине қаласына қатысты деректері де, Медине қаласындағы Пайғамбар қабірінен өзге киелі орындарды сипаттауы да, ол жерлердің Ислам тарихында алар орнын баяндауы да аса бір ыждағаттылықпен жүргізілгенін көруге болады. Бірақ жолжазбаның соңы аяқталмаған. Ақ Ишан жолжазбасының соңы болмағандықтан көшіре алмағандығын Молда Сейіл ескертіп өтеді.

Молда Сейіл қолжазбаларының үлкен бөлігі қазақ халқының діни дәстүрлері мен діни тәрбиесіне қатысты мәселелерді құрайды. Мысалы, неке қию мен некенің шарттары, кісі қайтыс боларда оқылатын дұғалар мен кісі қайтыс болғаннан кейінгі кебіндеу, жаназа оқу мәселелері мен олардың тәртібі, сонымен қатар, қазақ дәстүрінде болған, қазіргі күні қолданыста жоқ, дәуресін беру сияқты дәстүрлер мен оның мәні туралы мәселелер қамтылған.

Молда Сейіл жазбалары ішіндегі құндысы да, маңыздысы да қазақ тарихы мен шежірелеріне арналған бөлігі деп айтсақ артық айтқандық емес. Бұл тарихи жазбаларда баяндалатын деректер қазақтың ортағасырлық тарихына белгілі дәрежеде жаңалық қоса алатын мүмкіндігі бар деректер болып табылады. Қолжазбадағы деректерді қазақ шежірелеріндегі деректермен саралай отырып, байланыстырылатын болса, онда Алаш мемлекеті мен Алаша ханның тарих сахнасында болғандығын толық дәлелдеп шығу мүмкіндігі бар. Ең бастысы, Алаш пен қазақтың тарих сахнасына шығу кезеңі нақты деректер негізінде келтірілген. Бұл қазақ шежіресінің екінші, Алаша ханнан басталатын нұсқасының пайда болу кезеңіне тура келеді.

Бұл қолжазбадағы тағы бір көңіл аударатын мәселе – қазақ ру, тайпаларының қалыптасу тарихындағы белестерді, олардың қазақ тарихындағы күрделі тарихи оқиғалармен байланыстыру мүмкіндігін беруімен құнды. Расына келгенде, әлі күнге қазақ шежіресін қазақ тарихымен байланыстыру, қазақ шежіресін қазақ тарихының өзегі ретінде қарастыру мәселесі қарастырылған емес. Мына қолжазбадағы деректер шежіренің қазақ тарихынан өз орнын алу қажет екендігін көрсетіп беретін дерек болып отыр. Мәселе, бұл дереккөзінде қазақ тарихы мен шежіренің сабақтаса өрілуін, шежірелердің түзілуі, қазақ тарихындағы оқиғалармен бірлікте қалыптасатындығын көрсетуінде болып отыр. Мысалы, қазақ тарихында әлі орын алмаған, бірақ Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» жазылған, Орда Ежен ұрпақтарының саяси биліктен шеттетіліп, олардың орнын Өзбек ханды таққа отырғызған қият Исабек көреген мен ұрпақтары басқандығы, Бердібек өлтірілгеннен кейін ғана Орда Ежен ұрпақтарының

саяси билікті қолына қайта алғаны туралы дерек бар¹. Осы Өтеміс қажы жазатын оқиғаның тарихи шындық екендігі, ол оқиғаның жалғасы қалай өрбігендігі қоңырат тайпасы ішіндегі жетімдер руының шежіресінде көрініс тапқан. Қазақ хандығының ханы Жәнібек ханның әкесі Барақ ханның Жошы ұрпақтарын өлтіріп, қуғынға түсірген қоңыраттарды ұстаған жерінде өлтіргені, олардың Сауранды тастап қашып, Мауараннахрға тығылғаны, Ташкент базарында қарақұрт тиген адамдарға дем салып, қарақұрт арбаумен күн көргені жазылған. Сонда қарақұртты арбағанда оқитыны мыналар еді: «Қой келді, қозы келді, дегеніңнің өзі келді, Аят атты, төре бұзды, Жұртымдағы қарияның сөзі келді», – деп келтіреді.

Сонымен қатар, Молда Сейіл бір шежірені ғана келтіріп қоймайды. Бірнеше шежіре нұсқаларын қатар береді және қайсы шежірені қай жерден алды, қайсы кітаптан, кімнен жазып алды осылардың барлығын келтіреді. Қазақ шежіресінің де, өзбек шежіресінің де бірнеше нұсқасы беріліп, олардың арасындағы ерекшеліктерді оқыған адам түсінетіндей етіп береді. Және сол шежірелер тарихи деректердің өзге тарихи жазбалардан кездесе бермеуі де кісіні тандандырмай қоймайды. Мысалы, Отырар халқының Үргеніш сұлтанына қарсы шығуын, оның Отырардың бегін өлтірумен байланысты болғанын, сол себепті жергілікті халықтың Шыңғыс ханды ашық қолдағанын жазады. Сондай-ақ Бұхараның ханы Абдулла ханның құрылысы аяқталмаған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысын жүргізгені және құрылыс үшін кірпішті қай жерде құйдырғаны анық жазылған. Осыған дейін бізде «Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне кірпіш тек Сауранда құйылды» деп келген болатынбыз. Ал бұл қолжазбада Абдулла хан кесенеге кірпіш құятын орынды Сырдария бойындағы Күйасар (қазір Күйбасар деп аталады) жерінде құйылып, сол жерден Түркістанға әкеліп, құрылысты жүргізгені туралы дерек те келтіріледі. Шындығында мұндай деректер ортағасырлық жазба деректердің өзінде көп кездесе бермейді. Сондықтан бұл қолжазбаның зерттеушілер үшін маңызды дереккөзі боларына сеніміміз мол.

Бұлармен қоса, қолжазбада түрлі тақырыптағы жазбалар бар. Олар араб тілінің әліппесі, абжад есебі, шәкірттердің танымдық деңгейін көтеруге арналған сұрақ-жауаптар бар. Біз оларға көп мән бергеніміз жоқ, оларды назардан тыс қалдырдық.

¹ Утамши хаджи. Чингиз-наме. –Алма-Ата: «Ғылым», 1992., С. 109-112.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАР

Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде, оның аумағында көптеген ғасырлар бойы ел тарихында өзіндік орын алған, белгілі бір әлеуметтік ортада өмір сүрген тұлғалардың алып келіп жерленгені белгілі.

Әр кезеңнің өзіне тән жағдайына қарай кесенеге оның жанына жерленген тұлғалардың бірқатарына тоқтап өтейік.

Үсен би Құли баласы осы тұлғалардың бір деуге болады. Үсен Құли баласының сүйегін де Сарыарқадан кесенеге арнайы алып келіп жерлеген екен. Деректерге қарағанда алпыс шұбар атпен арнайы көш жабдықталған. 1856-1857 жылдары Ш.Уәлиханов жазып алған «Көкетай ханның өлімі мен асы» жырында «Әр атаның баласына алабас жорға мен шұбар ат беруім керек, асқа сойылған малдың етін мүшелеп - мүшелеп жасына қарай бөліп беруім керек» деген тұстарын назар аударсақ, шұбар ат беру, шұбар аттардың елдің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарында қолданылғанын байқауға болады [1, 114б]. Сонымен бірге бидің қазасын жоқтаған жоқтаулар айтылып, ол ел арасына таралып, соңғы кезге дейін айтылып келген. Жоқтауды айтқан найманның қызы Ақшабақ болды. Үсен бидің ұрпақтарының айтуынша бидің басына қойылған қабіртасын 1956 жылы кесененің оңтүстік порталынан көрген [2]. Шаштұғыл би де Үсен бимен бір мезгілде кесенеді жерленген. Деректерге қарағанда Сарыарқадан екі қаралы көш бірге келген екен [3]. Ғасырлар бойы басқа жерде қайтыс болса да адамдарды кесенеге алып келіп жерлеу дәстүрі жойылмаған. Әзірет Сұлтанға арнайы алып келіп жерленген тұлғалардың арнайы түрде алыстан алып келінген, оған арнаулы көш дайындалып, мәйіттер арнайы сақталып, сөреге қойып, былғарымен қапталған.

Үсенбидің тарихи шежіресін таратқан ұрпақтарының шежіресінде «атамекен қонысы Есіл – Атбасар - Қараөткел деген жерде»деп айтылады [4, 22 б]. Түркістанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген найман балталы Құли Үсен би ұрпақтарының шежіре таратуына сүйенсек би 1750 жылы дүниеге келген. 1640 жылы туылған, өзі би болған Құли бабасының шөбересі болып келетін Үсен бидің егіз болғанын шежіреден көруге болады. Асан және Үсен деген егіз болған. Құли бидің ұрпақтары «Бөлек» - «Бөлекше Ана» деп қадірлеген атаған аналарынан тараған ұрпақтары, атап айтқанда Құли бидің ұлы Жарасбайдың ұлы Жәлмембеттің баласы Үсен өз

кезеңінде би болып, қазақ халқы үшін өте қиын заманда ғұмыр кешкен. Елі ардақтап, киелі жерге әкеліп жерлеуінің де оның қоғам үшін сіңірген еңбегін көрсеткендей. Құлидің Бөлекше анадан басқа Қарашаш анадан тараған ұрпақтары да бар. Шежіре деректеріне сүйенсек Жәлменбеттен туған Асан-Үсен деген ұлдары болған. Үсен бидің Әбілғазы-Бексейт деген ұлдарынан тараған ұрпақтарының деректері негізге алынып отыр. 1750 жылы туылған Үсен бидің қазақ қоғамының өміріне араласуы, Түркістанға әкеліп жерленуі бидің сол кездегі елдің қоғамдық өміріндегі ерекше қызметін көрсетеді.

Үсен би дүниеге келіп, өмір сүрген XVIII ғасырдың екінші жартысы мен -XIX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін күрделі саяси-экономикалық жағдайда өткені тарихтан белгілі. Қазақ қоғамында билер, шешен, батырлардың ел-жұртқа, ел игілігіне ерекше қызмет еткені белгілі. Би болу қазақ қоғамында беделге негізделген. Үлгілі, өсиетті, әділ, ары, білімі бар тұлға ғана қазақ қоғамында би бола алатын. Сол кездегі елдің көш басшысы болған тұлғалардың бірі болды. Ертедегі қазақ дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның әйелі мен қыздары жоқтап дауыс айтқан. Адамның өміріндегі елеулі оқиғалардың бәрі жоқтау жырына қосылып отырған [5, 94 б]. Қаралы көш әр ауылдың үстінен өткенде, тұлданған атты жетектеген әйел мен қыздары дауыс айтып жылаған. Қайтыс болған адам туралы жоқтау осы кезге дейін келіп жетіп отыр. Қазақтың би, батырларына арналған жоқтаулар-Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шұбыртпалы Ағыбай т.б. жоқтаулар қазақ әдебиетінде өзіндік орын алған. Қаз дауысты Қазыбек би, Кеңгірбайдың қыздарының жоқтауы бүгінге дейін ел аузында сақталып жетіп отыр [6, 145 б].

Ә.Марғұлан зерттеулерінде ежелгі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қазақ, қырғыз халқына жеткен тарихи жоралар дейді [15]. Ә.Марғұлан зерттеуіндегідей «Манас» жырында Манас Көкөтайдың асына шеруде ылғи боз ат пен қара атқа мінгізіп, бір түсті көк кигізу ескі ғұндар мен орхон түріктерінен қалған рәсім [7, 275 б]

XVIII соңында алпыс шұбар атпен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне Арқадан Үсен биді, Шаштұғыл биді салтанатты алып келу шеруі де осының айғағы деуге болады.

Кесенеде жерленген тұлғалардың ішінде әйел адамдарда аз емес.

Кесенедегі сақталған әйелдерге тән құлыптастардың хронологиялық тізіміне назар аударғанда Рәбия Сұлтан Бегім (1485 ж. қайтыс болған), Аман бике ханым (1519-1520), Мәстүра ханым (1519 ж), Хадиша сұлтан (XVI ғ. басы), Дана Бибі Мір Қалани (1597), Қарона Бибінің (1689 ж.) – құлыптастары мен ондағы жазулары сақталған [9,43].

Жалпы, қабіртастардағы жазулар мен бейнелер елдің рухани және заттай мәдениеті туралы түсінік беретіні белгілі [10]. Кесенеді сақталған қабіртастардағы жазулар ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері зерттеу нысанасы болды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабіртастағы жазуларды оқу, мәтінін талдау жұмыстарын 1867 жылдары П.Лерх, 1896 жылдары П.Н.Ахмеров, 1928 -1930 жылдары М.Е.Массон, 1978-1982 жылдары А.Дербесәлиев, 1995 жылдары Б.М.Бабажанов, А.К.Муминов т.б. жүргізді [11].

Қайтыс болған адамдардың қабірінің басына қабіртастар қою сан ғасырлар көлемінде жалғасып келе жатқан дәстүр екені белгілі.

Қабіртастағы жазулар исламды қабылдаған түркі халықтарында келесі құрылымда бөлінді:

1. Діни. Қабіртастарда Құран аяттары немесе хадистер жазылады.
2. Марқұмды бейнелеген, оның ізгі істері, өмірі туралы жазылады.
3. Марқұмның ата-тегі, аты, титулы жазылған.
4. Ізгі тілектер, хиджра бойынша қайтыс болған уақыты жазылған [10].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталған қабіртастардан осы айтылған белгілердің барлығын табуға болады.

Осында жерленген әйел тұлғалардың ішінде қабіртасы сақталғандардың бірі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағында сағанасы бар тұлға - Рәбия Сұлтан Бегім деуге болады. XV ғ. өмір сүрген Рәбия Сұлтан Бегім Әмір Темірдің шөбересі, Ұлықбектің қызы, Әбілхайырханның әйелі болды. 1451 жылы Әбу Сайд Самарқандты алған соң Әбілхайырханға ұзатылған, қайтыс болған соң осы жерде жерленеді [12, 144]. Рәбия Сұлтан Бегімнің мазары 1864 жылға дейін сақталған болатын. Бұл күмбезді, бірнеше бөлмелі сағана салыну үлгісі бойынша XV ғ. мерзімделген.

Рәбия Сұлтан Бегім мавзолейін тарихи-библиографиялық тұрғыдан зерделеген ғалымдар салыну мерзімі 1495 жылға дейін, немесе 1510-1530 жылдар арасында салынды деген тұжырым айтады. 1864 жылы кесене, оның жанындағы сағаналар шаруашылық мұқтаждарға пайдаланылған. Атап айтқанда, Рәбия Сұлтан Бегімнің сағанасы оқ-дәрі қоймасы ретінде қолданылды. 1895 жылы сағана қирап, құлайды. 1870 жылдары А.Кунның альбомында мазардың суреті берілген болатын.

ХІХ ғ. екінші жартысында, 1895 жылы Ә.Диваев П.Н.Ахмеровке Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың, солардың ішінде қабіртастардағы жазулардың көшірмесін жібереді. П.Н.Ахмеров өз кезегінде жазуларды аударған және солардың ішінде атап өтілген тұлғалардың да қабіртастарындағы жазулар қамтылды [13, 546-551]. Рәбия Сұлтан Бегімнің қабіртасындағы жазуларды 1867 жылдары П.Лерх, 1896 жылдары

П.Н.Ахмеров, 1928 -1930 жылдары М.Е.Массон, 1978-1982 жылдары А.Дербесәлиев, 1995 жылдары Б.М.Бабажанов, А.К.Муминов аударған [11].

Тарихи деректерге карағанда Рәбия Сұлтан Бегімнің әкесі Ұлықбекті Әмір Темір 1405 жылы Мұхаммед Сұлтанның қызы Өте Бегімге үйлендірген. Рәбия Сұлтан Бегімнің туған жылын зерттеушілер шамамен 1430 жылдың ортасы, қайтыс болған жылы 1485 жыл деп тұжырымдайды [14, 67]. XV ғ. өмір сүрген Рәбия Сұлтан Бегімнің Әбілхайыр хан мемлекетіндегі халықтар арасында өте абыройлы болғаны, саяси мәселелерді шешуге араласып, ықпал еткені туралы тұжырымдар бар. Зерттеулерге сүйенсек өз әкесі Ұлықбекті өлтірген Әбу Саидтың саяси іс - әрекетіне қарсы әрекет жасайды [15, 170]. Рәбия Сұлтан Бегім өмір сүрген уақыт билік үшін өз ара талас, соғыс, саяси-әлеуметтік өзгерістер заманы болды. Әбілхайырхан қайтыс болған соң он алты жыл ғұмыр кешкен. Ол Әбілхайырханның екі ұлы Көшкінші мен Сүйініш қожаның анасы ретінде белгілі. Рәбия Сұлтан Бегімнің қабіртасындағы жазуға қарап, «жақсы іс әрекеттерімен, мейірімді істерімен, бекзаттығымен белгілі болған тұлға болғанын» байқаймыз [16].

Кесенеде Рәбия Сұлтан Бегімнің шөбересі, Келді Мұхаммедтің қызы 1519 жылы қайтыс болған Мастура ханымның қабіртасы сақталған. Мастура ханымды зерттеушілер Рәбия Сұлтан Бегім сағанасындағы жер асты мүрдеханасынан табылған балалар сүйектерінің негізінде «жастай, ауру-сырқаудан қайтқан сияқты» деген болжам айтады [15, 17].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қазақ ханы Жәнібек ханның қызы Аман бике ханымның құлыптасы сақталған. 1894 жылы П.Н.Ахмеровтың Лутфулла қожа ата Қазиевтің қолжазбасынан жасаған аудармасында «Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи мешітінің үлкен күмбезіннің құдықханаға кірер есігінің алдындағы құлыптастағы жазуды «Это могила принадлежит прощенной, помилованной, благоуспешной, сокрытой (от взоров человеческих) Аман Бике ханши, дочери Джанибекхана, сына Барак хана» деп жазып берілген. Аман Бике ханшаның қайтыс болған жылы хиджра бойынша 925 раджаб айы - 1519 жылдың маусымы деп көрсетілген. Исламды қабылдаған түркі халықтарында қабіртастарда Құран аяттары немесе хадистер, марқұмды бейнелеген, оның ізгі істері, өмірі туралы жазылатынына назар аударсақ, Жәнібек ханның қызы Аман бикенің қабіртасындағы жазулардың мәтіні ханшаның жақсы, игілікті іс әрекеттің иесі болғанын, адамдар көзінен тыс, сыпайлығы мен инабаттылығын бейнелегендей [13, 544].

Кесенеде 1928 жылы зерттеу жүргізген М.Е.Массонның зерттеуінде «Правое-Малый Ак-сарай, под сводами которого лежит шесть надгробных

плит. Одно из надгробий какой –то казахской женщины покрыто изображениями предметов ее обихода: зеркало, гребень, ножницы» деген [16, 17]. Ортағасырлардағы, одан кейінгі жерлеу орындарындағы қабіртастардың ішінде әйелдерге тән қабіртастарда айна, қайшы, тарақ, әшекейлер жиі салынған. Аталған заттар әйел затының күнделікті өмірінде кең қолданған бұйымдары. Қола айналар көне заманнан келе жатқан жерлеу орындарынан жиі табылатынын археологиялық материалдар дәлелдеп отыр. Қабіртастағы қайшы, айна, тарақтың бейнеленуі ел нанымында қорғаушы ретінде де танылуымен ерекшеленеді. Ел арасында баланы бесікке бөлегенде жастығының астына пышақ, қайшы, айна қою рәсімі бар.

Аман бике ханымның құлыптасы 1894 жылы П.Н.Ахмеровтың Лутфулла қожа ата Қазиевтің қолжазбасынан Ә.Диваевтың ұсынуымен жасаған аудармасына қарағанда қазандық бөлмесінің құдықхан бөлмесінің есігінің алдында тұрған [13], ал, 1928 жылғы М.Е.Массонның жазған зерттеуінен Кіші Ақсарайда тұрғанын байқауға болады [16]. 1974 жылғы М.Д.Галкинаның қабіртастардың орны берілген жоспарында Аманбике ханымның құлыптасы Қазандық бөлмесінде Үлкен Ақсарайға және Кіші Ақсарайға баратын дәліздің есігінің сол жақ тұсында орналасқаны көрсетілген. Құлыптастар да өз иелеріне қатысты ақпараттарды ала отыры, көптеген уақыт көлемінде болған саяси-әлеуметтік тағы басқа да өзгерістер мен іс-әрекеттердің тезіне кезігіп, өзіндік жағдайды кешкені байқалады. Аманбике ханымның өмір сүріп, қайтыс болған кезеңдері қазақ хандығының өзінің ең жоғары қуаттылығына жеткен уақытпен тұспа-тұс келеді [9, 157].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген бұл әйелдерді өз заманында сол кездегі қоғамда, әлеуметтік ортада өзіндік орын алған, ғұмыр кешкен, қасиетті жерде жерленген қадірлі аналар, қыздар деуге болады.

Әдебиеттер

1. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-басылым. Екінші том. -Алматы: Толағай, 2010. -464-бет.
2. Дерек беруші: Шайхым Досмырзаев 1932 ж. туылған . Түркістан тұрғыны.
3. Дерек беруші: Стамбек Қуандықов 1925ж. туылған. Түркістан тұрғыны.
4. Нұрмаханұлы Қ. Найман Балталы руының Құли атадан тараған ұрпақтарының шежіресі. -Шымкент. «Ғасыр-Ш», 2005. -150 бет.
5. Қазақтың көне тарихы /Дайындаған М.Қали. -Алматы: Жалын, 1993. -400 бет.

- 6.Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том. –Алматы, 2005. - 328 бет.
- 7.Марғұлан Ә.Х.Ежелгі жыр-аңыздар. -Алматы, 1985; соныкі: Шоқан және «Манас».-Алматы, 1971.
- 8.Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. -Алматы: Жазушы,1980. -368 бет. - 275 бет.
- 9.Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. –Алматы, 2000. - 90 бет
- 10.Ханмурзаева И. Кумыкские надгробные памятники (сын таш)// Тюрки Северного Кавказа: История, археология, этнография. Сб. Научных трудов / под ред. А.А.Глашева. –М.: Эльбрусид, 2009.
- 11.Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. СПб., 1870, ГРБ. С.20-21; Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясеви// Известия общества археология, истории и этнографии при Казанском университете. Т.13, вып. 6. 1896.-545 с.; Массон М.Е.Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. –Ташкент, 1930. -22с.; Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. –Алматы, 2000. -90 бет
12. Бартольд В.В. Сочинения. Т.2., 1964. -652 с.
- 13.Ахмеров П.Н.Надписи мечети Ахмеда Ясеви// Известия общества археология, истории и этнографии при Казанском университете. Т.13, вып. 6. 1896. -546-551с.
- 14.Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. –Алматы, 2000. -90 бет.
- 15.Тарихи-и Абулхайрхани. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинении). –Алма-Ата, 1969. –С.170-170;
- 16.Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. –Ташкент, 1930. –С.17

Резюме

В статье рассказывается об исторических личностях, погребенных в мавзолее Ходжи Ахмеда Ясави. Также, рассматриваются древнетюркские обычаи и традиции, которые соблюдались на разных этапах при погребении в мавзолее исторических личностей.

The article tells about historical figures buried in the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, as well as Old Turkic customs and traditions that had been observed at different stages during the burial of historical figures.

Ә.Егеубаева
«Әзірет Сұлтан»
мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК Қор сақтау бөлімінің қызметкері

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ БЕЛДІК ТОҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қазбалар барысынан табылған металдан жасалған әшекейлер мен әр түрлі әшекейлі жапсырмалар Еуразияның ортағасырлық көшпелілерінің маңызды атрибуттарының бірі болып саналады. Белбеуге арналған жапсырма түрлерінің сәнді үлгілерінің өзгешеліктері мен оларды әр жерлерде пайдаланулары, ортағасырлық мәдениеттің – көшпелілердің және отырықшы көршілес елдердің хронологиясын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге белбеу жабдықтары әр түрлі халықтардың арасындағы мәдени байланыстардың көреткішін білдіреді.

Қазбалардан табылған олжалардың көпшілігі белдікке, ат әбзелдеріне, әйелдер әшекейлеріне арналып жасалғандықтан, пішіндері, түрлері әр түрлі келген, қоладан құйылып жасалған заттар болады. Теріден, былғарыдан жасалған бұйымдарға бекіту үшін көбінің ішкі жағында арнайы түйреуіш ретінде істіктері бар.

Белбеулерді Еуразия аумақтарында мекендеген көшпелі және отырықшы халықтар арасында пайдаланып кең таралуына қарамастан, олар бірнеше әр түрлі нұсқаларымен және өндірудің бірнеше орталықтарымен ерекшеленеді.

Түркілер кезеңіндегі белбеулердің ертеден келе жатқан белбеулерден біршама ерекшеліктері болғанымен жүйелі дәстүрден ажыраған емес. Хунн дәуіріндегі белдік жиынтықтарының құрамына төртбұрышты әрі кертікті болып жасалған тоғалар кірді, тек олар үлкенірек және ағаштан жасалынған. Бұған, атап айтқанда Алтай тауларының қорымдарынан жиналған белбеулердің табылуы дәлел бола алады (Кубарев, 1987, с.80).[1]

Бізге жеткен түркілердің белдік жиынтықтарының пішінідері, түрлерінің үйлесімділігі мен ерекшеліктерінің әртүрлі болуымен бірге олардың материалы, ою-өрнектері, жауынгердің әлеуметтік жағдайларын білдірді. Белдіктегі жапсырманың өзі геральдикалық белгі ретінде қызмет етті, ол әскери істегі еңбегі үшін берілді. "(аударма Малова, 1952, 95 б.) Сонымен қатар, белдіктердің жалпы саны түркі жауынгері үшін ерекше белгі болды: оның әскери иерархиядағы орны неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның белдігі соғұрлым әдемі болды. Мұны руна жазуы да растайды: "менің батырлық ерлігім. Менің белбеуім 42 (ресми) әшекейлермен " (аударма Малова, 1952, 93 б.). деп жазылған.[2]

Көшпелілердің әскери ұйымдағы орнын анықтауда Лир түріндегі ерекше тоғаларға ерекше мән берілді. Олар VIII-IX ғасырларда түріктер үшін ерекше белгі болды. Лир түріндегі ерекше тоғалар ежелгі түркілердің негізгі белдік жиынтықтарының бірі болды. Оларды зерттеушілер «қалқаншалы салпыншақ» деп те атайды. Лир тәрізді белдік тоғаларды белдікті аяқтап буатын жеріне орнатады.

Белдік тоғалары пішіндеріне қарай әр түрлі болды. Жақтаулы қалқаншалы, тік бұрышты жақтаулы немесе сопақша жақтаулы болып сондай ақ, мұндай темірден дөңгелек пішінде жасалынған тоғалар балалар молаларынан табылған.

Ең көп таралған қола белбеулер болды. Бірақ күміс жалатылған белбеулер қарапайым жауынгерлер арасында аз болған.

Алтайдың (құрай, Тұяхта, Ұзынтал) және Туваның (қара-Чоога, ақ-Турут, кара-Тал және т.б.) кейбір жерлеулерінен атақты жауынгерлердің белбеулері табылды. Олар жапсырмалар мен салпыншақтардың көптігімен ерекшеленумен бірге, қымбат металдардан-алтын мен күмістен жасалып бай безендірілген. Жауынгердің тектілігі туралы қабірлерден табылған басқа да заттардан білуге болады, сондай-ақ жерленгендердің қасында екі, тіпті үш аттың сүйектері де табылған. Сонымен бірге, белдікте оның атақты жауынгерге тиесілі екендігі туралы тікелей нұсқау болған, мысалы, құрай IV 1/2 жерлеу белдігінің ұшындағы Орхон шрифтімен: "қожайын (мырза) ақ-Кушак" (Киселевтің аудармасы, 1951, 536 б.). Әдетте мұндай жауынгер бірнеше белбеу таққан. Бұл пенджикенттік фрескаларда да жақсы көрінеді: мұнда асыл шабандоздар ауыр қару-жарақта бейнеленген, екі жиынтық белбеуі бар, жалпақ садақтары бар тар иілген садақ, екі белдікке ілулі. Қылыш екі белдікке, қанжарға-белге қатар ілулі тұрды. Сонымен, киімнің үстіне қойылған "жауынгерлік" белбеуден басқа, костюмнің құрамына кіретін тағы бір немесе екі белбеу болды. Бұған бір жерлеу орнынан бірнеше белдік тоғалардың табылуы дәлел және жапсырмалары жоқ ұзын былғары белдіктердің қалдықтары (Қурай IV-2, МТ 57-XXXVI; Аймырлыг I VIII-52 және т.б.). қазбаларынан табылған. [3]

Музей қорындағы белдік тоғалары мен белдік жапсырмаларының жиырмадан астам түрлері бар. Олар Шойтөбе, Сидак, Күлтөбе, Қаратөбе қала орындарындағы қазбалар барысынан табылған. Олар әр түрлі кезеңдерді қамтиды. ӘСММ КК №692, КК №976, КК №2497, КК №2816, КК №3033 VI – VIII ғғ. тоғалар түркілер кезеңіне жатады. Дәстүрлі тоғалар тәрізді бұл кезеңдегі тоғалар да, металдан жасалып, көрінісі екі бөліктен құралған және тік төрт бұрышты жақтаулы (рамалы) болып келген. Олардың ішіндегі ӘСММ, КК №692, КК №976 тоғалар түркілер кезеңіндегі

«лир түріндегі» тоғаларға ұқсастырып, екінші бөлігі сүйірленіп арка тәрізденіп жасалған. Мерзімдеулері VI – VIII ғғ. тән. ӘСММ, КК №976 белдік тоғасы 1997 ж. Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының Қазандық бөлмесіндегі №26 қабірді аршу барысында табылған (1-сурет). Тоғаның екі бөліктің біріккен тұсынан ортасына әрі-бері қозғалып тұру үшін жіңішке шыбық орнатылып, ортасына ұз-2 см, түб жағының ені 0,8 см. шамасындағы істік жасалған. Оны «тіл» деп те атауға болады. Тілдің үш жағы жіңішкеріп кішкене ойық болып келген. Нақтылап айтсақ, тоғалардың басты қызметі белге асынған қарулар мен киімдерді тежеуге, әрі белдіктің ұшын тұйықтап бекітіп тұратын қызметтерді атқарады. Тағы келесі ӘСММ, КК №3033 тоғаның пішіні мен өлшемі кішкентай сірә балаға арналған белді тоғасы болуы мүмкін.[4] (2-сурет)

Музей қорындағы белдікке арналған жапсырмалардың бірнеше түрі бар. Олардың қандай белдіктерге арналып жасалғаны белгісіз, себебі белдіктер былғарыдан болғандықтан шіріп, күлге айналған. Жапсырмалардың дөңгелектенген немесе конус тәрізденіп келіп ішкі беті ойыңқы болып келген, дөңгелек конус тәрізді, төртбұрышты, дөңгелек жалпақ және жүрек тәрізденіп келіп, жоғарғы жағында дөңестеліп бекітуге арналған істікті болып келген түрлері бар.

Музей қорында Қаратөбе–Сауран қазбасынан табылған. ӘСММ, КК №3337 (3-сурет) XI-XII ғғ. тән белдікке арналған жапсырмаға тоқталсақ. Жапсырма ұзынша төртбұрыш пішінді болып, астыңғы беті ойық болып келген. Оның екі жерінен бекітуге арналған 1 см. шамасындағы істік көтерілген. Өлшемі 2,5 x 09 x 03 см. шамасында. Белдік әшекейлерінің ою-өрнегі бірнеше түрге бөлінеді: геометриялық, өсімдік, зооморфты және сирек кездесетін антропоморфты. Оюланған бөлшектердің ең көп саны белдік ұштықтар тобында (және пішіні бойынша оларға жақын жапсырмалар) болады. Біздің қарастырып отырған жапсырмадағы өрнектер өсімдікті өрнектер түсірілген деуге болады. Нақтылап айтсақ беткі жағының нақ ортасына қазақтың қошқар мүйізді өрнегі мен айналасына өсімдік желегі тәрізді өрнектер түсірілген. [5] Жапсырмалар туралы Ковалевская В.Б. Традиций прорезных поясов в памятниках кудыргинского типа атты мақаласында «Дөңгелек түріндегі жапсырмалар VI-VII ғғ. пайда болып, солтүстік Қара теңіз аймағынан бірінші дәуірлерде Батыс түрік қағанаты кезінде бүкіл Евразияға тараған» деп айтқан.

Біз белдік тоғаларын қарастыру барысында байқағанымыз, олар бірнеше қызметті атқарды деп топшылауға болады: біріншіден, киімді ұстап тұратын белдіктің өзі ретінде пайдаланылды; екіншіден, әскери ерекшелік немесе қоғамдық жағдай белгісі ретінде, үшіншіден, сыртқы киімнің

әшекейлік бөлшегі ретінде пайдаланылды. Соңғы жағдайда белдіктер ою-өрнектермен безендіріліп, белгілі бір эстетикалық және семантикалық жүктемені алып жүрді. Көбінесе алтын және күміс тоғалар мен қаптамалар оюланып жасалды. Жалпы Түркілер кезеңіндегі белдеулерден ою-өрнектің үш түрін көруге болады: геометриялық, өсімдік және зооморфты.

Қараханидтер кезеңіне дейін белдік жиынтықтарын өндірудің негізгі әдісі құю болды. Белдіктің құйылған бөлшектерін жасау әдісі бірнеше кезеңнен өтті. Құю екі жақты жүргізілді. Оларға дәлел ортағасырлық Ақ-бешім қалашығын қазу барысы кезінде тұтас күйіндегі жер қалып (опока) табылғаны. Жер қалып саз-құм қосу арқылы пішінделіп, оған дайындалған сұйықтық құйылып, онда өз кезегінде қажетті өнімдерді алатын болған. Жер қалыптың екінші жағына қысқа болып орталық құю каналының мойны жасалып сол арқылы балқытылған металл құйылатын болған. Заттардың бастапқы үлгілері балауыздан жасалған, ол пішіндерді жағу кезінде еріп кететін болған. Кейде қалыптарды басып шығару үшін арнайы қоладан жасалған штамптары бар мөрлерді (патрица) қолданған. Мұндай құю әдісі Қытайда қола монеталарын құю үшін кеңінен қолданылған екен. (5)

Біз бұл мақаламызда музей қорындағы белдік тоғалары мен белдік жапсырмаларының түрлері және қызметі туралы көпшілікке мағлұмат беру және таныстыру болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Б. Овчинникова

Тюркские древности Саяно-Алтая в VI-X веках.

// Свердловск: УрГУ. 1990. 223 с. ISBN 5-7525-0086-9

2. С.Малова, Енисейская письменность тюрков. Тексты и переводы. Изд Академий СССР Москва-Ленинград .1952, С-93.)

3. В.И. Распопова. Поясной набор Согда VII-VIII вв. // СА. 1965. №4. С. 78-91.

4. ЭСММ қор материалдары


5. Смагулов Ербулат., Древний Сауран, Алматы, 2011. С-281-285. рис.50-53

6.Торгаев Асан Исакбекович. Ременные украшения Семиречья V - начала XIII вв.

Автореферат. диссертаций на соискание ученой степени. Санкт-Петербург 2011.



1-цyper



2-цyper



(3-цyper)

М.Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің ғылыми қызметкері

«БАҒАНАЛЫНЫҢ ТӨРТ БОСАҒАСЫ» БИЛІК ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БАБЫР БИ

Еліміз Ресейге бодан болған кезеңнен бастап, Қазақ мемлекетінің іргетасын қалап кеткен, елім деп еңіреген небір қайраткер бабаларымызға тарих сахнасының, ең болмаса, босағасынан да орын тиген жоқ. Әсіресе, еліміздің тұлғалары шетінен жағымсыз етіліп көрсетілді.

Тарихтан белгілі, дәстүрлі қазақ қоғамында басқарудың тамаша демократиялық жүйесі қалыптасқан еді. Ол – билер құқығы, осынау билік иелері өткізген билер кеңесі, билер соты. Негізінен, қазақ халқының ежелден қалыптасқан сана-сезімінде билік – «ел басқару», «өкім ету» сөздерімен мәндес ұғымда болды. Қазақ хандығы, одан кейінгі патшалық Ресейдің қол астындағы кезеңдерде қазақтан талай азулы билер шықты.

Олар халық пен ханның арасында дәнекер, үйлестіруші, тіпті, мемлекеттің рухани-идеологиялық саясатын жүзеге асырушылар болды. Қазақтың мемлекеттік құрылымындағы мұндай қызмет – «билер институты» деп аталады.

Міне осындай билік қызметі Ұлытау өңірінде ел басқарып, ел билеген, «Бағаналының төрт босағасы» деген билік жүйесінің болғандығын ауызша тарихи деректер куәландырады.

Бұл – «төрткүл дүниеде төбеге ынтымақ оралсын», «төрт құбыламызды түгендейік», төрт босағаны нығайтып, қай жағымыздан да дұшпан келсе де мығым тұрсын, «үшеу билік айтса, төртіншісі құптап, төбе билік етілсін» деген ниеттен туындаған ой. [5. 43 б.б.]

Жалпы, Ұлытау өңірінде «Төрт босаға» сөз тіркесі тұтас тарихты қамтитын айтулы оқиға. Оның мемлекетіміздің бүгінгі тұтастығына қосқан тарихи үлесі де аса зор.

Ұлытау өлкесінде, XIX ғасырдың орта тұсында өмір сүріп, шежіре-жылнамаға Бағаналының төрт босағасы болып енген Бабыр би, Қадір би, Шегір би, Сандыбай батыр жайлы айтпай кетуге болмайды. Олар елін бәтуа-бірлікке шақырып, қара қылды қақ жарып әділ билік айтқан ауызы дуалы билер. Бағаналының төрт босағасы атанған: Қадыр би – пірі, Шегір – биі, Сандыбай – батыры, Бабыр би - мырзасы болған.

Бағаналы жұртының маңдайына біткен осы бір марқасқалары қолдарына тиген ел басқару тізгінін еркін ұстап, істің оңын, шаруаның жайын жақсы біліп ортақ шешімге келудің үлгісін көрсеткен. Соның да арқасы болар, Ұлытау өңіріндегі елдің ең бір өсіп-өніп, толысқан шағы осы тұсқа келеді. Осы бабаларымыздың ел басқарудағы үлгі-өнегесінің, бірерін дерек ретінде ұсынуды жөн санадым. Көшіп-қонып жүретін қазақ қауымының қай кездерде болсын ең бір даулы мәселесі жер бөлісу болған ғой. Бағаналының төрт босағасы осыны дау-дамайсыз, ұрыс-керіссіз шеше алған. Төрт босағаның кезекті бір басқосуында Шегір айтыпты: «Екі Кеңгірді – Сары-Сарғалдақ пен Жырық, екі Жездіні – Ибеске мен Жұртшы, Ырғайлы мен Байқоңыр өзенін Ақтаз алсын». Сөйтіп, Сарыкеңгір мен Қаракеңгір – Сандыбай мен Қадірге, Жезді мен Балажезді – Бабырға, Ырғайлы мен Байқоңыр Шегірге тиіпті. Билер де риза, билер бастаған рулы елдер де риза болыпты. Осы бітімгершілікке келе алған бәтуалы отырыстан кейін «Ұлытауды жаратуын құдай жаратты, бөлуін Шегір бөлді» деген сөз қалған. Осындай қанатты сөз кейінірек Сандыбайұлы Ерденге қатысты «Жерді Алла жаратқан, елге Ерден таратқан» деп айтылған. Төрт босаға өз аймақтарындағы биліктің аумақтық құрылымын ақылмен анықтай алған. Осы төрттіктің сөзі сөз болған. Өздеріне тиесілі жаз жайлау, қыс қоныстарының шаруаларын әрқайсысы өздері реттеп, аймақтағы ортақ мәселелерді «төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген қағиданы басшылыққа алып шешіп отырған. **[4.137-143.]**

Солардың бірі әрі бірегейі Бағаналының төрт босағасының біреуі – Бабыр би Бөкеншіұлы 1770 жылы дүниеге келген.

Бабыр бидің сөзге жүйрік, көкірегі ояу, ескіше білімдар жан болғандығына айғақ дүние ретінде Түркістандағы Иман қажының «Дарының мен білімінді барша халқың пайдалансын» деп ишандық қызметке шақыруы дәлел. Алайда, аталған шақыруға елдегі қым-қиғаш саяси-әлеуметтік мәселелерді қалдырып кете алмаған.

Ол керей Жабай би, Торайғыр (Сұлтанмахмұт Торайғыровтың атасы), Шоң сияқты қалың қазаққа белгілі рубасылармен сыйлас болған. **[6.124-127 б.б.]**

Негізі, Бабыр бидің жаратылысынан ерекше туған, бөлек тұлға екеніне қазақтың соңғы ханы Кенесары ақыл сала келгенде «Қырғызбен соғысып, береке таппассың. Басқа амалын қарастыр» деп берген кеңесі куә. Алайда, Кенесары хан тоқтамасын білген соң:

Бағың мен бағытың Батыста екен,
Жолың жабық екен Шығыста.

Алған бетіңнен қайтпайсың ғой, хан ием,
Әттең, жолың болғалы тұр орыста.
Бұл барғаннан барарсың,
Жақыннан қаза табарсың, – деп бір тоқтап,
«Япыр-ай, Хан ием, алтын басың жауға ғана емес, дауға да кезіккелі тұр» деп күрсінсе керек. Хан тарапынан райынан қайтар шырай білінбеген соң, Наурызбай тағдырын да сөз ете тікесінен бір-ақ айтқан екен:

Бірің басыңды алдырарсың,
Бірің басыңды қалдырарсың.
Жазмыштан озмыш жоқ деген,
Бұл тағдыр, Хан ием!
Одан қашып құтылмайсың,
Алла алдыңнан жарылқасын! — деп батасын

берген. [3.34-35 б.б.]

– Бірде Бабыр би науқастанып жатқанда замандасы Шегір би көңілін сұрай келіп:

– Ойыңызда жүрген ұрпақтарыңыз жайында артыңызға қалдыратын қандай өсиетіңіз бар? — деп көкейінде жүрген сауалдарын қойған екен.

Сонда Бабыр би: «Елімізге, жерімізге басқа көз алартқан соң, амалсыздан халқымыз Ресей патшасының қол астына кіруге мәжбүр болар. Жеріміз кең, бай болғанымен ұрпағымыздың саны көбеймей, жерімізді-байлығымызды өзіміз толық меңгермей, еркіндік-бостандықты өз ұрпағымыз ала алмай, сырттан сөз жүзінде ғана көмек алып, іс жүзінде жағдайлары болмас. Бір-біріне қайырымдылығы азайып, төтенше ауыр саясатқа қарсы күресе алмай, ауыртпалықта қайғы-мұң кешіп, амалсыздан түрлі жағдайға ұшырап, өмірі қысқа болады» деп ауыр күрсінген екен. Зейін қоя тыңдап отырған Шегір би ойлана сөйлеп: «Елді бірлікке, ымырашылыққа, ұйымшылдыққа, алдыңғы қатарлы ел болуға топтастыратын, баулитын ұрпақ бола ма?» деп сауалын жалғаған екен. Сонда Бабыр би: «Алла Тағаланың күш-қуатымен жүз жылдан кейін ел жаңадан өзгерер. Елді қалыпқа келтірер еркіндік туар. Ол заманда Алла Тағала бір пенде жаратады. Елдің тілін, дінін, жағдайын жақсартуда ел басшылары руға бөлмей топтастырса, ол пенде халқымызды ел болуға бастайды» деп тоқтапты.

Бабыр мырза Қызылтаз – Ибеске –Жұртшы болысын Ресей қарамағына кірген күннен бастап (1832ж.), 1958 жылға дейін үздіксіз басқарған. Кенесары көтерілісінің мәні мен мақсатын жан – тәнімен

түсініп, одан қолдау – көмегін аямаған адам ретінде белгілі. Бабырдың бақандай он ұлы мен он екі немересінің Кенесары ханның жасағында бастан – аяқ болғандығының өзі оның туған елінің азаттығы мен дербестігін аңсаған дара тұлғалардың бірегейі екендігін аңғартады.

Омбы Мемлекеттік архивінде Кенесары ханның 1844 жылдың аяқ тұсында Бабырға жолдаған хатының орысшаға аударылған көшірмесі сақтаулы тұр. Түпнұсқасын генерал-губернатор, князь П.Д.Горчаков 1845 жылдың ақпанының 9-да 257 санды қатынаспен Санкт-Петербургке жіберген. Бұл хатта Кенесары Бабырға сәлем жолдап, денсаулық тілеп, оған өзінің елубасысы Байтөлекті жіберіп отырғанын, барлық шаруаны Байтөлектің ауызға – ауыз айтатындығын жазған. **[1. 178-193 б.б]**

Ханның құпиялап арнайы хат жолдауының өзі кезінде бағаналының төрт босағасының бірі атанған Бабырдың ағайын арасында ғана емес, қалың қазақ ішінде де беделі биік болғандығын көрсетеді. Оған жоғарыда ұзын-ырғасы ғана баяндалған Сексен мен Шоң сияқты белгілі тұлғаларға қатысты әңгімелер де нақты дәлел.

Бабыр ауылы дәнді дақылдар еккен танаптардағы атыздардың іздері Жетіқыз жағаларында да, Сарлық сағаларында да күні бүгінге дейін өшпей сақталған.

Бабырдың ел арасындағы әртүрлі дауларды шешуге де салмағы айрықша болған. Оған Орынбор архивінде сақталған көптеген құжаттар дәлел. Тіпті Санкт-Петербургте демалыста жүрген жерінен Орынбор губернаторы граф В.А.Перовский Омбы губернаторы Г.Х.Гасфортқа қатарынан жолдаған екі хатында (14.12.1853жыл, 502 және 20.01.1854жыл, 104) қазақтар арасындағы мал дауына байланысты Бабыр Бөкеншіұлына салмақ салынса, істің әділ шешімсіз қалмайтындығын атап көрсетті. **[1.179-181 б.б.]**

Бабыр Бөкеншіұлының өмір тарихына қатысты мынадай қызықты дерек бар: би XIX ғасырдың орта тұсында мысты өлкенің жерасты байлығын игеруге алғаш болып инвестор тартып, орыс көпесі Никон Ушаковқа Жезқазғанның алты кен орнын жалға берген. **[2. 77-79 б.б.]**

Ел ішінде беделі зор болған Бабыр Бөкеншіұлымен патша ұлықтары да санасқан. Бұған дәлел – Орынбор генерал-губернаторы граф Василий Перовский Батыс-Сібір генерал-губернаторы Густав Гасфортқа екі рет хат жолдап, онда бимен дұрыс қарым-қатынас жасалған жағдайда қазақтарға байланысты қандай да даулы істің оңтайлы шешім табатынын жазған.

«Бағаналының төрт босағасы» атанған төрт бидің бірі Бабыр Бөкеншіұлының шапанын Қарағанды облысындағы Жезді кентінің Мәкен Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының қорына баба ұрпағы Дәметкен Әненқызы 1991 жылы тапсырды.



Бабыр бидің шапаны.

Аса құнды жәдігер саналатын шапан табиғи мақта-матадан бедерлі өрнек салып тігілген. Күні бүгінге дейін сапасын жоғалтпай, жақсы сақталған.

Заманының қабырғалы қайраткері Бабыр би Бөкеншіұлы 1864 жылы қайтыс болған. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында мәңгілік тыныстап жатыр..[7] Түйіндей келсек қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірханада мәңгі тыныстап жатқан Бағаналының төрт босағасының бірі атанған Бабырдың XIX ғасырдағы аласапыран кезеңде патшалы Ресейдің зымиян саясатының отына күйіп жүріп, отарлаушы ел саясатының сансыз бұралаңдарынан жол тауып шығып, еліне қорған, пана болуды алдыңғы кезекке қойып отырғандығын дәлелдейтін деректер бар.

In summary, in the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi in Holy Turkestan, there is evidence that Babur, who was one of the four free columns of the eternal resting column, burned in the fire of the evil policy of Tsarist Russia in the turbulent period of the XIX century, found his way through the countless twists of the policy of the colonizing country and put his country in the forefront of protection and refuge.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Ахметов Қ «Ұлы даланың Ұлытауы» Омбы, I-том, 1999,
- 2.Ахметов Қ. Ұлытау. Менің Отаным-Қазақстан. - Астана: Фолиант, 2006.
- 3.Ахметов Қ. Кенесары хан Ұлытау өңірінде : Тарихи зерттеулер /. - Астана: Фолиант, 2002.
- 4.Мырзабеков Б. Аманат: роман.- Нұр-Сұлтан: Кәусар баспасы, 2020
- 5.Тарақты А.Балталы, бағаналы ел аман бол (шежіре). Алматы:Қазақ ун-ті, 1993.
- 6.Салғарин Қ. «Көмбе» Алматы: Жалын, 1989.
7. «Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ресми сайты. // Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен маңында жерленген тұлғалардың тізімі. <https://azretsultan.kz/tizim/>.

ОБАЛЫ ҚОРЫМ ҚАЗБАЛАРЫ

Қарт Қаратау қапталында сырын ішіне бүгіп жатқан үңгірлер, жартастағы таңбалар мен бейнелер, Сыр бойындағы құм астында қалған калалар мен қорғандар, биік-биік төбелер мен қамалдардың, обалар мен каналдардың тұнып тұрған шежіресін, қатпар-қатпар тарихи құпияларын ішінде сақтаған сұлу Сыр мен қарт Қаратау қапталын қатар алып жатқан Жаңақорған өңірі. Ұлы даланың тарихында Сыр өңірінің орны ерекше.

Жаңақорған обалы қорымы ауданның шығыс жағында Түркістан – Қызылорда, Жаңақорған – Шалқия тас жолдарының оң жақ бетінде орналасқан. Ерте темір дәуірінің Жаңақорған өңіріндегі ескерткіштеріне Жаңақорған обалы қорымын ерекше атауға болады.

Жаңақорған обалы қорымын 2005 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов ашып, зерттеген. Обалы қорымсолтүстік шығыстан оңтүстік-батыс бағытында тізбектеле орналасқан 18 обадан тұрады. Үйінділері тас аралас топырақтан үйілген, төбе іспетті, диаметрлері 12-22м, биіктіктері 0,3-0,5м. Қазіргі таңда обалы қорым орналасқан аймақ қала салу жоспарына енгізіліп, көшелер салынып жер учаскелеріне бөлінген. Жеке тұрғын үй салу басталып кеткен, жоғары кернеулі электр желілерінің газ тасығыш құрылғыларының салдарынан обалардың бірнешеуі бұзылып кеткен.

2016 жылы обалы қорымға археологиялық зерттеулер солтүстік-шығыстан есептегенде №8 обаға қазба жұмыстары жүргізіледі.

Оба тас аралас топырақтан дөңгелекше пішінді төбе іспетті үйілген. Обаның беткі үйіндісінің стратиграфиялық қабатын анықтау мақсатында солтүстіктен оңтүстік бағытында кесінді қалдырылды. Обаның көлемі үлкен болғандықтан батыс бөлігі техниканың көмегімен қазылды. Ал шығыс бөлігі беткі үйіндісінің қабаттарын ашып, зерттеу үшін қолмен қазылды. Обаның беткі үйіндісі екі қабаттан тұратындығы анықталды.

Кесіндінің солтүстік-шығыс бөлігін қазу барысында үйіндінің ең жоғары нүктесінен 0,4м тереңдікте төмен түсіру барысында құрылық қабатынан мүрде шұқырының сұлбасы байқалды. [1, 86]

Қазба орнында жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде мүрде шұқыры екі камералы етіп қазылғандығы анықталды. Ішкі бөлігіндегі жерлеу камерасына мүрде қойылғаннан кейін бетіне көлденеңінен қамыспен бекітіліп, үсті толықтай майда тас аралас құммен көмілген. [1,86]

Қазба жұмысы барысында анықталғандай оба сол заманда-ақ тоналғандығы белгілі болды. Обаның тоналуына байланысты табылған олжалар өте аз.

Жерлеу камерасы тік төрт бұрышты етіп қазылған. Шұқырдың төменгі жағы ішке қарай қиғаштала қазылған. Шұқырды тазалау барысында әр деңгейде шашылып жатқан сүйектердің қалдықтары анықталды. Мүрденің сақталмағанына және сүйектердің әр деңгейде шашылып жатқандығына қарап, мүрде сүйектері тонау кезінде сыртқа шығарылып тасталған деп айтуға толық негіз бар. Шұқырдың еденін тазалау барысында алтыннан жасалған 1 дана қапсырма, шегенделген алтын таспа бөлігі және киімді безендіруге арналған алтын сымдар қалдықтары алынды. [1,96]

Алтын сымды жіптің сыртынан орап киімге зер салған деген болжам бар. Сонымен бірге екі жүзді етіп темірден жасалған қылыштың бөлігі анықталды.

Обалар қорымында жүргізілген археологиялық ғылыми зерттеу жұмысы кезінде табылған заттай материалдардың басым бөлігін киімді әшекейлеуге және өрнектеуге арналған алтыннан жасалған әшекейлік бұйымдардың қатарында киімнің жиегін әшекейлеуге арналған екі шегемен бекітілетін қапсырма және тойтарма шеге ерекше назар аудартады.

Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейі халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған мәдени ошақтардың бірі. Сондықтан сақ дәуіріне жататын обалардан табылған қылыштың сынығы, алтын жіп, қапсырмаларды экспозициядан көруге болады.

Тәуелсіз еліміздің төл тарихын зерттеп, түгелдеп, қастерлеу басты борышымыз!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. №АЗ-16/03 Ғылыми есеп, «Archeo-service» ЖШС. Шәуілдір, 2016ж.
2. «Жаңақорған (Тарихнама)». Адырбек Сопыбеков. Шымкент, 2008 ж.
3. «Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы», Алматы, 2007ж.

Искаков Айдар Шарханұлы
«Жезді кентіндегі Мәкен Төрегелдин атындағы тау – кен және
балқыту ісі тарихы музейінің» және
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-
мұражайының аға ғылыми қызметкері

ҰЛЫТАУ – ЖЕЗҚАЗҒАН Өңірінің Алтын Орда кезеңінің
Ескерткіштері туризм дамуының маңызды бағыты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауға сапарында Ұлытау жерінде жерленген Жошы ханға бүкіл әлемнің назарын аудартып, оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру және Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу туралы айтты. «Халық бұл жерге Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл кесенелерін, Хан ордасы мен Әулиетаудай киелі орындарды көру үшін келеді. «Азияның арыстаны» атанған атақты Ақсақ Темір де осы өңірге ат шалдырған», – деген Мемлекет басшысы Ұлытаудың ұлт ордасы екендігін айтып, қазақ халқының тарихында алар орнының ерекшелігіне және Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс екендігіне басымдық берді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы киелі жерлердің маңыздылығына мән арта отырып, отандық туризм индустриясын дамыту қажеттілігіне тоқталды және бұл жұмыстар Ұлытаудай қасиетті жерлерден басталуы қажет деді. (<https://qazaqtimes.com/article/>)

Еліміздегі ірі туристік орталыққа айналу ықтималдылығы басым әрі туристік тиімділігі жоғары қазақстандық аймақтардың бірі – бай туристік әлеуетке ие Орталық Қазақстандағы осы Ұлытау өңірі. Өңірдің туристік тартымдылығының жоғары деңгейі рекреация мен туризмді дамытуға қажетті туристік ресурстардың ауқымды шоғырына байланысты. Өңірдің қолайлы географиялық орны, антропогендік фактордың әсері айтарлықтай байқалмайтын жақсы күйінде сақталған бірегей табиғи әлеуеті, осы өңірде сан ғасырлар бойы жинақталған тарихи-мәдени мұраның бай қоры туризмді дамытуға аса қолайлы үйлесім тапқан. Ұлытау – 736 археологиялық және тарихи-мәдени, географиялық ескерткіштері бар, тарихи және мәдени мұраға бай өлке. Оның 13 ескерткіші республикалық маңызға ие.

«Ұлытау» тарихи-мәдени қорық-мұражайы құрамындағы мәдени-тарихи ескерткіштер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту

туралы» Тұжырымдаманың «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер» туристік кластерлеріне енген.

Осы өңірде Алтын Орда заманына тиселі, есімдері Еуразия елдеріне мәлім тарихи тұлғаларға қатысты ескерткіштер – *Жошыхан мазары, Жошы ұлысы кезеңінен – Болған Ана, Құлан Ана, Аяққамыр(Құтылық Темір) мазарлары, Алтын Орданың әмірі Едіге мен Алтын Орданың ханы Тоқтамыс жерленген Едіге шыңы, 1391 жылы Ақсақ Темір тасқа жазып қалдырған жазуы бар Алтыншоқы тауы және Жошы Ордасы(Орда Базар) қалашығы қай кезде болмасын өңірге келген туристердің қызығушылығын тудырып келеді.*

Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда ескерткіштерінің тарихи анықтамасы, туризмдік жай-күйі.

Жошы хан күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болуы керек. Жошы хан порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әк. Жобаның аумағы 9,55-7,25 метр. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты портал. Оның маңдай алдына сүйір арка түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан. Өрнекке пайдаланылған тақта кірпіштердің ауданы 45x45 сантиметр. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. 1911 жылы Атбасар уезін билеген бір ұлық өрнекті кірпіштерді сындырып алып, музейге жібереді. Қазір кірпіштердің кейбір сынықтары ғана сақталған. Порталдың жоғарғы жиегін парaped тәріздендіріп, астынан қалақ кірпіштен фриз тартқан. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 метр) салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 метр) он алты барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түнік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден (35x35 сантиметр) түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген.

Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларға тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу жұмысы кезеңінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақша кірпіш төсеген. Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 метр, ені 70 сантиметр, тереңдігі 1,2 метр) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әртүрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектумыштікі болуы тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезіне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөнінде алғашқы деректі геодезист Ю.А. Шмидт жазған.

Өткен ғасырдың соңында жергілікті халықтың айтуы бойынша мазардың алдыңғы жағындағы көк жолақ болған. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар уезі Далалық өлкенін генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған. Бұл жазулы кірпіштің қазіргі тағдыры белгісіз. Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішінде 2 қабірді қазған. Бір қабірде жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағымен, оң қолының жоқ екендігі анықталған. (**Ә.Х.Марғұлан. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН КазССР, 1947, №7.**)

Орда-Базар. XIII ғасырдың орта шенінде Ұлытау өңірінде Орда Базар қалашығы пайда болды. Осы кезеңдегі маңызды қалалардың бірі болған ол Ұлытау өңірі ұлан-байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болды. Жошы мавзолейінің жанындағы Орда-Базар қаласының даңқы алысқа тарайды. Бұл қала Еділ бойында 1254 жылы Сарай-Бату салынғанға дейін Жошы ұлысының ғана емес, Алтын Орданың да астанасы болды. 1237 жылғы Батудың Еуропаға, 1258 жылғы Құлағу мен Кетбұғының Батыс Азияға (Палестина, Сирия, Мысыр) жасаған жойқын

жорықтарына дайындық осы бүгінгі Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрған Жошы мазарының маңында жүргізілді. Орда-Базардың географиялық жағынан алып империяның дәл кіндік тұсында орналасқандығы, Еуразиялық кеңістікке ұтымды және ықпалды геосаяси саясат жүргізуге қолайлылығы оның ұзақ уақыт бойы тарих сахнасынан жоғалмауына игі әсер етті.

Болған ана күмбезі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Сарысу мен Қаракенгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. Болған ананы XVIII ғасырда П.Рычков, 1946-1948 жылдар аралығында Ә. Марғұлан зерттеген. Кесене атына байланысты әр түрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қаңлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылса, тағы бір аңыздарда Болған анайы Алаша ханның келіні деп те айтады. 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекш. Е.Бәйтенев) зерттеген. Кесененің қасбетіндегі арқалы, порталды кірер аузының айналасы қуыстана қаланып, қабырғаның өрнегі ретінде жасалған. Бөлменің төменгі шаршы бөлігінің күмбез шеңберіне әтер тұсындағы бұрыштары арқалы тромпты тәсілмен өрілген. Тромп қолтықшалары қосарланған кірпішті қиғаштау бұрышын шығара қалау арқылы өрнектелген. Ескі сылақтың қалдығы П тәрізді порталдық арканың белдеуі мен жапсырылған әшекейлі қыш тақташалардың терракота түсті болғанын көрсетеді. Порталдың ширек бұрышты бағаналары мен басқа қабырғалары түгел ақ түсті. Көрнекі жерге салынған Болған ана күмбезі алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген. **(Г.Г.Герасимов, Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата,1957.)**

Аяққамыр күмбезі – ортағасырлық, Алтын орда кезінен қалған, қызыл кірпіштен салынған сәулет өнері ескерткіші. Академик Ә.Х.Марғұланның пікірінше Құтылық-Темірдің моласы болуы керек. Құтылық Темір 1395-1399жж аралығында Алтын Орда ханы болған тұлға. А.И.Шренк пен Ш.Уәлихановтардың жазбаларында бұл ескерткішті бұрын ел «Қамыр ханның күмбезі»-деп атаған. Алайда ондай кісінің аты әзірге тарихтан кездескен жоқ. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы, Жезді ауылынан солтүсік бастысқа қарай 9м қашықтықта орналасқан. Автор, құрылысшы, тапсырыс беруші, құрылу тарихы белгісіз. Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология

экспедициясы зерттеді. 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биіктігі 1 м тас іргетастың үстіне 8,10 м х 9,84 м көлемде тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті II әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс түзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі 9-11 ғасырлардағы осындай құрылыстарға тән. Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27x27x6см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды. Сақталған портал бөлігінің биіктігі - 6,75м. Ішкі периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 5,75x5,75. Сыртқы периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 8,0x10,0. Архитектуралық және конструкциялық шешім, құрылыс жұмыстарының сапасы ескерткішті ортағасырдағы Қазақстан территориясындағы тамаша ғимараттардың қатарына жатқызады. **М.К.Сембин. Мавзолей Аяк-Камыр /историческая справка/, 1977. Архив НИИМ.**

Алтыншоқы. Ақсақ Темірдің тасы. КСРО ҒА-ның академигі Қ.И.Сәтбаев басшылығымен Орталық Қазақстанда жүргізілген экспедицияларының бірінде Ұлытау ауданы Алтыншоқы шоқысынан 1935 ж. тамызда табылған, екі тілде жазуы бар үлкен жартас сынығы. Тапта бар болғаны екі жазу бар: үш жол арабша жазу, сегіз жол – шағатай тіліндегі жазу. Эрмитаждың ғылыми қызметкерлері – А.П.Григорьев, Н.Н.Телицын, О.Б.Фролова ұсынған нұсқасы бойынша аударманың соңғы нақтыланған нұсқасына сәйкес арабша жазудың мазмұны мынадай: «Рақымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы. Берік қорғаушы, бәрінен де күшті, бәрінен де құдіретті, Өмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Шағатай жазуы осы авторлардың аударуында былайша беріледі: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы көктемнің ортаңғы айы [1391 ж. 6 сәуір], Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамысханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш белгі болуы үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын». Бұл тамаша археологиялық олжа 1391 ж. нақты оқиғаны – Ақсақ Темірдің Алтын Орда ханы Тоқтамыс ханға қарсы жасаған жорығының жарқын куәсі болып табылады. Шараф әд-дин Әли Йездидің XV ғ. бірінші ширегінде жазған

«Зафар нама» – «Жеңіс кітабы» атты шығармасында Ақсақ Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорығының осы бір уақиғасы туралы былай дейді: «Айдың (15 IV) 21-і (аталған) сәрсенбісінде олар Қыпшақтау дейтін атақты тауға жетті және одан көшіп, 2 түннен кейін жұмада Ұлытау деген жерге барып тоқтады. Сол даланы көз қуанып көру үшін Темір таудың басына шықты; бүкіл жазық дала көкпеңбек болып жатты. Ол сол күні сонда болып, (сонан соң) сол жерге мұнара тәрізді биік белгі орнатуға жауынгерлерге тас әкелу үшін жарлық берді. Шебер тас қалаушылар сол кездің белгісі қалу үшін тасқа сол күннің уақытын қашап жазды». Халық аңызы да оқиғаны осылай өрбітіп, оны Алтыншоқы шоқысымен байланыстырады. Тас табылған Алтыншоқы шоқысы Ұлытау тауларынан солтүстік-батысқа қарай, Жезқазған – Арқалық тас жо-лынан батысқа қарай 90 км, Саят ауылынан батысқа қарай 80 км жерде орналасқан. Аласа, биіктігі бар болғаны 50 м ғана және сыртынан қарағанда, жанындағы шоқылардан ерекше де емес. Бірақ оның үстінен сонау көкжиектегі көзге әрең шалынатын ойлы-қырлы дала келбеті алақандағыдай болып айқын көрінеді. Алтыншоқыны есте қалдыратын нәрсе – оның төбесінде қиық пирамида тәрізді жасанды тас үйіндісі айқын байқалып тұрады. Бұл тастағы жазуда айтылатын қорғанның қалдығы емес пе екен? Жанынан қарағанда қиық пирамида тәрізді үйіндінің ортасында ойық бар, бұл, сірә, қазба жұмысы салдары болуы мүмкін. Осы ойыстағытастардың арасынан балқыған кождың кесектері кездеседі, бірақ оның мұнда қалай келгенін айту қиын. Жазуы бар тасқа келетін болсақ, 1936 ж. бастап қазірге дейін ол Ресейде, Санкт-Петербургтегі Эрмитажда «кат. 195.Темір аты жазылған тас. Алтын Орда. 1391» деген хаттау кодымен сақтаулы тұр. 1990-шы жж. екінші жартысында облыстық мәдени басқармасының бастамасы бойынша түпнұсқа мен ұқсайтын екі жазу да жазылған көшірме-тас дайындалған болатын. Бұл тас қазір Алтыншоқы шоқысында тұр. Олшоқының төбесіне жақын жердегі кішкене ғана тепсеңнің үстіне орнатылған. Оған үлкен трассадан жалғызаяқ жол барады. Фотосуреттен оның тек символикалық көшірмесін ғана көруге болады, ал, шын мәнінде, тастың түпнұсқасының формасы, түсі және фактурасы бойынша елеулі өзгешелігі бар. («Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, 1998 ж. 9-том С.439)

Едіге тауы. Едіге (1352-1419) – Ноғай ордасының негізін қалаған әмірші, қолбасшы. Едіге маңғыт руынан шыққан, жоғары мәртебелі мырзалардың ұрпағы.

Едіге тауы Ұлытау ауданынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атанған бұл биікте Едіге батырмен қатар Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыстың да сүйегі жатыр.

Тоқтамыс ханның ордасында беделді би болған Едіге қасиетті Ұлытаудың биік шыңдарының бірінде жерленген. Ол шың кейіннен Едіге деп аталып кеткен. Едіге Алтын Орда ханы Тоқтамыспен қатарлас болған. Ал Тоқтамыстың 1380-1395 жылдары Алтын Орданы билегені, Сауран, Сығанақ шаһарларын орталық еткен. Едіге сол Тоқтамыспен тізе қосып, кейін Еділ, Жайыққа дейінгі жерді өзіне қаратып, Ноғай ордасының негізін қаласады. 1396 жылдан бастап Алтын Орда хандығын 15 жылдай билейді. Ноғай ордасының негізін салған Едігенің есімі қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының аңыздарында кездеседі. Кейін Тоқтамыс ханды Едіге өлтіреді. 1419 жылы Сарайшық қаласының жанында Тоқтамыс балалары әке кегін қайырып, оны өлтіреді, ел-жұрт Едіге бидің денесін Ұлытауға әкеліп жерлеген. Ол шың «Едіге тауы», «Едіге обасы» деп аталып кетті. Бұл тарихта аты қалған, әйгілі Едіге батырдың сүйегінің үстіне салынған қорған. Қорғанның кейбір жерлері бұзылуға ұшыраған. Едіге моласы ірі тастардан дөңгелете қорған түрінде салынған. Қорғанның диаметрі – 8,8 м. Биіктігі – 4,80 м. Қорғанның солтүстік жағынан таға тәрізді кішкене «коридор» жалғанған. Оның ұзындығы – 3 м., ені – 2 м. Мола биіктігі – 2 м. болатын тік жартастың шетінде орналасқан.

Бізге жеткен аңыз-әңгімелерде Едігенің хан алдында қаймықпаған қайсарлығы ақыл мен пайым-парасаттылығы турасында көп айтылады. Ел жадындағы Едіге – әрі батыр, әрі көсем, әрі шешен, әрі би, әрі ақылгөй дана. Сондықтан халық арасында «Ер қамын жеген Едіге» деген қанатты сөз бекіп қалған. **(Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.)**

Ұлытау өңірінде Алтын Орда дәуірі және басқа өңірдің белгілі республикалық, жергілікті маңызға ие тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштерін, көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі ескерткіштердің шоғырлануы Орталық Қазақстандағы ең тартымды туристік бағыт және ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталығы болуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев алдағы уақытта ұлттың рухани ордасы, ұлы тарихтың куәсі болған Ұлытау мемлекет қадағалауында, қамқорлығында болады деген сөзі аясында Ұлытау аймағы Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарына енетіні болашақ ұрпақ үшін жасалатын жақсы қадам.

The monuments of the Golden Horde period of the ulytau –Zhezkazgan region are an important area of Tourism Development.

Ulytau-Zhezkazgan region is one of the unique places of concentration of monuments of the Golden Horde. The study of these monuments is of paramount

importance for the study of the formation of the Kazakh statehood. In Ulytau, many centuries ago, events unfolded that became turning points in the history of the Kazakh people, here were located the Khan's headquarters – Khan Ordasy. It is from Ulytau that the campaign of the legendary Tamerlane against Khan Tokhtamysh begins, and here the great khans-Zhoshy, Alasha, Tokhtamysh, Batyr Yedige and other historical figures rested. The region has a huge potential in terms of tourism development, both inbound and domestic. Historical and cultural sites of various periods, as well as biological and landscape diversity, allow you to organize a wide range of trips here.

Пайдаланылған әдебиеттер;

1. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев: Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойы тойланады. <https://qazaqtimes.com/article/>
2. Ә.Х.Марғұлан. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН КазССР, 1947,№7.
3. Г.Г.Герасимов, Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата,1957.
4. М.К.Сембин. Мавзолей Аяк-Камыр /историческая справка/, 1977. Архив НИПМ.
5. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 9-том
6. . Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.

Уркинбаева Айгүл
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық – музейінің ғылыми қызметкері

ӘЙЕЛ ӘШЕКЕЙЛЕРІНІҢ КӨРКЕМ ҮЛГІСІ - СЫРҒА

Қазақ халқының ертеден келе жатқан асыл мұрасы, үлкен өнердің ең бір қымбатты түрі – зергерлік өнер. Оны барлық халық жоғары бағалап, ең қалаулы өнер еткен. Мұражайлардағы археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге-моншақтар, алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбат заттар – шеберлер қалдырған халықтық мұра.

Халқымыздың зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихында ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Зергерлер мен темір ұсталары көркем бұйымдарын металдан, күміс пен мыс, темірден жасаған. Бұл өнердің техникалық және сәндік бұйымдар жасау түрінің басы қола дәуірінде, б.з.д. II ғасырда өмір сүрген сақ-сарматтардың дәстүрінде үйсін, кангуй, ғұн өнерінен басталады.

Тарихи жазба деректерге қарағанда XVI-XVIII ғасырларда қазақ арасында үйшілік, ұсталық, зергерлік, қырнаушылық, өрімшілік, көңшіл (тері илеу), тігіншілік, етікшілік т.б. қолөнер кәсіптері болған.

Қазақ зергерлері жеке дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр - сырын ұрпақтан-ұрпаққа үйретіп отырған. Оған әйелдердің әшекейлері, киім-кешекке тағатын түрлі сәндік бұйымдары, ас - су жабдықтары, киіз үйдің ағаш сүйегіндегі ою - өрнек, жиһаздық заттар, ағаштан ыдыс аяқ, теріден жасалған торсық, музыкалық аспаптар, қару - жарақтар, ер – тұрман т.б. жатады. Бұларды әсемдеу үшін алтынды, әсіресе күмісті көбірек пайдаланған. Зергерлер күміс бұйымдарды асыл тастардан және гаухар інжу, маржан, жақұттан көз қондыру арқылы да әсемдеген.

Серілерді селт еткізіп ұйқыдан оятқан, талай жырдың арқауына айналған сырғаның тарихына тоқталар болсақ...

Сырға – сән үшін әйелдердің құлағына тағатын әшекейлі, сәнді зергерлік бұйым. Ең алғаш Шығыс Европада пайда болған бұл әшекей шамамен 3000 жыл бұрын жасала бастаған. Ол өмірге келісімен-ақ әр түрлі порымда сәнде жасала бастады. Алғашында сырғаны тек әйелдер ғана емес, ер адамдар да соның ішінде жауынгерлер мен батырлар тек бір сырға ғана тағатын болған.

Сырға неолит заманында сүйектен, мүйізден жасалса, қола дәуірінде металға көшкен. Ал б.з.б. II ғ - б.з. II ғ-нан алтын мен күміске асыл тас орнатылып, сырғаның өте сәнді түрлері шыға бастады. Қазақтарда

сырғаның түрлері өте көп. Мысалы, шығыршық сырға, шарбақ сырға, ай сырға, сояу сырға, қоңырау сырға, иықты сырға, күмбезді сырға, төбе сырға, салпыншақ сырға, жалпақ сырға т.б.

Қазақ әшекейлерінің соның ішінде сырғаның ғұрыптық мән-мағынасына тоқталсақ алғашқыда ол құлаққа дүлей күштерден сақтау мақсатында тағылатын болған. Сырғаның тұтас тұрпаты да, жекелеген бөлшектері, материалы мен ою-өрнегі де белгілі бір мән-мағынаны білдірген. Мысалы, көз қондырылған бұйымның көз тиюден алдын-ала сақтайтын киелілік және емдік қасиеті бар. Сондай-ақ қазақтар үзбелі салпыншақтар сылдырымен жын-шайтанды үркітіп отырады деп түсінген. Мұндай ұғым басқа халықтарда да кездеседі. Мысалы, якуттарда сырғаны бесікті қорғау үшін ілетін болған. Ал қорым мен көктаста сырғаның бейнеленуі қайтыс болған адамның әйел екендігін білдіреді. Негізінен әйелдер сырғаны көбіне құлаққа тағады, ал кейбір елдерде Үндістан мен Африкада мұрынға тағу дәстүрі де кездеседі. [1, 72].

Құлаққа сырға тағып жатқан кезде: «Құлағың ауырмасын, жаманшылық естиме, бетің ажарлы болсын» деген тілек айтылады. Қалыңдық санатына қосылған қыздардың сырғасындағы күн, жұлдыз, ай пішінінде, сондай-ақ дән, жапырақ, бидай түрінде ілінген салпыншақтар астарында ұрпақтың өсіп-өнуіне деген ізгі тілек жатыр. Мұнымен қатар сырға құлақ арқылы жаман күштің бойға енуіне жол бермейді деген наным қалыптасқан. Карутц айтқандай: «Ұзақ уақыт бала көтере алмай, кеш босанған әйелдер баласының құлағын әдеттегіден ертерек, үш жасында тескен, бұл баланың өмірін ұзартуға ықпал етеді деп сенген». Қыз бала үшін міндетті саналатын құлақ тесу дәстүрі сүндетке отырғызумен бірдей саналған. Сондықтан да, ел аузында құлақ тесу - қыздың сүндеті деп айтылады. Ұзақ күттірген ұл дүниеге келгенде, оның да құлағын тесіп, сырға салатын болған. Бұл бір жағынан тіл-көзден қорғау үшін жасалса, екінші жағынан жын-шайтанды шатастыру мақсатын көздеген. Мұндай ғұрып тувалықтарда болған, ал өзбектер мұндай жағдайда көп балалы жеті әйелдің әшекей сынықтарынан балқытып сырға жасаған. Қазақтарда ұл бала мұндай сырғасын бес жасқа дейін тақса, ал өзбектер үйленгенге дейін сырғасын алмаған.

Халық арасында кеңінен таралған мынадай ырым да бар: «Егер жүкті әйел немесе оның жақындары түсінде сырға көрсе, міндетті түрде қыз туады». Халық сенімі бойынша, сырға құлақты жағымсыз әсерден ғана емес, өсек-аяңнан, әдепсіз сөзден, т.б. қорғайды. Осыған байланысты әйелдердің құпия әңгімесіне қатысуға мәжбүр болған жасөспірімдерге әдетте «Құлағыңа

алтын сырға» дейтін дәстүр қалыптасқан. Осы сөзден кейін олар өздеріне қажет мәліметті ала отырып, өз қорытындысын жасаған..

Сонымен қатар сырға қызға құда түсу кезінде тарту етілетін міндетті бағалы сыйлық болып табылады. Бұл салт қазірге дейін Қазақстанның оңтүстігінде қатаң сақталған. Салыстыра кетер қызық жайт: Саян-Алтай халқында қалыңдықты «сырғалық», «сырғалы» деп атайды. Ал қалмақтарда қыздар бір құлағына, келіншектер екі құлағына сырға тағатын болған. Бөтеннің қалыңдығына көз салмасын деп немесе басының бостығын білдіру үшін тағылған.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде қыздың уақытша сырғаға айналып кетуінің жиі кездесуі - бұл бұйымның әйел затының белгісі ретінде маңызын айқындай түседі. Десек те, қазақ дастандарында бұл әшекей түрі кейіпкердің сұлулығын бейнелеу тұрғысынан сипатталады.

Егде тарта бастаған әйелдер қорғау-жебеу мазмұнындағы сырға тағуға ойысады. Сырғаның бір сыңары жоғалса, екінші сыңарын тапсырыспен жасатуға болмайды деген наным бар, өйтсе, оның екінші жартысы, яғни әйелі қайтыс болуы мүмкін. Мұндай наным өзбек дәстүрінде де бар. Тағы бір қызықты жайт, қайтыс болған әйелдің барлық әшекейін шешіп алып, бұрымын тарқатады, тек сырғасын қалдырады, әйтпесе құлаққа жылан кіреді деген ұғым бар. Егер сырғаны шешіп алу қажет болса, міндетті түрде құлақ ұшын жыру керек. Олай етпесе, Таулы Алтай қазақтарының пікірінше, жылан құлаққа жұмыртқалайды. [2, 27].

Сырға – әйелдердің құлағына тағатын әшекейлі, сәнді зергерлік бұйым. Қазақта ертеректе қыз баланы қырқынан шығара салып, құлағының сырғалығын тары дәнімен уқалап, етін өлтіріп, отқа қарылған инемен тесіп, оған жібек жіп өткізіп, тұйықтап байлап қоятын. Құлақтың тесігі бітеліп қалмау үшін кейінірек кішігірім күміс сырға тағатын. Ол «жас нәрестеге тіл-көз тимесін» деген ізгі тілектен туындаса керек. Бұрын ер баласы тұрмай жүрген немесе баланы өте кеш көрген ата-аналар ырым етіп қартайғанда көрген осы ұлымыз тұрсын, тіл-көзден, әр түрлі жаман күштерден аман болсын деген мақсатпен оны ұл емес қыз, деп құлағына сырға тағып қоятын болған. Баланың буыны бекіп ер жете бастағанда ғана оны құлағынан шешіп алған. Ел арасында мұндай ғұрып XX ғасырдың басына дейін сақталып, тіпті сирек те болса XX ғасырдың 40-50 жылдарына дейін де кездесіп қалып отырған.[3, 384].

Қазақ халқында атастырылған қыздың құлағына сырға тағу рәсімі бар. Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ немесе жолаушы ілулі тұрған сырғаны көрсе: «бұл үйдің бойжетіп келе жатқан немесе

бойжетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен», — деген ой түйген.

Жасалған материалы мен жасалу тәсіліне қарай алтын сырға, күміс сырға, қарала сырға, лажылы сырға, шытыра сырға, қолқа сырға, қозалы сырға, үзбелі сырға, күмбезді сырға, қоңырау сырға, ай сырға, айшықты сырға, ақық сырға, иықты сырға, иінді сырға, лағыл сырға, гауһар сырға, тұмарлы, салпылдақ, омыраулы, қозалы, жапырақты сырғалар, шілтерлі сырға, шұбыртпа сырға, тағы сол сияқты кете береді. Аты айтып тұрғандай зер сырға – алтын сымынан нәзік те, әшекейлі етіп жасаған сырға түрі, сояу сырға – сүйектен жасаған сырғаның түрі. Бұған қоса асыл тастардан көзі бар сырғалардың түрі көп: маржан сырға, меруерт сырға, аталған тастардан көз қойылған сырғалар. Салпыншақты сырғалардың да түрі көп: қозалы сырға – шар тәрізді метал салпыншақты сырға, сирақты сырға – бірнеше салпыншағы бар бар түрі, тамшылы сырға – майда қозалары мол, салпыншақты сырға, құрылымы күрделі сырғалар, жұмыр сырға – іші қуыс, төбе сырға, сабақты сырға – өзі үлкен салмақты, салпыншағы мол сырға түрлері, үш буынды сырға, үш шолпылы сырға – үш салпыншақпен әшекейленген сырғалар, ал сырғаның салпыншағы аса мол, көп әшекейлі болса, оны қырық буынды сырға деп атаған.[4, 14].

Адамның жасына қарай оның формалары күрделі не қарапайым болып келеді. Қазақ сырғаларының құпиясы символикаларымен күшейе түседі. Олар күн, ай, бұрама формалы болып келеді. Үшбұрышты, тұмарша тәріздес сырғаларды жасы үлкен адамдар әлі күнге дейін киелі санайды. Сырғалардың пішіндері мен көлемі де әр түрлі болады. Маңғыстауда ай сырғалардың ішкі жағына жұлдыз орнатып әшекейлейді (қазақтар айды қасиетті санаған). Қоңырау сырғалар, салпыншақ сырғалар өздерінің ерекшелігімен танымал.[5, 17].

Бабаларымыздың эстетикалық талғамының зор болғандығы сондай, сырға таққан әйелдер төңірегіне қаншама шуақ шашып, өзін қоршаған ортаға эстетикалық-рухани байлықтың дәнін себетініне, әдемілікке, әсемдікке баулитынына жете мән бергенге ұқсайды.

С.П.Толстов жетекшілігімен Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы 50-60жж және қазіргі кездегі Ж.Қ. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірікрабат археологиялық экспедициясының Шірік-рабат мәдениетінің ескерткіштеріне жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде б.з.д IV және II ғасырларда өмір сүрген осы аймақтың халықтары арасында коралдан жасалған салпыншағы бар, маржан моншақтармен безендірілген алтын сырғалардың кең таралғандығын көрсетіп отыр. Атап айтқанда Бәбіш-мола 2 мавзолейінен, Шірікрабатқала

қорымында орналасқан ғибатханадан, Шірік 2 жерлеу құрылысынан және Шірік Рабат ескерткішінен шығысқа қарай 7км жерде орналасқан мавзолейден аталмыш алтын сырғалар табылған. Осындай сырғалар Жетісу өңірінде орналасқан б.з.д. IV-I ғғ. мерзімделетін Көктума обасынан да табылған. Осы ескерткіштерден табылған әшекейлер асқан шеберлікпен жасалғанымен ерекшеленеді. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігер ортағасырлық Жанкент қаласынан табылған шыныдан жасалған қанық көк түсті моншақты айтуға болады. Орта Азия елдерінің ішінде қарақалпақтарда мұрынға сырға тағу кең таралған және кейбір өңірдегі қазақтарда кездеседі және оны арабек немесе әребек деп атайды.

Баланың буыны бекіп ер жете бастағанда ғана ата-анасы ауыл-аймағын шақырып той жасап, сол той үстінде бозбала жігіттің құлағынан сырғасын алатын болған. Қазақта осы тойды «сырға той» деп атаған. Ел арасында мұндай ғұрып XX ғ.басына дейін сақталып, тіпті сирек те болса XX ғ. 40-50 жж. дейін кездеседі.

Қазақ халқында қызды бесіктегі кезінде немесе ол бой жете бастаған кезде атастырған. Атастырылған қыздың құлағына сырға салу, сырға тағу (кейде үкі қадайды) рәсімі бар. Сондықтан да құда түсу рәсімінде сырғаны, басқа да бағалы заттармен бірге сый ретінде әкелу міндетті болып саналған. Бұл дәстүр Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жақсы сақталған. «Қалыңдық» мағынасындағы сырғалы қыз немесе сырғалы атауы осыған байланысты шыққан. Алтай тілінде де қалыңдықты «сырғалы», «сырғалық» деп атайды. Яғни сырғасы бар деген мағынаны білдірсе керек. Осы әдетке қатысты қырғыз тілінде сөйке салды тіркесі жұмсалады. Қырғыз тілінде сырғаны сөйке дейді. Қырғыздардың әдетінде жігіттің әке-шешесі қыздың үйіне алғаш рет келген кезде болашақ келінінің құлағына өздері алып келген сырғасын тағады. Оның жанында басқа да сыйлықтары болады. Осыған байланысты кішігірім той жасалған. Бұл той қырғыз тілінде де «сырға той» деп аталған.

Қазақ дәстүрінде қызға тағатын сырғаның орнына басқа да үкі (қасиетті саналатын құстың бір шоқ үлпілдек қауырсыны), жүзік, білезік, тана (әдемі ақық түйме), моншақ т.б. әшекей бұйымдары қолданылады. Сондықтан қазақ тілінде «құда түсіп, сырға тағып кетті» деудің орнына «үкі (тана, моншақ) тағып кетті» деп те айта берген. Кей жерде «жіп тағып кетті» дейді. Жоғарыда айтылғандай, мұндай заттармен бірге күйеу баланың ата-анасы тарапынан қыздың ата-анасына берілетін сый-сияпаты қоса жүреді. Ол сыйлық мал немесе күміс жамбы, ақша түрінде беріледі. Күйеу жағының осындай сыйлық апару кәдесі алғашында құда түсу рәсімін білдіретін

атаулармен аталып бата аяқ, сырға тағар, тана тағар, құлақ моншақ тәрізді фразеологизмдер пайда болған. Ертеде, құлақ моншақ деп сырғаны айтқан. Қырғызстанның оңтүстік диалектісінде сырғаның бір атауы «құлақ моншақ» [6, 63].

Тамшылы сырға-майда қозалары мол, салпыншақты сырға, құрылымы күрделі сырғалар, жұмыр сырға-іші қуыс; төбе сырға, сабақ, сабақты сырға-өзі үлкен, салмақты, салпыншағы мол сырға түрлері, үш буынды сырға, үш шолпылы сырға - үш салпыншақпен әшекейленген сырғалар, ал сырғаның салпыншағы аса мол, көп әшекейлі болса, оны қырық буынды сырға деп атаған. Мысалы, оның қатарына Солтүстік Түгіскеннен табылған үш конусты сырғаны жатқызуға болады. Оның бір ерекшелігі салпыншақтары ағашқа орнатылған. Ілгегі бар алтын қалқаншаға ағаш негізге қапталып, астыңғы жағынан үш конус кигізілген. Ортаңғы конустың сыртына айналдыра спираль тәрізді сызықтар түсірілген. Ал екі жағындағы конустар толықтай сақталмаған, ол күміс болуы мүмкін. Бұл конустар Орта Азия және Қазақстан территориясына кең тараған Андронов мәдениетінде кездесетін конусты білезіктерді еске түсіреді. Жасалу жағынан ерекшелігі сабақты сырғалар көлемді, әрі ұзын, әшекейлерін мол етіп жасаған. Кейбір сабақтардың салпыншақпен жалғасатын алақанының өзі бойжеткен қыздардың алақанымен бірдей жасалған. Оны құлаққа салса, жырып кететіндіктен, жіппен, ширатылған күміс сыммен көтермелеп, шашқа, баскиімге, сәукелеге байлап бекіткен. Кейде екі сырғаны моншақты жіппен байлап таққан. Мұндай сырғаны сәукеленің самай тұсынан ілмелеп байлайды. Оның көне аты төбе сырға - баскиімге, шашқа байланатын сырға түрі, оның төгілме төбе сырға деген атауы да ұшырасады. Зергерлік өнерінде бұйымдардың сыртқы пішінін, бет-бедерін ай, күн, жұлдыз сияқты аспан шырақтарынан ұқсас космогониялық өрнектерімен безендіру жиі ұшырасатын құбылыс және толып жатқан жақсы сенім-ырымға негізделген түсініктер бар. Ол халықтың өте ерте замандардан қалыптасқан сенімнанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасына байланысты туған. Қазақ сырғаларының құпиясы символикалармен күшейе түседі. Олар күн, ай, бұрама формалы болып келеді. Үшбұрышты тұмарша тәріздес сырғаларды жасы үлкен адамдар әлі күнге дейін киелі санайды. Сырға түрлерінің ажыратылып аталуы олардың сыртқы пішінінің ою-өрнекті, бірақ салпыншақсыз, жарты ай бейнелі күміс ай сырға (кей өңірлерде айшық; айшықты сырға деп те атайды) сырға; ертедегі соғыс қаруына ұқсатып айбалтаның жүзі жарты ай түрінде жасалған айбалта сырға түрі; дөңгелек формалы - алқа сырға; шеңбердің ортасында бес тармақты жұлдызы бар - жұлдыз сырға; сопақ, жұмыр, домалақша келген собық сырға және т.б. Ерекше нақышпен

жасалған ерекше дара сырғалардың түрлері де киіммен қоса тұтынғанда адамның ажарын ашып, әр беріп тұрады. Ондайлар қатарында бетіне күмістен қойылған шошақ әшекей, томпақ көзі бар кейде оның бетіне бүршік, сірке салған күмбезді сырға; салпыншақтарын шұжық тәріздендіріп жасаған шұжық сырға; күміспен күптелген үкі аяғынан жасалған шар тәрізді салпыншақтары бар үкі аяқ сырға. Ал салпыншақтарына қоңыраушалар бекітілген қоңырау сырға нұсқасының шеңбері кең, салпыншақтары мол, күміс қоңыраушалары бар сырға сыртқы жарасымдылық берумен бірге сыңғырлаған нәзік дыбыс шығаратын сырға сирек те болса кездеседі. Сыр өңіріндегі кездесетін сырға түрлері таға тәріздес, ілмек түрінде жасалып, көзіне бағалы тастар орнатылған. Мұндай ай тәріздес сырғаны алтыннан және кейде күмістен жасаған, сонымен қатар оны немерелі болған әжелер таққан. Жасы егде тартқан әйелдер дәстүр бойынша кимешек кигендіктен, сырға тағудың қажеттілігі болмаған, сондықтан сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар мен келіндер таққан. Дейтұрғанмен әйелдердің кимешек киюі - сырғаның әйел әшекейі ретінде дамуына ықпал ете алмады. Мұражай қорларындағы қазақ сырғаларының санының аз болуы осыған дәлел бола алады.[7, 42].

Сырға – әйелдің сыртқы беделін көрсететін атрибут, яғни сырғалардан жеке кісінің иелігін немесе оның жас мөлшерін, шыққан тегін, өскен ортасын білдіретін қасиеттер де байқалып тұрады. Материалына сай ісі де, көркемдік шешімі де жоғары болып келеді. Күміспен күптеліп алтынмен апталып, асыл тастардан көз қондырылады. Орта Азия әйелдері көлемі үлкен сырғалар таққан. Көлемі ұлғайған сайын сырға бағалы әрі әсем болып табылатындықтан әйел мәртебесін асқақтата түскен. Бұндай ауыр күміс сырғаларды жиын тойларда ғана таққан[7, 149]. Қыздардың сыртқы әдемілігінің қалыптасуына және оның әйелдік қасиетінің жетілуіне әсер етеді деп саналған. Бұл бұйым болашақта бала туу қызметінің жетістігінің кепілі болып саналады. Қалыңдық жасына жеткен қыздардың сырғаларында күннің, жұлдыздың, айдың, ал салпыншақтарында тұқымның, гүл жапырақшаларының, дәндердің болуы репродуктивтілікті көрсетеді. Бұл өзінен тарайтын ұрпақтың көп болуын меңзейді. Дәстүрлі тұрмыста әлі күнге дейін қыздардың сырға, сақинасыз жүру ерсі қылық болып табылады. Қазіргі кезде ол жыныссыздықты білдіреді. Қазақ ертегілерінде көп кездесетін уақытша қыздың сырғаға айналуы бұл бұйымның әйел жынысының белгісі екендігін көрсетеді және асыл тастар сияқты қазақ эпосындағы әйел кейіпкерлерінің әдемілігі ретінде қабылданған.[8, 36].

Табаридің мәліметтері бойынша б.э. 728-729 жж және б.э. 738-739 жж. Түріктер соғыста қайтыс болған қолбасшыларын жоқтағанда, құлақтарын

кесіп, беттерін тырнап жылаған. XX ғасырдың басына дейін қазақтар мен қырғыздардың жесір қалған әйелдері үшін бетін тырнап, өзін-өзі азаптау қатаң ереже болып табылған. Бұл түркі халықтарына тән дәстүр Пенджикент ғибадатханасында жоқтау кезінде құлақтарын кесу сәті көркем суреттерде бейнеленген. Бұл әрекеттің мәні өлімді имитациялау, қайтыс болған адамның артынан о дүниге кетуге даяр екенін көрсетеді. Жыртылған құлақтың сырғалығы жыланның бәлелі пиғылдарынан сақтандырған, сонымен қатар қайтыс болған әйелдің сырғасын қарапайым әдіспен шешіп алуға болмайтындығын білдіреді. Жақын адамы қайтыс болған кезде өзін-өзі азаптау ғұрпы әлемнің көптеген халықтарында кездеседі. Матадан жасалған бұйымдарда сырға және үшбұрышты бойтұмарлар тәрізді өрнектердің кездесуі, қазіргі кезге дейін үлкендер арасында тіл-көзден сақтау мағынасында қолданылады[9, 88].

Лағыл сырға – лағыл тастан әшекейленген көзі бар сырға. Шытыра бас киімге қадайтын, түймелікке қадайтын асыл тасты бұйым. Қолқа сырға- іші қуыс қолқа сырға. Қозалы сырға – бір-біріне ілмектеп жасалған бірнеше буынтықты сырға. Үзбелі сырға- бір-біріне ілмелеп жасаған бірнеше буынтықты сырға. Күмбезді сырға - екі мағынада қолданылады. күмбезді бар, салпыншықты сырға; бүршік, сірке салған сырға. Қоңырау сырға- қоңырауы бар сырға; шеңбері кең, салпыншақтары мол, аяқтарына ұсақ қоңыраушалар бекітілген сырға. Ай сырға- ою-өрнекті, бірақ салпыншақсыз болып келетін жарты ай бейнелі күміс сырға. Ақық сырға- ақықтан көзі бар сырға. Иінді алтын сырға- иіні кең сырға түрі. Лағыл сырға- лағылдан көзі бар сырға. Гауһар сырға- қырлап, өңдеп көз ретінде орнататын інжу тасты сырға. Айшықты – формасы жарты ай бейнелі яки дөңгелек болып келеді. Көбінесе күмістен соғылады. Тұмарлы- тұмар тәрізді үш бұрышты, төрт бұрышты немесе цилиндр формалы күміс яки алтын шынжырлы, салпыншақты сырға. Салпыншақ сырға- жиегі алтын, күміс жалатылған салпыншақ сәнді шынжырлар, түрлі түсті шашақтар арқылы жасалған сырға түрі. Жапырақ сырға – жапырақ бейнелі сырға. Шұбырпа сырға– күміс бауы бар үзбелестіріп жасалған сырға түрі. Адай сырға - сопақ ұзын келген, жіп байлап шашқа бекітілетін немесе құлаққа ілінетін сырға түрі. Мұның сабақ, аяқсыр сабақ, аяқты сабақ деп аталатын түрі де кездеседі. Айбалта сырға – ертедегі соғыс қаруының бірі айбалтаға ұқсатып жасалған сырға түрі. Алақаны айбалта пішінінде жасалады да оның жоғарғы жағының орта тұсында тойнақ орнатылып, оған құлақтың сырғалығындағы тесікке кіргізілетін ілгек бау орнатылған.[10,57].

Халық түсінігінде сырға құлақты негативті энергия, жаман сөздерден, өсек-аяннан қорғаған. Әйелдердің өзара әңгімелесуі кезінде кәметке

толмаған еріксіз отырған балаларға «құлағына алтын сырға» деп айту ғұрпынан кейін балалар «саңырау» болып, қажетсіз мәліметтерді қабылдамай, тек сөздің асылын, яғни алтынын естеріне сақтап алуы тиіс болған.

Сырғаның сырын сырттағылар да сезіпті Қазақ даласындағы зергерлік өнер туралы академик саяхатшы П. С. Паллас өзінің 1776 жылғы «Путешествие по разным провинциям Российской империи» деген еңбегінде: «...казақтарда ұсталар да зергерлер де бар», — деп жазады. 1803-1804 жылдары қазақ арасында тұтқында болған Савва Большой деген адам да қазақтарда зергерлік өнерінің өте ертеден бастау алғанын жазған.

Сырғалардың бірнеше үлгісін «Әзірет Сұлтан» қорық музейі қорынан кездестіруге болады. Мысалы, ай сырға— ХІХ ғ. металл, күмістен соғу, кертү арқылы жасалған. Көлемі 4,6-2,4 (см). Әр қайсысы доға тәрізді сырғалықтан және ай түріндегі негізгі бөліктен тұрады, ол екі жағынан терең кертпемен әшекейленген, өрнегі – «ай». Ортасы садырылып ойылып келіп, көк эмалмен боялған, жоғарылау ашық жеріне кертіліп өрнек салынған. Тілімнің жоғарғы бөліктеріне ілмектер дәнекерленген, оларға доға тәрізді ілмек қозғалмалы етіп бекітілген. Сырға 2005 жылы 11 ақпанда Жетісай қаласының тұрғыны М. Бекназарұлынан сатып алынған.

Келесі сырға— бірі үлкендеу, бірі кішілеу екі бөліктен тұрады. Материалы— металл, күміс. Салмағы 6,16; 6,11. Домалақтардың ортасынан белбеу өткен. Сырғаға сіркелеу әдісімен геометриялық өрнектер түскен. Төменгі бөлігіне көгілдір кішкене көз орнатылған. Ал жоғарғы жағына түтікше шығарылып, оған ілмек отырғызылған. Сырға Кентау қаласының тұрғыны Исмаил Абдулқадырұлынан сатып алынған.

Музей қорындағы сырғалардың бірі – ХХ ғғ. салпыншақ сырға. Көлемі— 6,5, күмістен жасалған, жарты ай формалы металдың ішіне бес жұлдыз отырғызылып, бес жұлдыздың ортасына кішкене көк көз отырғызылған. Сырғада күннің, жұлдыздың, айдың, ал салпыншақтарында тұқымның, гүл жапырақшаларының, дәндердің болуы бұл өзінен тарайтын ұрпақтың көп болуын меңзейді. Сырға 2004 жылы 7 желтоқсанда Түркістан қаласы Фитрат көшесі №20 үй тұрғыны Г. Ғафуровадан сатып алынған.

Қорыта айтқанда, қазақ аруларының құлағына сырға тағуы, саусағына сақина, білегіне білезік киюі, беліне белдік буынып, шашына шолпы қадауы олардың парасатының биіктігі мен эстетикалық талғамның жоғары болғанын куәлайды. Сондықтан да бар әдемі құндылықтарды сырттан іздемей, оны өзіміздің асыл мұралардан іздеу, оны жандандыру, қалпына келтіру қазақтың әрбір зергерлік мұрасын, ұлттық мәдениеттанулық

деңгейге көтеру, зерттеудің, оның мәнін ашудың ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері . Алматы: Қазақстан, 1995. 72 бет.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна», 2005. 27 бет.
3. Қазақтың зергерлік өнері. - Алматы: "Алматыкітап баспасы", 2011. - 384 бет
4. Маңғыстаудың зергерлік өнері, «Сардар» баспа үйі Алматы – 2008. 14 бет.
5. Маңғыстаудың дәстүрлі қолөнері, Алматы – 2001. 17 бет.
6. Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары, «Фолиант» баспасы, Астана – 2008. 63 бет.
7. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы, Ғылым, 1991. 42 бет.
8. Қазақтың зергерлік әшекейлері. Алматы «Өнер», 1985. 36 бет.
9. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 88 бет.
10. Ә.Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. Алматы, Қазақстан, 1977. 57 бет.

XVI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АСТАНАСЫ –
ТҮРКІСТАН
THE CAPITAL OF THE KAZAKH KHANATE IN THE XVI CENTURY
– TURKESTAN

Summary

In this article written is about the capital of the Kazakh khanate. Kazakh khans and how they ruled the country. Turkestan was the capital of Kazakh khanate in the XVI century. Also, this article says about the mausoleum of Khoja Ahmet Yasawi at that time.

Key words: capital, khanate, to rule, century, mausoleum.

Түркістан 1470-1847 жылдары қазақ хандығының құрамында болды, яғни Сырдарияның орта сағасы XVI ғасырдың соңында түпкілікті қарады. Бұл өңір әдетте ұлы дала аумағында үстемдік құрған түркі мемлекеттеріне қараған. Түркістан қаласын алғаш астана еткен қазақ хандарының бірі Есім хан (1598–1614; 1627-1628). Хиуа хандығының ханы, айтулы тарихшы Әбілғазы өзі хан болмай тұрып Есім ханның Түркістан қаласындағы ордасын үш ай бойы паналағанын жазып кеткен. Түркістанға билік жүргізген қазақ хандарының бірі Тұрсын Мұхаммед (1613-1627) болды. Шығыстанушы П.Лерх, Түркістан аумағына 1867 жылғы барған іссапарының барысында Қожа Ахмет Ясауи ұрпағының қолында билеушілер артықшылықтар берген он бес құжат ішінде Тұрсын ханның хижабра бойынша 1035/1625-26 жылғы жарлығын көргенін жазады [1, 21 б.]. Түркістан қаласында қазақ хандары түрлі елшіліктер қабылдады. Орыс деректерінде 1694 жылдың 22 шілдесінде Тәуке ханның (1652-1717) орыс елшілерін қабылдағаны сипатталады. Осы кезде өткен келіссөздер барысында қазақ ханы тең дәрежелі қатынастар болуын талап еткен. Тәуке хан түрік сұлтаны мен қызылбас (парсы) патшасын өзінен ешбір жоғары санамайтынын мәлімдейді.

1719 ж. бастап 1724 ж. дейін қазақ хандарының басшысы болған Әбілқайыр (1718-1748) Түркістан қаласын өзінің астанасы етті. 1724 ж. Әбілқайыр әскермен келіп Түркістан қаласын қалмақтардан азат етті. Бір жылдай ол қаланы және оның айналасындағы елді мекендерді жау қолына бермей тырысып бақты. Алайда 1725 ж. басында сан жағынан басым болған

қалмақтардың қысымымен Оңтүстік Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болды [2, 105 б.].

Түркістан қаласында қазақ билеушілерінің хан көтеру салтанаттары өтті. Абылайды қазақтың ұлы ханы етіп сайлау жөніндегі дерек назар аударарлық: «... 1771 ж. ... біздің барлық текті және даңқты кісілеріміз, Үш алаш – қазақ жұртының хандары, қалалар мен далалық аймақтар, және Түркістан жұртының текті кісілері мені хандардың басшысы етіп қоюды келісті. Біздің дәстүрімізге сай және алдыңғы хандардың жолымен, біздің әулие Қожа Ахмет Ясауи дүние салған Түркістан қаласында, оның қабірі басында Фатиха сүресі оқылып, мені хан етіп көтерді ...». Сонымен кейінгі ортағасырлық дәуірде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қазақ ханын ақ киізге көтеріп сайлайтын орын болды. Қазақ хандарының Түркістан қаласына келуі үлкен салтанатпен атқарылып отырған. 1744 ж. 24 маусымда жазылған хабар бойынша: «Әбілмәмбет хан қалаға жақындай түскенде қала ішінде бір адам қалмай қарсы алуға шықты... сонымен қоса өз дәстүрімен ұзындығы сажыннан асатын мыс кернейлар ойнатылды және қыш табақтарға тері тартылғандай етіп жасалғандай даңғыраларды ұрды. Бұған қоса оған аса қуанышты қабылдау белгісі ретінде үш сиырды үш мәрте айналдырды... Хан қалаға бөлек кетті. Қалаға енген кезде біріншіден олар әулие жатқан бас мешітке барды ...» [3, 96 б.].

Түркістан қаласы қазақтың бетке тұтарлары мен ақсүйектерінің мәжіліс өткізетін орны болды. Бір деректе қазақтың атақты биі Төле Әлібекұлының 1744 жылдың шілдесінде келгені көрсетіледі: «...Түркістанға Әбілмәмбетпен кездесуге ұлы жүзден Ташкентте ханнан жоғары құрметтелетін қазақтың ең атақтысы Төле би келді». XVIII ғ. 60-жылдары Қазақстан мен Орта Азия аумағына қытай басқыншылығы қаупі пайда болды. 1762 ж. Әбілмәмбет хан (1734-1771) мен Абылай сұлтанға Қытай елшілері келіп, қытай билеушісі көктемде арнайы әскер жіберіп, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып құрбандық шалу жасамақ ойы барын жеткізеді. Осыған байланысты Түркістан қаласында 1763 ж. қазақ даласының ықпалды 6 мың тұлғасы қатысқан құрылтайы өтеді. Онда Қытай империясы тарапынан Орталық Азия елдерін жаулап алу қаупі төнуіне орай көрші мұсылман мемлекеттерімен, әсіресе, Ауғанстан патшасы Ахмад-шах Дурранимен (1747-1773) бірге әскери одақ құру мәселесі қаралып мақұлданады. Орталық Азия мұсылман мемлекеттерінің бірігуі Қытай империясының Қазақстан мен Орта Азия жерлерін басып алу ниетінен бас тартуға мәжбүр еткен [4, 120 б.].

Түркістан қаласы діни білім мен ортағасырлық ғылым орталықтарының бірі болды. Қалада Абд әл-Ғафур Түркістани жазып кеткен

бір топ мектеп пен медресе жұмыс жасады. Қазақ ханы Қайыптың кейбір хаттарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің діни қызметкерінің қолтаңбасы бар. XVIII ғасырда да Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қазақ билеушілерін жерлейтін орын болып қала берді. Түркістанда Тәуке (1680-1715), Жолбарыс (1720-1740), Әбілмәмбет (1739-1771), басқа да хандар жерленді. Есім хан (1598-1614) үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қасынан жеке кесене салынды. Кесене ішінен тек атақты Абылай хан (1771-1781) қабірі ғана жан-жақты зерттелді. Жетпіс жасында қайтыс болған Абылай хан Қожа Ахмет Ясауи жатқан қабірхананың шығысындағы дәлізде, қабірханаға кіретін шығыс есігі алдына қойылған. Бұл дәліз ескі деректерде осы жерде жерленген ханның атымен «Абылайхана» деп аталған. Бірнеше тәуелсіз деректер оның қабіріне «айнатас» атты құлпытас қойылғанын көрсетеді. Осы тас астындағы қабірді археологиялық тұрғыдан тазалау және табылған қаңқаны антропологиялық тұрғыдан зерттеу барысында алынған нәтижелерді Абылай хан жөніндегі мәліметтермен салыстыру бұл жерде атақты хан жерленгенін айғақтады. Қазақ тарихының ең көрікті тұлғалары Қазыбек би Келдібекұлы, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр Түркістанда жерленген [5, 43 б.]. Кейінгі ортағасырлар дәуірінде де Қожа Ахмет Ясауи кесенесі күллі Орта Азия халықтарының киелі, қастерлі орындарының бірі болып қала берді.

Кеңестік дәуірде кесене көп жағдайда ортағасырлық сәулет ескерткіші ретінде ғана қаралды. Оның қазақ халқының ең атақты тұлғалары жерленген пантеоны екені, онда қазақ даласы үшін маңызды оқиғалар өткен тарихи ескерткіш екені ескерілмеді. Жөндеу және реставрациялық жұмыстар барысында құлпытастардың басым бөлігі өз орындарынан жылжытылды, олардың астындағы қабірлер зерттелмеді және жермен жексен болды. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан ұлттық мәдени мұраны сақтауда үлкен жұмыстар атқаруда. Егемен ел ретінде Қазақстан республикасы 1994 жылы әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау конвенциясына қосылды. Қазақстанның Түркиямен жасаған келісімі бойынша 1993 – 1995 жылдары түрік мамандары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргесін бекіту жұмыстарын атқарды. Әлемдік мұра комитеті өзінің Парижде 2003 жылдың 30 маусым – 5 шілде аралығында болған 27-сессиясында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін «әлемдік мұра тізіміне» енгізді.

Қазіргі таңда Түркістан қаласы – рухани астана ретінде көпшіліктің назарын өзіне аударып отыр. Мәселен, 2012 жылдан бастап «Түрксой» түркі әлемі қалаларының бірін түркі әлемінің астанасы деп жариялап келеді. Алғаш болып елордамыз – Астана жарияланса, одан беріде, яғни, 2013 жылы – Эскишехир, 2014 жылы – Қазан, 2015 жылы – Мары, 2016 жылы –

Шеки қалалары жарияланған болатын. Ал 2017 жылы – түркі әлемінің мәдени астанасы – Түркістан қаласы болып белгіленді. Бұл қалалар бір жыл ғана түркі әлемінің астанасы болғанымен, өзінің түркі әлемінде алар орны ерекше екендігі сөзсіз.

Түркістан қаласының айтулы шараларды өткізуде тәжірибесі мол. Мысалыға айта кетер болсақ, тәуелсіздік жылдарында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Түркістанға жасаған ресми сапарларының саны 13 болса, оның ішінде бауырлас мемлекет Президенттерімен қасиетті қалада 6 рет ресми кездесу өткізді. 2000 жылы ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтіп, тарихи қаланың дамуындағы айтулы кезең болды. 2002 жылы дүниежүзі қазақтарының ІІ құрылтайы Түркістанда өтті. 2018 жылдың 19 маусымында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 3-бабының 1-тармағына сәйкес, қазақ хандығы мен түркі әлемінің жүрегіне айналған Түркістан қаласын облыс орталығы етіп бекітті. Қазіргі таңда Түркістан қаласында керемет ғимараттар мен әуежайдан бастап туристер назарын өзіне аударарлық құрылыстар бой көтеруде. Бүгінде Түркістан қаласында 260 мың тұрғыны бар, Қазақстанның ерекше руханиятқа бөленген, тарихы терең қаласына айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пылев А.И. Ходжа Ахмад Ясави: суфийский поэт, его эпоха в творчество. Алматы: Атамура, 1997.
2. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские дистансии в XVIII-XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Алматы, 1997, с. 144.
3. Материалы по истории Казахской ССР. Т. II, часть 2. 1741-1751 гг./ под редакцией М.П.Вяткина. Алма-ата, 1948.
4. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. Алма-ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1991.
5. Дулатов М. Хазірет Сұлтан // «Қазақ» газеті / Құрастырушылар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. Алматы, 1998, 40-43 бб.

Орынбекова Әсем

*«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
экскурсоводы*

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ ҚАЙТА ОРАЛУЫ

Ұлттық құндылықтарымыздың сақталатын да, халыққа таныстырылатын да бірден-бір орны музей екені сөзсіз. Кез-келген елге барған адам сол елдің тамыры тереңде жатқан тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпымен тереңірек танысу үшін музей аралайтыны белгілі. Бабалардың көзіндегі болған жәдігерлерімізге қарап өткенімізді танимыз, келешекке көз жүгіртеміз. Ел тарихы, жер тарихы қанша бай болғанмен соған байланысты мұрағаттарды ел-елден, жер-жерден іздеп тауып, жинақтаумен қатар оны қалың көпшілікке насихаттап жеткізудің маңызы зор. Осындай ауқымды да, маңызды, абыройлы жұмысты атқарып отырған Қазақстанда жүзден астам музейлар бар. Солардың бірі әрі бірегейі Киелі Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі.

Қорық-музей ақын, ислам дінінің көрнекті жаршысы, «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Иасауи (Әзірет Сұлтан) құрметіне арнап XIV ғасырдың соңында Әмір Темір салдырған кесене негізінде Түркістан қаласында 1978 жылы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» ретінде ашылды. Құрылғанына қырық жылдан асқан музейіміздің қорында Қазақстанның ежелгі дәуірінен бастап қазіргі күніне дейінгі терең тарихынан сыр шертетін 25 мыңнан астам жәдігерлер көздің қарашығындай сақталуда.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің негізін қалап, қалыптасуына көп еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері, мәдениет пен өнердің жанашыры, тарихшы-этнограф, ұлтжанды азамат - Өзбекәлі Жәнібеков болды. Музей ашылғанымен, оның ішін өлке тарихы мен мәдениетіне қатысты жәдігерлермен толтырып, экспозиция құру әрине, оңай шаруа емес. Ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін жақсы білетін Өзағанның қазақтың дәстүрлі қолтума өнерінің бірқатар үздік нұсқаларын ел арасынан қалай жинап, музей қорын байытқаны жөнінде әңгіме мүлде бөлек.

«Түркістан, ондағы Әзірет Сұлтан кесенесі қазақ тарихының ең қасиетті жерінен саналады. Бұл — біздің ең жанды жеріміз. Соған қарамастан, білетіні бар, білмейтіні бар — талай адам араласып, қасиетті Түркістанның тағдырын дұрыс шеше алмай келеді. Қалай

дегенде де біз бұл күрделі мәселеге аса сақтықпен қарауымыз керек», – дейді Өзбекәлі Жәнібеков [1, 93 б.].

Өзбекәлі Жәнібеков билік басында жүрсе де еліміздегі тарихи-мәдени мұраларды түгендеу, зерттеу, қайта қалпына келтіру жұмысына бейжай қарамағандығы баршаға аян. Саналы ғұмырын қазақтың жоғын түгендеумен өткізді. Айрықша күмбезі көкпен таласқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің болашағына қатты алаңдағаны да белгілі. Алып кешенді қайта жөндеуден өткізіп, музей жасақтауы да екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа еді. Қорық-музейдің қолды болған тарихи жәдігерлерін қайта топтастыруы да аса қарымдылық танытқан Өзекең еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. Соның бірі Қожа Ахмет Ясауи құлпытасы үстіне жабылған XIV ғасырдан жеткен Қабіржапқыш ӘСММ КП №64 (көне инв. №ТК 655 ҚР ОММ) Қазақстан Республикасы Орталық музей қорынан қорық-музей қорына қайтаруға қосқан Өзекеңнің үлесін біріміз білсек біріміз біле бермейміз.

1970-1975 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Ясауидің мұрасы мен іліміне алғаш бетбұрыс жасаған тұлғалардың бірі. Көне «Диуани хикмет» кітабының қолжазба, баспадан шыққан нұсқаларын музей қорына жинақтауды тапсырып, өз бақылауына алған болатын. Ауылды жерлерді аралап көптеген діни, тарихи кітаптарды қорық-музей қорына топтастыруға мұрындық болды.

Сондай-ақ 1980 жылдар басында кесене ішінде сақталған құлпытастарды ғалым Әбсаттар қажы Дербісәліге оқытып, алғаш болып ғылыми айналымға енгізді. Есім хан кесенесі, Шілдехана діни-ғұрыптық орны, Қылуат жерасты мешіті, белгісіз сағаналар, қам кірпіштен тұрғызылған қамал қорғанның шығыс бөлігі қалпына келтірілуіне, Рабия Сұлтан Бегім күмбезінің қайтадан бой көтеруіне септігін тигізді.

Кесенеге жүргізілген қайтажаңғырту жұмыстарының кейбір тұстарына көңілі толмады. Алматыда жұмыс бөлмесінде отырса да, тұрса да көңілі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жүргізілген жұмыстарға алаңдаушылық танытты. Осы ойды Өзбекәлі Жәнібеков өзінің «Тағдыр тағылымы» еңбегінде одан әрі былай сабақтайды: «Қолымызды байлай бергені – заттық-техникалық ресурстарды былай қойғанда, «Әзірет Сұлтан» қорығы сияқты аса күрделі сәулет ғимаратын қалпына келтіретіндей озық тәжірибенің жетісе бермейтінде, маманданған шілеңгерлердің аздығында, әртүрлі себептермен бірін-бірі алмастыра берген шеберхана басшыларының тұрлаусыздығында еді» – деп жазды[1, 95 б.].

Қазақ мәдениетінің, өнерінің, салт-дәстүрінің қайта жаңғыруы, қайта жандануы да Өзбекәлі Жәнібековтің атымен байланысты. Атап айтсақ, қазақ

халқының ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, кеңес заманында қудалауға ұшыраған Алаш арыстарының есімдері мен еңбектерін жаңғыртып, оларды қазақ халқына қайтарып берді. Оларды жаңа қырынан танытты. Наурыз мейрамын халықпен қайта қауыштырды. Қысқасы, қазақты қазаққа танытқан, қазақты қазіргі қазақ деңгейіне көтерген екі адам болса, соның біреуі – Өзағаң болатын.

Наурыз мейрамы туралы сөз қозғалғанда Өзбекәлі Жәнібековтің есімі ойға оралады. Себебі, Наурызды елмен қауыштырған Өзағаң екені ақиқат. «Наурыз мейрамы шығыс елдерінің көпшілігінде ислам діні қабылданғаннан жүздеген жылдар бұрын пайда болған егіншілердің қызықшылығы. Оны малшы қауым да өткізіп келген» [1, 140 б].

Кейбір деректерде Үндістан, Иран, Ауғанстан, Кавказ, Орта Азия халықтарында да бұл мереке әртүрлі атпен мереке ретінде тойланып келген екен. Әр халықтың өзіне тән таным-нанымы, салт-дәстүрі болғандықтан, Наурызды қарсы алып тойлаудың өз үлгілері мен қағидалары қалыптасқан. Наурыз сөзі – парсы тілінде «нав» – жаңа, «руз» – күн, яғни «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы Ұлыстың ұлы күнін 1926 жылға дейін тойлатып келген. Алайда, бұл мереке діни мереке деген сылтаумен біраз уақыт тойланбай келді, алайда Наурызды елден, елді Наурыздан ажыратуға болмайтынын Өзағаң дәлелдеп берді. Наурызды діни мерекемен шатастырудың еш қисынсыз, күн мен түннің жаңарып, жаңа күн туатын бұл мерекеде халық мешітке барып мінәжат етпейтіні жөнінде 172 пікірін білдірді.

Наурыз мерекесін жаңғырту жөніндегі алғашқы ойбайламын ұлт жанашыры 1988 жылы ақпан айының басында ҚКП Орталық комитетінің хатшысы болып сайланысымен, Жазушылар одағы басқармасының пленумына сөз қозғайды. Сүйтіп, қайраткердің атсалысуымен араға үзіліс салып, 1988 жылы Алматыда және Жамбыл ауданында Наурыз үлкен халықтық мейрам ретінде тойланады. Ал, 1989 жылы Наурыз мейрамы Қазақстанның барлық облыстарында бірдей аталып өтті. «Наурыз мерекесін атап өтуді ең бірінші болып Жәнібеков қолға алған болатын. Оны жоғары деңгейде атап өту үшін ол тіпті Өзбекстанға арнайы адамдар жіберіп, сол жақтан Наурыздың сценарийін жаздырып әкелген еді. Сондықтан, қазақтың Наурыз мерекесінің көшбасында тағы сол Өзағаң тұрды» [2, 27 б].

Кейіннен Наурыз мейрамын Елбасымыздың жарлығымен күн мен түннің көктемгі теңесетін тұсы - 22 наурыз халық мейрамы болып жарияланды. Ерте кезде халқымыз жылдың басын көкек айынан бастаған. Көкек – көктемнің алғашқы айы болғандықтан, шаруа күйттеген көшпенді ел бұл айды асыға күткен. «Көкек келді, көктем келді, көкек келсең көптен бер,

көптен берсең көпке бар» дейтін тілек сол кездерден қалған. Ал Наурыз – көкек айында басталатын бүкілхалықтық ұлы мерекенің аты. Жақсы сөзді жарым ырысқа балайтын ырымшыл халқымыз көкек дейтін құстың ұшқалақ, жеңілтектігін ұнатпай, айдың атын мейрам атымен атап кеткен көрінеді. «Қазақ егістікке дән себуді күн мен түннің көктемгі теңесер тұсында – наурыздың 21-нен 22-не қарағанда, ежелден келе жатқан есеп бойынша киіз үйдің шаңырағынан оның ортасына күн түскенде, найзағай күркіреп, ағаш бүршік атып, көктің қаулап көтерілетін шағында бастаған. Салтанатты сәтті қарсы алар түні жұрт ақ пен астық, жауын-шашын мол болсын деген тілекпен үйдегі барлық ыдыс-аяқты сүтке, айранға, шұбатқа, дәнге, бұлақ суына толтырып қоятын болған» [3,16 б].

Кезінде ата-бабамыз Наурыз мерекесі қарсаңында өз қора-қопсысын реттеп, атыз-арықты, бұлақтың көздерін аршитын, үйін ақтап, ауласына гүл егіп, ағаш отырғызатын, аналарымыз жер-анаға деген сый-құрмет белгісі ретінде жаңадан отырғызылған шыбықтарға, сағасы аршылған бастауларға малдың үмесін, ағын тамызатын. Ақындар айтысы өтіп, палуандар күш сынасатын, жастар жағы түрлі ұлттық ойындар ойнап бұл мерекені тамаша көңіл күймен өткізетін болған.

Ал, бүгінгі Наурыз мерекесінен көретініміз – леклек болып, бостан-бос теңселіп жүрген көпшілік. Киіз үйлер тігіліп, ішіндегі дастархан мәзірі тек басшылар үшін жайылады, Наурыз мейрамын екені естеріне түсіп оюлы шапан не қамзолын иығына бір күнге іледі... Біз осы, ұлт жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің қолтаңбасы қалған, ұзақ үзілістен кейін халықпен қайта қауышқан Наурыз мейрамын ылайықты деңгейде тойлап жүрміз бе? Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласының аясында Наурыз мейрамының тойлану элементтерін қайта жаңғыртып, халықпен қайта қауыштырсақ нұр үстіне нұр болар еді. Ұлыстың ұлы күні наурыздың елдік, бірлік, берекелік, кешірімділік сипатынан бөлек, оның инабаттылыққа, иманжүзділікке, ізгілікке, молшылыққа, кішіпейілділікке баулитын жақтарын аша түсу қажет-ақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы. – Алматы: «Рауан», 1996. – 93-140 бб.
2. Тұяқбаев Қ. Оның себебін өзі айтпаса, мен қалай айтамын?: / Қ. Тұяқбаев //Аңыз адам. – 2017. – № 11. 27 б.
3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: «Жазушы», 1992. – 192 б.

Ахметжанов Нұрболат
ШҚО Мәдениет басқармасының
басшысы
Тастанбеков Мұрат
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-
мәдени қорық-музейі директорының
ғылыми жұмыстар жөніндегі
орынбасары, т.ғ.к., ХҚТУ доценті

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТІ» ҚОРЫҚ– МУЗЕЙДІҢ ҚОРЫНДА

Еліміздің тәуелсіздік алуымен Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұралары терең зерттеліп, зерделеніп, жарыққа шығып, халқымыздың игілігіне айналып келеді. Ұлы ұстаздың рухани ілімі мен мұраларын зерттеген ондаған диссертациялар қорғалып, ғылым әлеміне жол тартты. «Диуани Хикмет» әлемнің оннан астам елдерінде аударылып, жарық көрді. Соңғы жылдары жүзеге асқан ізденістер нәтижесінде тағы да бірқатар «Диуани Хикмет» қолжазбалары табылды. Қазақстанның қолжазба қорлары мен мұражай қорларында «Диуани Хикметтің» қазіргі күні 30-дан аса қолжазбасы бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «...Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері («Даналық сөздері») сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс», деп жазған болатын.

Музейдің құрылу тарихында Мемлекет және қоғам қайраткері, сол кездегі Мәдениет министрінің орынбасары Ө.Жәнібековтің бастамасымен жергілікті билік өкілдері игі істер атқарып, халықтың қолында сақталған құнды дүниелерді музейге өткізуіне ықпал жасаған. Кесенеде сақталған құндылықтарды 1958 жылдары жинап, тізімін жасаған сол кездегі алғашқы қор сақтаушы, кейіннен 1980-84 жж. музей директоры болған, мәдениет қайраткері Орынбай Дастановтың да елеулі еңбегін айта кетуіміз керек. Біз бүгінгі мақаламызда баба мұрасына деген қызығушылықтың себебін емес, қорық-музей қорындағы «Диуани Хикмет» кітаптары және қолжазбаларымен таныстыруды мақсат қойып отырмыз.

1978 жылы «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи сәулет ғимараты музейі» болып ашылған кезде музей қоры 300-ге жуық жәдігермен құрылған болса, қазіргі таңда музей қорындағы 25 мыңнан аса көне жәдігер тарихтан сыр шертеді. Мемлекеттік тіркеуге алынған жәдігерлердің басым бөлігі

тарихи құнды түпнұсқа дүниелер. Халықтың қолынан жинақталған араб, парсы, көне түркі тілдерінде жазылған қолжазбалар мен баспа кітаптары бүгінгі тақырыбымызға арқау болмақ. Жазба ескерткіштер тобы жәдігерлерінің негізгі қорында 630 дана, ғылыми көмекші қор есебінде 2323 дана, барлығы 2953 дана жәдігер сақтаулы. Әрине бұл жәдігерлер музейдің қырық жылдық жұмысы жылдарында жинақталғаны айтпаса да белгілі. Дегенменен, тарихи деректерде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «Кітапхана» бөлмесінің болғаны, кітапханада діни сипаттағы кітаптардың жинақталғаны туралы мәлімет көптеп кездеседі. 1929 жылы жарық көрген мақаласында Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытов: «... Одан әрі айналсаңыз, тағы бір кішірек үйге кіресіз. Қабырғалары ойдым-ойдым (ышқапша). Бұл жай бір заманда кітапхана болып, 30 мыңдай кітап сақталған екен. Бұл күнде бірі қалмапты» [], – деп жазады. Кітаптар жайлы 1951 жылдан 1985 жылға дейін кесененің қор сақтаушысы, музей директоры болып істеген Орынбай Дастанов былай деп жазады: «Мұнан әрі коридордың ішімен жүргенде сол жақтағы «Кітапхана» деп аталатын бөлмеге тап боласыз. Бұрынғы кездерде оның екі этажы да түрлі діни кітаптарға иін тіресіп тұрғаны баршаға мәлім. Олардың біразы 1950 жылдарға дейін сақталып келген». Автор бұл деректі 1967 жылы шыққан кітабында жазып қалдырған.

Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі өткен жылы 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «кітапхана бөлмесін» өзінің тарихи қызметтік мақсатында музейлендіріп ашқан болатын. Алғашқы күннен қалың көпшіліктің қызығушылығын туғызған бұл бөлмеге Қожа Ахмет Ясауидің әр жылдарда баспадан шыққан «Диуани Хикмет» еңбегі және «Пақырнама», «Рисала дар адаби тариқат» еңбектерінің көшірмелері қойылды. Солай болуы да заңдылық, О.Дастановтың жазбасында «... Аралап жүрген зияратшылар мұнда келген соң шырақшының нұсқауымен әбден сарғайып, тозығы жеткен үлкен Құран мен Қожа Ахмет Ясауидің Хикметіне тәуеп қылады да, кідірместен қарсысындағы «Мешіт» атты бөлмеге өте берген», – деп жазады. Бұдан көретініміз Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ішінде Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегі де айрықша құрмет тұтылған.

Қожа Ахмет Ясауидің бізге жеткен мұраларының ішінде халықтың жүрегіне жақыны да, құндысы да – Диуани хикмет. Қожа Ахмет Ясауидің басты шығармасы «Диуани Хикметтің» бірінші шумағында: «Екінші дәптер сөзін аштым, міне», - деп басталады. «Екінші дәптердің» негізгі мағынасы – рух, рухани әлем. Ондағы басты тақырып – Ұлық Аллаға ғашықтық. Алланы мадақтау, тәкбір айту, тәсбих тарту, пайғамбарға салауат жолдау арқылы ғана құдайға жетуге болатынын айтады. Хикметтер адамды жаман

қылықтардан тиылып, көркем мінезді болуға, рухани тәрбиені түзетуге үндейді. Сондықтан да, Хикметтер халық арасында ауызша айтылумен қатар, көркем жазумен жазылып, жазбаша түрде де сақталған. Диуани хикметтің түпнұсқасы сақталмаған. Қазіргі таңдағы белгілі ең көне қолжазба Ахмад Махмуд Хазинидің 1593/94 жазылған «Жавахиру-л Абрар мин амуажи бихар» атты шығармасында келтірілген «Диуани Хикмет» болып табылады. Бертін келе «Диуани Хикмет» Қазан (1887–1901), Ыстамбұл (1901), Ташкент (1902–1911) баспаларынан жарық көрген.

«Төрт мың төрт йүз хикмәт Хақдін фәрмән» деп жырлаған Ясауидің даналық сөздері әлі күнге дейін толық жинақталып, жарық көрген жоқ. Бүгінде ғылыми айналымда жүрген хикметтерінің саны екі жүздің шамасы ғана. XX ғасырдың басына дейін Қазанда тасбаспа күйінде жарық көрген «Диуани Хикметтердің» жалпы көлемі, шамамен, 150–160 даналық сөзден тұрады. Кейінгі табылған қолжазбалардың нәтижесінде ғана баба мұрасы екі жүздің үстіне шықты. Десек те, бұл соңғы нәтиже болмауы керек. Себебі Қожа Ахмет Ясауи тахаллусымен жазылған хикметтердің бәрі дерлік толық зерделеніп болған жоқ. Әлі де әлем кітапханаларының қолжазба қорларында мамандардың зертханасына түспей, шаң басып жатқан даналық сөздер қаншама. Кейінгі шәкірттері тарапынан «Диуани Хикметтің» көшірмелері жан-жаққа тарағаны белгілі. Әрі ортағасырлық жиһанкездер мен кейінгі миссионерлердің де құнды мұраларды өздерімен бірге ала кеткені тағы бар. Сол тараған жәдігерлердің басым бөлігі бүгінде жекелеген коллекционерлердің жеке қоры мен жергілікті кітапханалардың сирек қолжазбалар бөліміне өтіп кеткен. Солардың ішінен «Құл Қожа Ахмет», «Ахмет», «Ахмет Ясауи» және т.б. тахаллустармен жазылған хикметтерді саралап, жарыққа шығару мәселесі, әлі күнге күн тәртібінен түскен жоқ. Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасына, әсіресе, даналық сөздеріне қатысты қолжазбаларды зерттеп-зерделеуде, әуелі, «Әзірет Сұлтан» қорық–музейіндегі жәдігерлерден бастағанмыз дұрыс. Сондықтан да осы музейде сақталған «Диуани Хикметтің» бірқатар нұсқаларын оқырман назарына ұсынып, таныстырғымыз келеді.

Ендеше, негізгі тақырыбымыз қорық–музей қорында орын алып, сақталып келе жатқан Қожа Ахмет Ясауи еңбектері туралы мәселеге келейік. Қорық–музейдің қорындағы жазба ескерткіштер тобының негізгі қор есебіндегі жәдігерлер ғылыми тұрғыдан өзінің жазылу түрі мен атқарған қызметіне қарай төрт топқа (көне баспа кітаптар, қолжазбалар, жаңа құнды кітаптар, тарихи құжаттар) бөлінеді. Көне баспа кітаптардың негізгі бөлігі XIX-XX ғғ. басында Ташкентте, Қазанда, Уфада, Ыстамбұлда, Бұхарада және Санкт-Петербургте басылған. Қолжазбалардың (кітаптар, дәптер

немесе қалың дәптер болуы мүмкін) көбі XIX-XX ғғ. басында настағлик, насх жазуларымен жазылған. Сондықтан біз де, музей қорында Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметтерін» шартты түрде баспа және жазба (қолжазба) деп бөліп қарастырамыз.

Музей қорында Қожа Ахмет Ясауидің 23 дана «Диуани Хикмет» еңбегі сақталған. Олардың ішінде, 1978 жылы Мәдениет министрлігінің бұйрығымен Алматы қаласындағы кітапханадан қорық-музей қорына өткен, 1984 жылы Өзбекстан Республикасының Новаи облысы, Үшкүдық ауылының тұрғыны Латип Мурашимовтан қабылданған Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің 1904 жылы Қазан баспасынан жарық көрген бірнеше нұсқасы бар. «Хикмет. Қожа Ахмет Ясауи. –Қазан баспасы, 1904 жыл» кітаптары 21x15 форматында, 260 бетті құрайды. Мұнда хикметтер толық жинақталған. Хикметтердің алдында алғысөзден кейін Ахмет Ясауи мөрі берілген. 2001 жылы Түркістан ауданына қарасты Қарашық аулының тұрғыны А.Махмұдовтан қабылдап алынған «Хикмет. Қожа Ахмет Ясауи. – Қазан баспасы, 1904 жыл» кітабында 149 хикмет жинақталып, Насх үлгісімен жазылған. Сондай-ақ, жазба ескерткіштер тобының негізгі қорына 2002 жылы Түркістан ауданы Қарнақ ауылының тұрғыны А.Талипов өткізген «Хикмет. Қожа Ахмет Ясауи. –Қазан баспасы» кітабының жылы белгісіз. Кітап беттері толық емес. Ал, 2010 жылы Сарыағаш қаласының тұрғыны Н.Нұрмахашовтан қабылданған «Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» Қазан 1904» кітабы да орташа дәрежеде сақталған. Бұл басылымдардың сақталу деңгейіне қарай мұқаба беттері кейінгі жылдары қайта жасалып, өзгертілген. Кітап 17–ші беттен басталып, бірінші бетіне Ясауи мөрі басылған. Қазан баспасындағы хикметтер санмен белгіленіп берілген. Музей қорындағы Хикметтердің бір жылда Қазан баспасынан жарық көруіне қарамастан, Ясауидің Пақырнама еңбегімен басталуы, кітаптағы Ясауи мөрі бедерінің суреттеріндегі айырмашылық сияқты белгілі бір ерекшеліктері бар екі түрі бар екендігіне назар салғымыз келеді.

Хикметтердің келесі топтамасын Ташкент қаласында басылған деп топтауға болады. Молла Құдайберді Ташкенди баспаға дайындаған «Диуани хикмет. Қожа Ахмет Ясауи» кітабын музей қорына Түркістан қаласының тұрғыны Абдрахмен Әбдімүтәліп 2008 жылы өткізген. Шымкент қаласының тұрғыны Ф.Тайемовтан алынған «Хикметтер. Қожа Ахмет Ясауи мен Азим ишан» кітабы да Ташкент баспасынан жарық көрген. 1984 жылы Түркістан қаласының тұрғыны Х.Имажанов тапсырған «Қожа Ахмет Ясауи өмірбаяны» атты кітап та Ташкент қаласында басылған. Көне кітап өз атауына қарамастан Ясауи өмірбаяны қысқаша жазылып, хикметтерден үзінділер берілген. Парақтары жинақталып, қайта түптелген. 2008 жылы

кабылданған «Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» кітабы да Ташкентте жарық көрген. Кітаптың мұқабасы сақталмаған.

Қорға тапсырылған хикметтердің сақталуы да әрдайым көңіл толарлық бола бермейді. Сондықтан да, қорға тіркеу құжаттарында жәдігердің сақталуы туралы міндетті түрде мәлімет жазылады. Мұқаба беті сақталмаған, баспасы мен жылы белгісіз көне кітаптардың да маңызы төмен деп айтуға әсте болмайды. 1904 жылғы «Хикметтер. Қожа Ахмет Ясауи және Құл Азим Матбаға Бұхара» кітабы осындай маңызды еңбектердің қатарында саналады. Саид Акбар Қожа ибн Саид Омар Қожа дайындаған 126 беттен тұратын «Қожа Ахмет Ясауи хикметтері» кітабында Ахмет Ясауидің 76 хикметі және Құл Азим хикметтері енген. 2008 жылы Кентау қаласының тұрғыны Абдулліева Анархан тапсырхан кітаптың түп жағы қолдан тігілген. Мұқабасы жаңа, біріктірілмеген. 2008 жылы Түркістан қаласының тұрғыны Махмудов Марат өткізген кітаптың өз мұқаба беті сақталған.

2018 жылы Тараз қаласының тұрғыны Ә.Абдрахмановтың тапсырған Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтер» жинағы қорға есепке алынған. 270 беттен тұратын кітаптың парақтары мүжіліп, сарғайғаныменен сақталуы жақсы жағдайда. Кітаптың қай жылы, қай баспадан шыққандығы белгісіз. Кітапта бірнеше тақырыптар қамтылған. Алғашқы үшінші бетте Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у) салауат айтудың маңызды екені айтылса, кейінгі он үш бетте Ақырзаманда қандай уақиғалар болатындығы баяндалады. Қалған 252 беті Қожа Ахмет Ясауидің 148 хикметіне арналған.

Жазба ескерткіштер тобының негізгі қор есебінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметтерінің» қолжазба нұсқаларының да бірнеше данасы бар. Түркістан ауданына қарасты Ынтымақ ауылының тұрғыны Шешхов Мараттан 2001 жылы қабылданған қолжазба түркі тілінде қалың дәптерге көк сиямен толтырылған. «Хикметтер» жазылған қолжазбаның сақталуы орташа болғандықтан басқа кітаптың мұқабасымен түптелген. Ал, Түркістан қаласының тұрғыны Абдрахмен Әбдімүтәліп өткізген қолжазбаның да сақталуы орташа дәрежеде. Қолжазба толық емес, бас-аяғы, мұқабасы жоқ. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тұмар кітап түркі тілінде қара сиямен жазылып, қызыл сиямен асты сызылған. Қолжазбаның келесі нұсқасы 2009 жылы Түркістан қаласының тұрғыны И.Бахаутдиновтан қабылданған. Парсы, түркі тілдерінде жазылған «Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер. Имам Матруди қиссасы. Тәджуид» кітабының авторы да, кейінгі көшіріп жазған адамның да аты–жөні белгісіз. 2004 жылы Түркістан қаласының тұрғыны Г.Мұхановадан алынған «Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» қолжазба кітабының да мұқаба беті сақталмаған.

Қорық–музей қорындағы сақталған қолжазбалардың ішінде ерекшесі саналатын 2010 жылы Түркістан қаласының тұрғыны Ғ.Жорабековтың тапсырған Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» қолжазбасы. Сондықтан бұл еңбек жөнінде толығырақ айта кеткіміз келеді. Мұнда хикметтер толық қамтылған, өте әдемі, тиянақты көшірілген, парақтары сапалы, шығыс парағына жазылған. Аздап кірлегеніне қарап хикметтердің қолданыста болғандығы, көп оқылған деген қорытынды шығарамыз. Қолжазба кітап өз мұқабасымен сақталғандықтан салыстырмалы түрде сақталу деңгейі жақсы деуге болады. Кімнің жазғаны белісіз болуына қарамастан, шамамен 1865 (х 1281 ж. шуаал) жылдары көшірілген, 326 беттік Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабының қолжазбасының түпнұсқасы музейдің құнды жәдігерлерінің бірі. Оған Ясауи бабамыздың Хуайда, Машраб сынды ізбасарларының да хикметтері енген. Жоғарыда айтқанымыздай, «Диуани Хикмет» қолжазба кітабын қашан, кім жазғаны жайлы деректер жазылмаған. Жазу үлгісіне қарап, хикметті жатқа білген кісі жазған деп болжауға болады. Себебі, хикметтер бірінен кейін бірі тізбектеліп жазылып, санмен белгіленбеген. Кітаптың соңғы бетіне дейін хикметтер нөмірленбеген. Өкінішке орай қолжазба нұсқасында парақтары толық емес, немесе ауысып кеткен. Қолжазбаның алғашқы беттері хикметтермен емес, неке дұғасы мен салауаттармен басталып жазылған. Осындай өзіндік ерекшеліктерге толы қолжазбаны көпшілік назарына ұсынуды қорық–музей қолға алған болатын.

Түркі әлемінің діни ұстазы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында және Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай баспаға ұсынылып жарық көрді. Аталған құнды қолжазбаның аударма жұмыстарына музей қызметкерлері қатысып, қорық–музейдің Ғылыми кеңесінде талқыланды. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» кітабын Күнсұлу Асетова, Төреғали Қыдыр шағатай тілінен аударса, Кенжеғали Көшім-Ноғай көркем аудармасын жасады. Қалың оқырман, зиялы қауым Ясауи мұрасының қолжазба көшірмелерімен және аударма нұсқасымен танысқан тұсаукесер өткізіліп, жылы пікірлерін алып жатыр. Әрине, қордағы қолжазба автордың шынайы қолтаңбасын танытатын түпнұсқа болмағанымен, осы салада өзіндік ерекшелігі мен құндылығы болатыны анық. Ұзын саны қырық сегіз даналық сөз берілген бұл жинақтың да өзіндік ерекшелігі бар. Тарих қойнауынан сыр шертетін әрбір қолжазбаның құпиясына үңілу – кезек күттірмейтін шаруалардың бірі болмақ. Әр жинақтың өз оқырманы бар. Сондықтан да, «Әзірет Сұлтан»

қорық-музейінің қорында сақталған хикметтерді де ғылыми айналымға түсіру, әрі көпшіліктің назарына ұсыну мақсатымен мәтіннің транскрипциясы мен көркем аудармасы қатар берілген. Ясауи мұрасы бүгінгі оқырманмен қайта қауышып, көпшіліктің көңілінен шығып жатса, жинақты баспаға дайындаушылардың еңбегі ақталғаны болмақ.

Қорық–музейдің жазба қорындағы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметтер» атымен тіркелген бірегей жәдігерлері туралы да айта кеткіміз келеді. 1985 жылы Түркістан қаласында сол уақыттағы музейдің ғылыми қызметкері Имажанов Хамит Зейнелұлының түркі тілінен қазақ тіліне аударған, машинкамен терілген «Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» кітапшасының қолжазбасы ғылыми көмекші қорға қабылданған. 1991 жылы Х.Имажановтың қолжазбасы «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-музейінде «Қожа Ахмет Ясауи «Қырық хикмет» атымен баспадан шығарылған. Бүгінде отыз жыл бұрын музейдің алғашқы баспа өнімдерінің бірі болған «Қожа Ахмет Ясауи «Қырық хикмет» кітабы да жәдігерге айналған.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи–мәдени қорық–музейі 2007 жылдан «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны екі жылда бір өткізіп келеді. 2016 жылы қорық-музейдің ұйымдастыруымен Түркістан қаласында өткен конференцияға Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабын ағылшын тіліне алғаш рет тәржімалаушы ғалым ретінде белгілі Джонатан Трапман арнайы шақырылды. Ұлыбритания елінің азаматы Джонатан Трапман ағылшын тіліне тәржімаланған Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабын музейдің жазба ескерткіштер қорына тапсырды. Хикметтің ағылшын тіліндегі нұсқасы 2013 жылы жарық көріп, Ясауидің 149 хикметі енген. Кітапшада түркі тіліндегі хикмет нұсқасының екі парағы және кітап соңында діни сөздердің түсіндірмесі берілген. Кітап жалпы көлемі 228 бетті құрайды. Кітап «Диуани Хикметтің» ағылшын тіліне аударылған алғашқы нұсқасы екендігімен де құнды.

Сондай–ақ, музей қорында Алматыдағы Республикалық кітапханасынан алдырылған 1834 жылғы 412 беттік, XX ғасыр басындағы 236 беттік «Диуани Хикметтің» қолжазбасының көшірмелері, Ясауидің басқа да еңбектерінің ғылыми көмекші қор есебінен алынған бірнеше көшірмелері бар. «Миратуль қулуб» (Жүрек Айнасы), «Пақырнама», «Рисала дар адаби тариқат» (тариқат әдебі) атты еңбектерінің түпнұсқасы болмағандықтан, олардың қолжазбаларының сканерленген көшірмелері жинақталған.

Ясауи бабамыздың қасиетті зиярат орнында қызмет атқарып, оның атын иемденіп отырған қорық–музей баба мұраларын насихаттауда бар күшін сала еңбек етіп келеді. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жанынан «Ясауи мұрасы» атты республикалық мәдени-танымдық газет 2016 жылдың қазан айынан өз оқырмандарына жол тартты. Газет айына мың данамен тұрақты түрде жарық көріп келеді. Соңғы жылдары қорық–музей бастамасымен «Қырық Хикмет», «Жетпіс хикмет», «Сборник хикметов» атты жинақтар жарық көрді. 2018-2021 жылдары қорық-музей «Ясауи есімімен байланысты аңыздар», «100 аңыз», «100 легенд», «Әзірет Сұлтан энциклопедиясы» атты көпшілікке арналған танымдық басылымдарды жарыққа шығарды. Хикмет дәстүрін ауызша насихаттауда оқушылар арасында жылма-жыл өтіп тұратын «Ясауитану» байқауы, ал хикметтің терең сырлы тұңғиығы мен бабамыздың жүріп өткен жолының мән-мағынасын ашуда ғалымдарымыздың арасында өткізіліп тұратын ғылыми конференциялар, музейде сақталған құнды жәдігерлер мен олар туралы терең мағлұмат беретін көрмелер және бабаның мәңгі өлмес мұраларының ғажап сырларын насихаттайтын фильмдер бұл ілімнің маңызды екенін, оны жаңғырту арқылы халқымыздың тамыры терең тектілігін қайта табатынын ұғындырады.

Елімізде орын алған карантин жағдайында қорық-музей Ясауи есімін ұлықтау шараларын онлайн режимде жүргізуді бастап, жалғастырып отыр. Қорық-музей Қожа Ахмет Ясауидің тұлғасын таныту мақсатында өзінің ресми сайты мен фейсбук әлеуметтік желі парақшасы арқылы ақпараттар жариялаумен қатар, Д.Кенжетай, З.Жандарбек, Т.Қыдыр т.б. ясауитанушы ғалымдардың онлайн дәрістерін ұйымдастырды. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің «Ұлағатты ұрпақ» атты мәдени-білім беру платформасының аясында қорық-музей «Балаларға арналған аңыздар» айдарымен Ясауи тұлғасымен байланысты аңыздардың бейнеролигін дайындауды қолға алып, ұсынып келеді.

Қожа Ахмет Ясауидің туған жері Сайрамнан 2020 жылы бастау алған «Ясауи ізімен» ғылыми экспедициясы өз жұмысын сәтті жалғастырып келеді. Түркістан облысынан бастау алып, Жамбыл, Қызылорда облыстарының тарихи-мәдени ескерткіштерімен танысу-насихаттау және көнекөз қариялардан деректер жинау жұмыстары жүргізілді. 2021 жылы ақпан айында Өзбекстан Республикасы Наманган облысында Қожа Ахмет Ясауи ұрпағы Ибрахимжан ақсақалдың қолындағы Ясауи әулиетінің шежіресі-насабнаманың бір нұсқасы мен ислам әлеміне әйгілі он бір шайықтың есімі жазылған «Ясауи мөрі» анықталды. Алдағы уақытта «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі тарапынан Насабнамада жазылған

деректерге қатысты толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Қорыта айтқанда, қорық-музейде Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы жан-жақты зерделеніп келеді. Даналық сөздерінің көркемдік, тілдік ерекшеліктерінен бастап, тарихи, философиялық, діни-сопылық тұстары да қарастырылып жатыр. Десек те, Ясауи мұрасына дендеп енген сайын бұл әлемнің қыр-сыры тым тереңде жатқанын аңғару қиын емес. Сондықтан да ясауитану саласында бүгінде атқарылған дүниелерге қарағанда, алда қолға алатын мәселелердің салмағы басым екендігі белгілі. Ясауитану саласындағы негізгі мәселелердің бірі – бабамыздың қаламынан туындаған даналық сөздерін жинақтап, сараптап, күллі түркі мұсылман руханиятының кәдесіне асыру екені анық.

Арынова Динара Суиндиковна
«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейінің ғылыми қызметкері

ДАСТАРҚАН ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Біздің дастарханымыз ежелден-ақ халқымыздың ұлан-асыр жеріндегі кең. Ел мен елді татуластыру, жақсылар мен жайсандарға құрмет көрсету, үй иесінің мырзалығы мен мәрттік қасиеттерін де, ел дәулеті мен қарым қабілет, түсінігін де қазақ кең дастархан арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Таспен ұрғанды аспен ұратын қазақ үйіне келген жанның бірін де дәм ауыз тигізбей жібермеген. Бас сұққан үйден нан ауыз тимей шығатын жанға қапа болып, көңіліне алып қалатын болған.

Баяғы заманнан бері осы күнге дейін жеткен дәстүріміздің бірі мен бірегейі – келген қонаққа дастарқан жаю. Бұл дәстүр тек қонақжай қазақ халқына ғана тән дүние десем, артық айтпаспын, себебі үйге қандай кісі келмесін «ең болмаса нан ауыз тиіп кету керек» деген ұғым санамызда бала кезімізден қалыптасқан. Қазағым қашан да бар асылын, бар тәттісін «қонақ жесін» деп сақтаған. Қазақ халқы үшін дастарқаннан үлкен, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Ақсақалдар да үнемі «Дастарқан тек қуанышты себептермен жайылсын! Дастарқан мол болсын! Осындай үлкен дастарқан басында жинала берейік!» деп бата беріп, тілектерін айтып жатады. Дастарханға алғаш қойылатын ас бұл – нан.

Дастарқан жайғанда міндетті түрде ең алдымен нан қойылады. «Ас атасы – нан» деген мақал осыдан шықса керек. Ұннан жасалынған тағамдар бағзыдан-ақ ақ дастарханымыздың сәні болып келген. Қазақ өзінің шаңырағындағы кез келген жиында дастархан үстінен нанды алыстатпайды.

Сыйлы қонақ келсе, бұрынғы кезде мал сойылып, ет асылса, қазіргі заманда мал сойылмаса да, қазанды отқа қойып, қонақтың кәдесін асып береді. Күн демей, түн демей қазан асуға келгенде қарап қалмайтын қазақ аналары мен келіндері ет тамақты нақышын келтіріп дайындайды. Бүгіндері қырық күн тойын, отыз күн ойын жасамасақ та, кез келген жиында осы ас бірінші мәзірде тұрады.

Жалпы алғанда, қазақтың дастарханы – киелі нәрсе. Бұл тек жайылған шүберек немесе оған қойған ас-ауқат қана емес, бұл – адамның пейілі, ішкі жан-дүниесі, мейірім-шапағаты.

Қазақ халқы дастарқанға аса мән – маңыз береді. Дастарқан басында бірінші үлкендер жайғасады, содан кейін барып жасы кішілер орналасады. Дастарханға қатысты Дастарқанды аттама, дастарқанды баспа, дастарқанды

пышақпен қырма, ас қайырмай дастарқаннан тұрмасынды мақалдар ел арасында кеңінен таралған. Бұл дастарханның киелілігінде.

Дастархан сөзі қашан шықты, қай заманнан қолданыста келе жатыр деген сұраққа тоқталайық. Дастарқанның жалпы анықтамасы ол — [ас](#) қоюға арналған [мата](#) төсеніш. Дастарқанды кейде теріден, бөз, шыт, жібек тәрізді маталардан тігілген, "[асжаулық](#)" деп те атайды. Дастарқан сол үшін көбінесе ашық түсті не гүлді маталардан көлемі әртүрлі етіп тігіледі. Дастарқанның жиегін қайырып сыриды, сәнді болуы үшін [шашақ](#) тағады. Қазіргі кезде көбіне [кленкадан](#) жасалған дастарқан пайдаланылады. Байырғы ортада қымбат жібек түрлерінен сәндеп, құрақ құрағандай етіп шетін кестелеп, өрнектеп тіккен, көбінесе, жиектері кестеленіп, шашақталып сәнді жасалған. Дастарқан үстіне бауырсақ, құрт-ірімшік сияқты тағамдар төгіліп, май, жент, өрік-мейіз сынды тағамдар тостаған, кесе сияқты арнайы ыдыстарға салынып қойылады. Дастарқанды уақытша жинау қажет болса, ыдыстағы сүт, май сияқты төгілетін сұйық тағамдарды жинап алғаннан кейін, бауырсақ, құрт-ірімшіктерін жинақтап, төрт шетінен түйіп, буып қояды. Ал дастарқанды жимаған жағдайда асқа, дәмге зиянкес күш иелері қонақтап қояды деген түсінікпен оны көлемі дастарқанға бара-бар матамен бетін жауып қояды. [1, 610]



Дастархан - бұл не? Бұл ұғым алғашында Шығыс халықтарының дастарқаны деп аталды. Әдетте оның төртбұрышты, сирек дөңгелек формасы болады. Оның биіктігі 30 см. Сондай дастарқан басында тек түрік тілінде отыруға болатыны анық. Бірақ едендер әрдайым жылы бола бермейді. Адамдар бұл мәселені өздері отырып, қонақтарды жұмсақ жылы кілемдерге немесе киіз матқа отырғызу арқылы шешті. Жылдың көп бөлігі шығыста жылы болғандықтан, тамақ көбінесе сыртта өткізілетін.

Уақыт өте келе анықтама сәл өзгерді. Дастархан бүгінде нені білдіреді? Бұл сөз тек дастарқанға қойылатын дастарханды емес, тағамның өзін білдіреді. Дастархан отбасылық болуы мүмкін немесе оны қонақтар қабылдау кезінде жинауға болады. Мұндай тойларды көбіне көршілер бір-

бірінің құрметіне арнап өткізеді, бір отбасы екіншісіне қандай-да бір түрде көмектескенде.

Біз оның не екенін білдік - дастархан. Бұл дастархан мен мерекенің өзі болуы мүмкін. Бірақ көбінесе дастархан - бұл дастархан, сонымен қатар тамақ үшін жабылады. Неліктен ол бұл атауды алды? Бұл біздің өзіміз құрастыратын дастарханның ұқсастығы бойынша деп санайды. Өйткені дастархан ешқашан бір-екі тағаммен жабылмайды. Әдетте олар үстелге 4-5 ауыстыратын ыдыс қояды. Дастархан, қазақтың дәстүрі бойынша, ақ түсті болуы керек.

Аудармасы «номиналды үстел мағынасында да, дастархан мағынасында да «асханалық үстел» парсыша «хан» («хван» деп жазылған), мүмкін «хандан» - «шығу» сөзінен шыққан. осы сөзден шыққан туынды «хане» - «үй», мысалы «шайхане» - «шай үй».

Ташта / дашта сөзі дастарқан сияқты созылған «жартасты жазық, дала» сөзі дастархан сөзін «туғызды» (Орта Азиядағы перстер. Және басқа да Шығыс халықтарының арасында: Дастархан (пер. دس ترخوان, тәжік дастархоны, урду دس ترخوان, әзербайжан дастархан, қазақ дастархан, қырғыз дастарқоны, өзбек дастархоны) - Орта Азияда, сонымен қатар Шығыс халықтарының арасында: тамақтану кезінде қолданылатын дастарқан; Жалпы дастархан бұл ежелгі заманнан бастау алып келе жатыр десек қателеспейміз. Себебі адам бадасы ас жеуді білген заманнан дастархан болды деп айтуға әбден болады. Қазба деректерде жерленген адамдардың қасына ас ауқастын дәнді дақылдарын қоса көметін болған. Ас ішілген жерде дастарқан болмауы мүмкін емес дүние. Мәселен сақтардың қазандары мен құрбандық жозылары Жетісу жерінен Іле алқабымен Ыстықкөл маңынан өте көп табылған. Ал, Алматы төңірегінде табылған қазандардың бірі қанатты таутеке бейнесімен әсемделген. Сауран қақпасы алдындағы ордан шыққан археологиялық табыстардың Тоғызыншы белдеулен бояусыз дастархан, тағара (бояулы), орта кесе, ауызы кең құмыра мен горшок фрагменттерін шықты. Мұнда да ақ пен көгілдір фонға негізінен қарамен өсімдік тектес өрнектер түсірілген. [2. 300]

2015 жылы «Тұран» археологиялық экспедициясы (жетекшісі, профессор М. Елеуов) ортағасырлық Үтіртөбе қаласы су шайып жатқан солтүстік бұрышынан, 2014 жылғы қазылған қазбадан 5 м батыстағы шағын төбешікте зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазба нәтижесінде шағын 6 бөлме мен бір дәліз ашылды. 1 бөлме ғана 2 құрылыс деңгейінің еденіне дейін толығымен ашылды. Бөлме ортасынан тігінен тұрған хұм және оның ішінен толығымен сақталған дастархан табылды. Шамасы хумның беті осы дастарханмен жабылған болуы керек. Себебі хумның ернеуімен тұтқасын

дастархан асытында басылып жатыр.[3, 467 б] міне қазба жұмыстарында дастарханның табылғаны жайлы айтылады.

Керамикалық бұйымдардың басқа түрі-шағын керамикалық үстел-дастархан. Төрт жылдық зерттеу кезеңінде Сортөбе 1 ескерткішінде осындай дастархан түрінің көптеген фрагменттері табылды. Олардың фрагменттері -60 см-ден -300 см-ге дейін және одан төмен деңгейде кездеседі. Сортөбе үшін тән дастархан түрі – дөңгелек ауыр диск-үстелдің үстіңгі тақтайы, ортасында цилиндрлік аяқтары бар. Дастарханның үстіңгі тақтайының диаметрі – шамамен 40-60 см, олардың қалыңдығы – 1,5-2 см, дискілердің жиегінде 4-5 см сыртқы беті тегіс және жылтыр, бұл «жұмыс» бөлігі. Үстелдің үстіңгі беті тамақтануға арналған, ішкі беті – сәндік мақсатта пайдаланылған. Табылған бүтін және фрагменттелген дастархандар гончарлық шеңбер арқылы жасалған. Барлық дастарханның түсі кірпіш-қызыл не-месе ашық сары. Дастархандарды жоғары сапада күйдірген. Ашық күйдірілген фрагменттер де бар. Аяғының биіктігі 10 см-ге дейін жетеді.

Барлық дастархандар негізінен шикі балшықтың үстіне саусақпен сызылған оюлармен сәнделген.Штампталған ою-өрнектер гүл-өрнектермен, үшбұрышты және бадам тәрізді пішіндермен ұсынылған.

Бұндай дастархан түрлері Жанкентте де кеңінен кездеседі. Осындай заттардың ұқсастығын біз Сортөбе қалашығы сияқты географиялық жақын орналасқан ескерткіштен де табамыз, олардың сипаттамасы Сауран дастархандарымен бірдей . Бұдан басқа да ескерткіштерде керамикалық ыдыстардың аналогиялары кездеседі. Дастархандар II-III ғ. пайда болып XII ғ. дейін сақталған. Олар, екі түрге бөлінді, төрт немесе үш аяқтары бар ерте үстелдер, кешірек, бірінші дискілі аяқтарда болды Жанкентте дастарханның ерте түрі табылған, әзірге тек бір ғана данадан, ал Сортөбеде әзірге байқалмайды. Жалпы дастархан Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық қалаларында кең таралған. Олар Отырарда, Таразда, Ақтөбеде, Құланды, Пенджикентте және Орта Азия-ның басқа да қалаларынан табылған. [4, 128 б]

Түскейдегі қабырға түбінде ағаш ыдыс-аяқтар қойылған тікбұрышты төрт табақша, ожау мен аяқ тұр. Ал, батыс қабырға жанынан қызылмен жылтырата сырланған қыш құмыра мен табақтар көрінеді. Сол арада имек сабының ұшы тырнақтың басы сияктанып келген күміс қасық, түбіне сегіз күлтелі гүл суреті салынған күміс кесе, бүйіріне 26 таңбадан тұратын екі жол сөз жазылған оймақтай күміс аяқ жатыр. өліктің бас жағына тағы бір алтынмен қапталған зерен қойылыпты, оның ішінде тырнақ және жыртқыш

құс тұмсығы тәріздес алтын ілгектер, сықырлы бойтұмарлар жатыр. [5, 36 б] Осы деректерге қарап ыдыс аяқ, қазанның болуы тамақ ішу дәстүрінің болғандығына дәлел.

Дастархан сөзінің шығуы туралы біраз қарастырдық. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-Түрік» кітабында дастарханды «тирку» [6. 402 б] деп атап көрсетеді. Ал түріктерде дастарханды софра деп атайды. Суфра – дастархан деген мағына береді. Бұл сөз еліміздің оңтүстік аудандарында қолданылады. Әрі хикметтен де көре аламыз. Әзірет Сұлтан р.ғ. бабамыз Данышпан атамызға «суфра туткил» деп елге дастархан жайып, рухтың асын үлестіруді айтқан. Әулиенің рухани тамағынан нәр алған адамның жүрегі нұрланып Хақты таниды. «Кел, аяқшы, қымыз құй, Кесемізді нұрландыр». («Қожа Хафиз сөзінен»). [7, 125] Ал Қазақ Совет энциклопедиясында «ас ішкенде тағамның тазалығы және жинақтылығы үшін жерге немесе үстел үстіне төсеуге лайықталған жайма дей келе бұл кітапта дастархан атауы о баста парсы тілінен енген. Парсыша дастар сөзі орамал сулық мағынасында қолданылады. Қазақстанның кейбір жерлерінде айтылатын дәс орамал осы сөзбен төркіндес»- деп атап өтеді. [8. 491 б]

Ал енді қазақ лингвомәдениетінің бірқатар іргелі тұжырымдамаларына тоқталайық. Біріншіден, бұл дастархан ұғымы. Этнографиялық термин ретінде 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 4-томында келесідей анықтама берілген: «қазақ менталитеті үшін қонақжайлық пен отбасылық берекені бейнелейтін маңызды дүние, түсіну деңгейі ұлттық мәдениеттің негізгі қағидалары, отбасы басшысының және жалпы материалдық байлықтың отбасыларының беделін, кез-келген қонаққа жомарттықпен қарауға үнемі дайындықты бейнелейді» [9. 512]. Осы анықтамаға сүйене отырып, дастархан сөзінің семантикасы мазмұндық жоспарды құрудағы рөлі бойынша мәртебесі бойынша әртүрлі иерархиялық түрде ұйымдастырылған жиынтық жиынтығы ретінде ұсынылуы мүмкін: дастархан сөзі күрделі мағыналық құрылымға ие, ол «дастархан» ұғымының концептуалды компонентіне енеді. Бұл ұғымның бейнелі-ассоциативті компоненті келесідей бейнеленген: дастархан қазақтардың көзқарасы бойынша қиып өтпейтін қасиетті нәрсемен, бірлескен аспен, дастарханға біреудің қатысуымен танысу, жақындасу, достық, достық қатынасты білдіреді. қарым-қатынастар. Дастарханға шақыру біреумен тығыз, жылы қарым-қатынас орнатуға деген ұмтылысты білдіреді, бай дастархан жомарттық ұғымымен де, үй иесінің, отағасының шын жүректен достық ұғымымен де байланысты. Алайда сөздік анықтамаларының барлығында өте маңызды жайт түсіндірілмеген: дастархан дегеніміз - бұл тек дәмдеу, белгілі бір мақсатта ұйымдастырылған тамақ емес, сонымен қатар бұл өте мұқият,

жайбарақат қарым-қатынасты білдіреді. Сөздің терең мағынасы мен «дастархан» ұғымын «қонақжайлық» және «сөз» түсініктерімен байланыстыру арқылы ғана түсінуге болады.

Сонымен, қонақжайлылық құрамдас бөліктерді қамтиды, олардың



бастысы дастархан. Дастархан «адам және қоғам», «ұрпақ», «отбасылық бақыттың негізі ретінде құнарлылық» және т.б. сияқты негізгі мәдени тұрақтылықтарға негізделген. [10. 156-159]

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде 24 мыңнан астам жәдігерлер сақтаулы. Осы жәдігерлер асында ерекше дастархан сақтаулы. Аталуы тоқыма дастарқан. КК №4089 номерлі. Көлем 196 х 92,5 дастарқан мақтадан тоқылған. Музей қорына 2016 жылы 31 наурызда Түркістан қаласының

тұрғыны Абдулхалил Мамадашим әкеліп өткізген. Тіктөртбұрыш пішінді, қоңыр, қара, сарғыш, қызыл, сұр жіптерді пайдаланып қолдан тоқылған. Дастарханды ені 18,5 см болатын 5 бөлшектен біріктіріліп тігілген. Әр бөлшектің арасын жалғағанда сары, жасыл, көк, ақ, қызыл, жіптерді пайдаланған. Екі шеті сұр матамен тігілген. Дастархан ХХ ғасырдың басына жатады. Негізінен дастархан ол заманда тоқлып жасалуы әбден мүмкін. Қазақтың қай затын алмасақ та тоқылып жасалған. Дастарқанда ала құрт жүргізіп өректеген.

Дастарқан – қасиет, дастарқан – кие, дастарқан – ұлттың болмысы. Дастарқан – қазақта қанша салт болса, сонша құндылықтың қайнар бастауы. Үлкендер ас үстінде отырып-ақ небір дәстүрлерді дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпақтың санасына сіңіре білген. Жалпы алғанда, қазақтың **дастарханы** – киелі дүние. Бұл тек жайылған шүберек немесе оған қойған ас-ауқат қана емес, бұл – адамның пейілі, ішкі жан-дүниесі, мейірім-шапағаты. Дастархан басында айтылған әңгіме дәмді, өнегелі, ал шешілген мәселе мен жасалған мәміле дәйекті болуға тиіс. Қазақтың бұрын-соңды бар мәселені **дастархан** басында шешуі де **дастархан** үстінің киелі екендігіне дәлел болады.

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011. 610 б
2. IV «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты халықаралық конференция. М.Тұяқбаев, Ұ.Күмісбаева. Т. 2012 300 б
3. "Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері" V халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қ.Арынов 2016 ж. 467 б
4. «Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация үдерісіндегі маңызы»атты халықаралық далалық семинар материалдары. А 2021 ж. 128 б
5. Қазақстан тарихы. Очерктер. А 1994 ж. 36 б.
6. М.Қашқари «Диуани лұғат ат-Түрік» А 2005 ж. 402 б
7. Қазақ Совет Энциклопедиясы 3 Т., А 1979 ж. 491 б
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі А 1998 ж. 4-том 512 б
9. Оналбаева А.Т., Жанузакова К.Т ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «ДАСТАРХАН» // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 2-1. – С. 156-159
- 10.«Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты халықаралық конференция. Ұ.Жүнісбаев «Ладуни ғылым» Т. 2008 ж. 125 б

*Абдурахитов Ерқожа,
Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық – музейінің ғылыми қызметкері*

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ РУХ» МӘСЕЛЕСІ

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Тәуелсіздік - халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік - алты алаштың баға жетпес алтын қазынасы. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 30 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» - деп, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды [1, 786.].

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстан туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп, байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды етпей! [2, 656.].

Бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері - Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан мен Қырғызстан және дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашылған жалпы саны 250 млннан асатын 30-дан астам түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың ұлы бабасы ер түрік аталарымыз болатын. «Түрік» сөзінің бір мағынасын әйгілі түрколог, академик А.Н.Кононов «берік», яғни, «бірігу», «бірлік» сөзінен шығарады. Ендеше, түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке – бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыру қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихымыз бізді осыған шақырады. Ұлы Түркі елі – ол біздің ортақ бабаларымыз бен

батырларымыз, рухани байлықтарымыз ортақ арғы Отанымыз. Ол біздің бірлескен ұлы мұрамыз. Біздің бірінші кезекте, орыс халқымен жүздеген жылдарға созылатын бірлескен тарихи жолымыз бар. Тәуелсіздік жылдары ішінде біз Еуропалық Одақ, Америка, Ислам әлемі елдерімен тарихымыздың бірлескен парақтарына ие болдық. Қазақстан әрқашанда өз көршілерімен арадағы достықты және сенімді көздің қарашығындай сақтап, одан әрі дамыта береді, әлемнің бүкіл елдерімен ізгілікті қарым – қатынастар орнатады. Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы дала, ал біздерді - Ұлы дала ұрпағы деп атады. Оны сонау ерте замандардан бері туған жерге деген халықтық махаббатты домбыраның, қобыз бен жетігеннің жүректі арбайтын әуеніне айналдыра отырып ақындар жырға қосты. Осынау кең - байтақ Ұлы даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Бұл – біздің тағдырымыз!

Ата дәстүрімізден ауытқып, үрдісімізді ұмытып, салт – санамыз бен дінімізді талақ етіп, мәңгүрттікке мәз болып, барымызды ұқсата алмай, қағида – кәдемізден айырылып, тіліміз бен діл сенімін аяқ асты етіп, дүбәра боп құрдымға құлап кетуге шақ қалған тұстарда жол тапқан, елім деп еңіреген ер – азаматтарымыз қарға тамырымыз бен қарым – қатынасымызды, босағамыз бен болашағымызды сақтап қалуға тырысқан. Егемендігімізді қадірлейміз десек, өміршең ұлттық мүдде мен болмысымызды, аймақтық қажеттікті көзден таса етпейміз десек, халқымыздың басына орасан зобалаң әкелген қателіктен тағылым аламыз десек, түркі жұртының ынтымақтастығына ұмтылып, өз ұлтын, тілін, мәдениетін, рухани байлығын, өткені мен тарихын бәрінен жоғары қойып, ел болып еңсе көтеріп, өркендеуіміздің кепілі болар саясат ұстаналық. Халқымызға сағындырып, зарықтырып, аңсатып әзер жеткен тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Аталарымыздың «егемен болмай, ел болмас» деп айтқанындай, азаттық – біздің басты құндылығымыз. Еліміздің бағына берген тәуелсіздікті нығайтудың маңызы жайында Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Әрбір ел өзінің тәуелсіздігі мен бостандығын ең басты байлығы деп есептейді. Халық үшін Отанның азаттығынан қымбат ештеңе жоқ. Аңсап күткен азаттық біздің ұрпақтың еншісіне бұйырды. Бұл бір жағынан өлшеусіз бақыт, екінші жағынан өте үлкен жауапкершілік. Өйткені, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап қалу әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық.

Қазақ халқының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай өз сөзінде: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп

дамиды, жеміс береді. Тәуелсіздік – өткенге тағзым, ертеңге тағылым. Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізе алады. Және оны қорғап қала алады. «Еркіндік қайда болса – елдік сонда» дейді халық даналығы. Атамекенді сүйу – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет ету керек болса, жанпида қылуға дайын тұру болып табылады. Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп, ұлт болашағын ұлттық мектепте, ұлттық рухта тәрбиелеу керектігін көрсеткен. Адам баласының имандылығы мығым болса, ол ешқашан салт – дәстүрін сатпайды, тілін тежеп боямаламайды, рухын аласартпайды. Бұл жерде имандылық дегеннің өзі – адамгершіліктің биік белесі [3, 78б.].

Бүгінгі жас ұрпақ – кемел болашағымыздың кепілі. Олар өзіміздің қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, зерде деңгейі жоғары, білімді де білікті, жаһандану заманына сай болуы шарт. Меніңше, бүгінгі ХХІ ғасырда қазақ даласында еркін өмір сүріп жатқан жас ұрпақ, ерлік пен елдік қасиетінің рухани негізін елінің салт - дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, мақал – мәтелдерінен, лиро – эпостық жырларынан, шешендік сөздерінен, ең бастысы тарихынан алары ақиқат. Арғысы Күлтегін, Тонкөктен бастап, бергісі Б.Момышұлы, Ж.Тәшенов, Д.Қонаев т.б осылар секілді талай тау тұлғалардың әрбір сөзіне үңілсек, үлкен мән, үлкен өнеге, тұтас тәрбие жатыр. Осылардың өмірін, жүріп өткен жолын, ұлағатты сөздерін бүгінгі жастардың санасына сіңіре білсек, бұл жастарды ұлтжанды етіп тәрбиелеудегі ең тиімді жол болары сөзсіз. Өзінің тарихын, тілін, ұлтын сүйетін адам әмәнді ұлтшыл болады. Ал ұлтшыл болу дегеніміз шовинистік емес, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев сөзімен айтқанда «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесіп», «Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс».

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға Отан, Ұлт түсінігі келеді. Халқымыздың даңқты батыры Б.Момышұлының «Бұрындары жасаған ерліктерді сыйламай, қадірлемей тұрып, жаңа ерлікке шақыру бекершілік» дегеніндей, жас ұрпақты алдымен ата баба дәстүрі бойынша ерлікке тәрбиелеп, олардың намыс, парыз, ұлттық рух, жауапкершілік секілді сезімдерін дамыту керек. Міне, сонда ғана тарихи тұлғаларымыздың өмір жолы, өнегесі арқылы тәрбиеленген ұрпақтан болашақта тағы да тарихи тұлғалардың шығары сөзсіз. Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш – қуат пен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау деген сөз. Туған жеріне, ана тіліне, елдің әдет – ғұрпы мен дәстүріне құрмет көрсету ертеден қалыптасқан патриоттық элемент. Патриоттық

тәрбие – өміршең бүгінгі жаһандану заманында әр мемлекет алдында тұрған басты мәселе. Ел болашағы бүгінгі ұрпақтың Отаншылдық рухына байланысты. Өз Отанын сүю, Конституциялық құқықтарды білу, азаматтардың еркін өмір сүруін қамтамасыз ету қай елдің болсын мақсаты. Оған қол жеткізу үшін келесі мақсат – міндеттерді жүзеге асыру керек: «Отан», «Туған ел», «Елтаңба», «Ту», «Әнұран», «парыз» туралы түсініктерге деген құндылық қатынасты қалыптастыру. Конституция мен құқықтық жауапкершілікті сақтау, Отанына адал болу рухында тәрбиелеу. Әділдік пен қайсарлық, тәртіптілік пен игі бастамшылық, ұлтаралық достық пен татулықты құрметтей білуге баулу. Ұлттық патриотизм – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан – ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын адам бойына сіңіру. Қазақстандық патриотизм – Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл перзенті, нағыз жанашыр азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. «Қазақ патриотизмінің мына жеті қағидасын» әрбір Қазақстан азаматы білуі керек.

Қазақ патриотизмінің жеті қағидасы:

1. Сен Ер Түрік елінің ұрпағысың. Ұлы Дала өркениетінің мақтанышысың. Соны асқақтатып құрметтей біл.
2. Ер Түрік тарихын, мәдениетін, әдебиетін өте жетік меңгер, санаңа сіңір.
3. Қазақстанға, қазақ халқына өзіңнің барлық жігеріңді жұмса, ол үшін құдай берген талантыңды, еңбегіңді аяма.
4. Өз еліңнің әдет – ғұрпын, дінін сақта, ол сенің руханиятың, басқа ұлтқа жұтылып кетпеудің берік кепілі. Балаңды алдымен тек ана тілінде оқыт, содан кейін барып өзге тілге баулы.
5. Сенің бай тілің, бай жерің бар. Бұларды қасық қаның қалғанша қорғау – сенің қасиетті борышың.
6. Қазақ мүддесін ру, жүз, жершілдік сияқты мүдделердің бәрінен жоғары қой, сен ұлтыңа қажетсің, ұлтың саған қажет.
7. Қазақ елін шамаң келгенше дүниежүзіне ғылым, өнер, спорт салаларында асқақтат. Бұл мылтықсыз майданда жаһандасу кезінде баға жетпейтін жетістік.

Ежелден еркіндік аңсаған ата – баба арманы шындыққа айналды. Қара қазан сары бала қамы үшін елі мен жерін жаудан қорғаған бабаларымыздың соңғы екі ғасыр ішіндегі екі жүзден астам ұлт – азаттық көтерілістерге шыққаны осының дәлелі. Бұл туралы Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының I съезінде сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіздіктің қыран қанат көк туын әлемнің әр түкпірінде жүрсендер де, шырқау биікте ұстап өтулерің парыз. Қанмен жазылған,

арманмен әріптелген, күреспен көмкерілген, болашақпен баянын табар тәуелсіздік шежіресін сендердің қуатты қолдарыңа табыстамақпыз. Бұл – ұлы сенім. Бұл – үлкен аманат! Бұл – туған жердің мәртебесі, мерейі!», - деп атап көрсетті. Н.Ә.Назарбаевтың «Патриот болу – Қазақстан мемлекетін өз жүрегінде сақтау» деген сөздері терең ой салады [4, 42б.].

ТҮЙІН. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік - біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Тәуелсіздік - ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Ұлттық тәуелсіздігімізді тұғырлы ету – барша ел азаматтарының қасиетті парызы екендігін ұмытпауымыз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. - Алматы: Раритет, 2010 жыл. - 448 б.
2. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. - Алматы: Атамұра, 2006. - 392 б.
3. Бизақов С. «Түбі бір түркілер». Өңд. 2 – бас. – Алматы, 2013. – 288 бет
4. «Қазақ тарихы» республикалық ғылыми – әдістемелік журнал №9 (156), қараша 2017 жыл